

Т.Н.Ермекова, Н.Ә.Ильясова, Г.Б.Тоқтыбаева

Қазақ тілі



Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған



ӘОЖ 373 167.1
КБЖ 81.2 Каз-922
Е 69

Оқулықта қолданылған шартты белгілер

-  **Оқылым.** Ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтін жанры мен негізгі мәселені айқында.
-  **Тыңдалым және айтылым.** Оқулық соңында берілген мәтіндерді немесе сілтеме бойынша ғаламтор материалдарын тыңдап, оны жеткізуге, ой қорытындысын жасауға дағдылан.
-  **Ойтүрткі.** Оқылым айдарында берілген мәселеге қатысты өзіңнің білім қорың мен ойлау жүйіріктіңді көрсет.
-  **Жазылым.** Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойыңды жазбаша сауатты жеткізуге тырыс.
-  **Әдеби тіл нормалары.** Тілдік, грамматикалық ақпараттармен, ереже, анықтамалармен танысып, оны дұрыс қолдануды үйрен.
-  **Сұхбат.** Түрлі тақырыпта сұрақ-жауап түрінде тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы пікірлесу мәдениетіңді қалыптастыр.
-  **Ғибратты сөз.** Тағылымы мол даналық сөздерден тәлім ал.
-  **Артық болмас білгенің.** Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжиегіңді кеңітеді.
-  **Ізденімдік тапсырма.** Шығармашылық сипаттағы ақпараттық деректерді іздеп тауып, зерттеу жүргіз.
-  **Деңгейлік тапсырма.** Қарапайым деңгейден бастап, ізденімдік, шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды орында.
-  **Жағдаяттық тапсырма.** Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдылан. Шығармашылығың мен белсенділігіңді арттыруға ұмтыл.
-  **Үй тапсырмасы.** Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетіңше ізденіп, тапсырманы орындауға тырыс.

Е 69 Ермекова Т.Н. ж.б.
Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Ильясова Н.Ә., Тоқтыбаева Г.Б. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 бет.

ISBN 978-601-318-016-8

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373 167.1
КБЖ 81.2 Каз-922

ISBN 978-601-318-016-8

© Ермекова Т.Н.,
Ильясова Н.Ә.,
Тоқтыбаева Г.Б., 2017
© «Арман-ПВ» баспасы, 2017

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды

Алғы сөз

Қымбатты оқушы!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!» Қазақ тілінің құдіреті туралы айтылған осы сөздердің мәні туралы терең ойланып көрдің бе?

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі – Ту, Өнұран, Елтаңба секілді елдігіміздің басты нышандарының бірі. Сондықтан оны білу және жетілдіру – ел азаматтарының басты парыздарының бірі.

Қолыңдағы оқулық қазақ тілінің заңдылықтарын білумен қатар, күнделікті тұрмыста, қоғамдық ортада бай да шұрайлы ана тілін еркін қолдану, жалпы дүниетанымды кеңейту мақсатын көздейді. Өйткені тіл – тек белгілі бір грамматикалық заңдылықтарға сүйенген, адамдар арасындағы пікір алмасу құралы ғана емес, халықтың өткені мен бүгіні, танымы мен тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, қоғам мен жеке тұлға мәселелерімен тығыз байланыстағы орасан зор ақпараттық қор. Оған көз жеткізу үшін осы оқулықтың мазмұнына назар аударып көрші! Тек ауа райын болжауда халықтың бай тәжірибесінен қалыптасқан қаншама сөз бар? Көшпенділер мәдениетінің мұрагері боп саналатын халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесі қандай? Достықты қалай бағалау керек? Денсаулығыңды күтіп, дұрыс тамақтана білесің бе? Әлем халықтары мен қазақ халқының музыка өнерінің, опера мен қазақтың киелі домбырасының құдіретін сезіне білесің бе? Ғаламтор мен әлеуметтік желілердің пайдасы мен зиянын ажырата аласың ба? Бірлігі жарасқан еліміздегі ұлттар достығын қалай бағалау керек? Осынау бейбіт заманға жеткізген ата-бабалар ерлігіне тағзым ету парызын қаншалықты өтеп жүрміз? Осы сияқты маңызды мәселелердің жауабын ана тілінің заңдылықтарын игере отырып іздейсің, табасың.

Ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқулықтағы мәтіндерді, тыңдалым материалдарын зер сала тыңдап, тапсырмаларды мұқият орындауға тырыс. Өзге пәндерден алған біліміңді осы пәнмен сабақтастыра біл. Өз ойыңды ауызша да, жазбаша да көркем де сауатты жеткізуге тырыс. Сонда ғана тіл байлығы жөнінен әлем тілдерінің арасында үшінші орында тұрған қазақ тілінің құдіретін сезіне аласың, рухани тұрғыда байи түсесің.

Ендеше, ана тілі әлеміне қош келдің, жас ұлан!

I АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

§1. Тұманның пайда болуы



Оқылым

1. Мәтінді оқындар, сұрақтарға жауап бере отырып, ой бөлісіндер.

Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет

Тұман деген әдетте қыстыгүні келетін мылқау мейман ғой. Тұман түсіп, дүние аппақ сүт дариясына шомылып мүлгіп тұрғандай, жер бетіндегі заттың бәрі буылдыр арасынан көмескі, күңгірт көрініп, көңілді бір белгісіз үрей сезімдер билеген шақты Кириск бұрын тіпті ұнататын да...

Ал қазір буырқанған теңіз үстінде біресе жазылып, біресе жиырылып, ирелеңдеп жөңкіген тұман айдаһардың жер бауырлап жылжығанын еске салғандай еді... Күллі әлемді қамтып алған мына сіреспе бозғылт тұманда қайда, неге жүзіп бара жатқаны белгісіз... Әл-қуат кетіп қалжыраған жандарды енді еріксіз енжарлық билеп, мына көр тұман тұтқынында қайығы қақпайлаусыз қалтылдап, тағдыр құрығына тырп етпей мойынсұнған шақ... Көр тұман адамды езгілей түсіп, еріктен айырып, мең-зең халде қалдырған...

(Шыңғыс Айтматов)



Ойтүрткі

1. Автор қыстыгүні түсетін тұманның қандай ерекшеліктерін көрсеткен? Неліктен тұманды «мылқау мейман» деп атаған?
2. Тұманды күнгі өз көңіл күйлеріңді сипаттаңдар.



Әдеби тіл нормалары

Үндестік заңы. Буын үндестігі

Сөз бен сөз, сөз бен қосымша арасындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп үндесуі **үндестік заңы** деп аталады. Үндестік заңын екіге бөліп қараймыз: 1) буын үндестігі; 2) дыбыс үндестігі.

Сөз әуенінің (сөздің соңғы буынының) жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың не бірыңғай жуан, не жіңішке түрде жалғануын **буын үндестігі** дейді. Жуан әуезді сөздерге қосымшалардың жалғануы: *дос-тар-ымыз-дың, ауыл-дар-ға*, т.б. Жіңішке әуезді сөздерге қосымшалардың жалғануы: *кісі-лер-іміз-дің, еңбек-ші-лер-ді*, т.б.

Қазақ тілінде айтылуда **ерін үндестігі** де байқалады. Мысалы, *орын, өрік, құлын, күлкі* сияқты сөздердің бірінші буынындағы еріндік дауыстылардың (о, ө, ұ, ү) әсерінен екінші буындағы (ы, і) дыбыстары еріндік болып (ұ, ү) айтылады.

Мысалы: *орұн, өрүк, құлұн, күлкү*. Бұл – дұрыс айту нормасына жатады. Сондықтан жазуда есепке алынбайды.

Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар да бар. Олар:

- *-мен, -бен, -пен* көмектес септік жалғауы: *апам-мен, қыз-бен, жас-пен*, т.б.
- *-қор* жұрнағы: *еңбек-қор*, т.б.
- *-паз* жұрнағы: *өнер-паз*, т.б.
- *-қой* жұрнағы: *өзіл-қой*, т.б.
- *-нікі (-дікі, -тікі)* жұрнағы: *Жамбыл-дікі*, т.б.
- *-тай, -тал, -еке* жұрнақтары: *Ер-тай, өсім-тал, бас-еке*, т.б.
- *-кер, -гер* жұрнақтары: *борышкер, мұра-гер*, т.б.
- *-хана* жұрнағы: *ем-хана*, т.б.
- *-күнем* жұрнағы: *пайда-күнем*, т.б.
- *-ов, -ев, -ева, -ова, -ин, -ист, -изм*. *Сәбитов, Балғабаева, Салғарин, машинист*, т.б.

Бірнеше түбірден біріккен сөздерде, өзге тілден енген кірме сөздерде аралас буындар кездесуі мүмкін. Мысалы: *Екібастұз, Көкшетау, мейірбан, геолог*, т.б.

2. Оқылым мәтіндегі буын үндестігі заңдылықтарын көрсетіп, дәптерге жазыңдар.

Үлгі:

Жуан буынды сөздер	Жіңішке буынды сөздер	Аралас буынды сөздер
<i>дариясына, ...</i>	<i>бетіндегі, ...</i>	<i>қыстыгүні, ...</i>

3. Сөйлемдерден ерін үндестігіне сай айтылатын сөздерді тауып, орфоэпиясы бойынша жазыңдар.

Үлгі: жүзіне – жүзүне...

Күн қатты ысыған кезде су буланады. Көк жүзіне судың көзге көрінбес буы жеңіл ауамен жоғары көтеріледі. Күн салқындағанда ауаның Жер бетіне жақын орналасқан ең төменгі қабатындағы бу бұрынғы мөлшерін ұстай алмай өте майда, ылғал түйіршіктеріне айналады. Содан тұман буы пайда болады.



Тыңдалым және айтылым (1)

4. Тұманға берілген ғылыми анықтамамен танысыңдар. Оқылым материалымен ортақ ойды табыңдар. Ой бөлісіңдер.



Үй тапсырмасы

5. Сөйлемді аяқтап, 3 сөйлеммен ойларыңды толықтырып жазыңдар.

Көк тұман көтерілген кезде...

§2. Желдің пайда болуы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Жел қайдан соғады?

– Ақтелпек, сен бір сәт біздің қала сыртындағы орман алаңқайында жүргенімізді елестетші. Екеуіміз лаулап жанған оттың жанында, құраған бұтақтардың сытырлап жалынға оранғанына қарап отырмыз. От ұшқындары неге аспанға ұшады екен?

– Себебі олар солай ұшуға жаралған шығар.

– Ал құраған жапырақтар ше, бозарған күл ше? Олар да жалын тілінің ұшынан көтеріле қалықтайды ғой. Олар да ұшу үшін жаралған ба? Оларды біреу ұшырып тұратын шығар? Сонда ол кім болды екен? Көне, отқа жөндеп қарайықшы. От лаулап жанған кезде оның үстінен ыстық ауаның қалай бұлдырап көтерілгенін байқауға болады. Міне, от ұшқындарын, күл мен құраған жапырақтарды жоғары көтеретін де осы ыстық ауа.

– Білгір ата, ондай ауаны мен де көргенмін. Асфальт үстінен бұлдырай көрініп жатты.

– Себебі күн асфальтты қыздырады, асфальт ауаны қыздырады. Ал жылы ауа салқын ауаға қарағанда жеңіл. Сондықтан жылы ауа жоғары көтерілгенде бұлдыраған әсер береді. Көтерілген жылы ауа орнына сол сәтте-ақ көлеңкелі жердің салқын да салмақты ауасы ағындап жетіп келеді. Жер бетінің ауасы қызған сайын жеңілдей береді. Сөйтіп, жылы ауаның ағысы шырқау биікке көтеріледі. Мұндай кезде басқа бір өңір салқын болып тұрады. Ол өңір суық болған сайын ауасы да ауырлау келеді. Сол себепті салқын ауа өзінен-өзі жылы жаққа қарай ағындап жылжиды. Осындай сәтте жел тұрады.

Кәдімгі Күн бар емес пе? Күн Жер бетін бірдей немесе бір мезетте қыздыра бермейді. Бір жер жылы болса, келесі бір жер салқын болып тұрады. Жер бетінде бірдей температура болса, еш уақытта жел соқпас еді. Көк жүзіндегі бұлттар бір орында тапжылмай тұрып алып, Жер беті шөлге айналып, қалалардың үстін көк түтін басар еді.

(«Негеш» балалар энциклопедиясынан)



Ойтүрткі

1. Жел дегеніміз не?
2. Желдің қандай түрлерін білесіңдер?
3. Желдің соғуына жер бетіндегі температураның қаншалықты әсері болуы мүмкін?



Деңгейлік тапсырма

2. Топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Мәтіннен буын үндестігіне мысалдар келтіріңдер.
 - 2-деңгей. Тақырып туралы диалог жазыңдар.
 - 3-деңгей. Желге сипаттама беріңдер.



Әдеби тіл нормалары



Дыбыс үндестігі

Түбір мен қосымшаның жігіндегі және сөз аралығындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етуін **дыбыс үндестігі (ассимиляция)** дейді. Қазақ тілінде дыбыс үндестігінің үш түрі бар: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.

Ілгерінді ықпал заңдылықтары:

- сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстардың бірі болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы не үнді, не ұяң болады. Мысалы: *бала-лар* (бала-тар, бала-дар емес), *қыз-дар* (қыз-тар, қыз-лар емес);
- сөздің соңғы дыбысы қатаң не *б, в, г, д* дыбыстарының біріне аяқталса, оған қатаң дыбыстан басталатын қосымша жалғанады. Мысалы: *ат-пен* (ат-бен, ат-мен емес), *ғарыш-қа*, (ғарыш-ға емес), *тренинг-ке* (тренинг-ге емес).

Кейінді ықпал заңдылықтары:

- сөздің соңғы дыбысы қатаң *п, қ, к* дыбыстарына аяқталып, жалғанатын қосымша дауыстыдан басталса, олар ұяң сыңарларына (п-б, к-г, қ-ғ) айналады. Мысалы, *дол – доб+ы, аяқ – аяғ+ы, күрек – күрег+і, тап – таб+у*.

Қатар тұрған екі дыбыстың бір-біріне бірдей ықпал етуін **тоғыспалы ықпал** дейміз. Мысалы: *қақпан құру (қақпаң ғұру), жасырын хат (жасырың ғат), мен қазақпын (мең ғазақпын), Шайтанкөл (Шайтаңкөл)*.

3. Оқылым мәтінінен ілгерінді ықпалға мысалдар тауып, кестеге жазыңдар.

Ілгерінді ықпал заңдылықтары	Мысалдар
Дауысты немесе үнді <i>р, у, й</i> дыбыстарына аяқталған сөздер	<i>Қала+лар, ...</i>
Ұяң <i>з, ж</i> немесе үнді <i>л, м, н, ң</i> дыбыстарына аяқталған сөздер	<i>Біз+дің, ...</i>
Қатаң дыбыстарға аяқталған сөздер	<i>Сәт+те, ...</i>



Үй тапсырмасы

4. Желдің түрлеріне тізбектелген карта жасаңдар. Дыбыс үндестігінің орфографиялық нормасын көрсетіңдер.

§3. Бұлт. Жаңбыр



Оқылым

1. Мәтінді оқып, қандай стильде жазылғанын талқылаңдар.

Ертегі

Бірде көк жүзінде сайран құрған Күн шаршап, алтын маңдайының терін сүртеді де, былай дейді:

– Уһ, неткен ыстық еді?! Шөлдеп кеттім ғой! Су! Су ішкім келеді!

– Жарқырауық, сенің су ішкің келеді ғой? Қазір сусыныңды қандырамыз. Тек сен теңіздер мен мұхиттарды қаттырақ қыздыр. Сол кезде олардың суы буланып, жеңіл ауамен жоғары көтеріледі. Мұндайда мен де қарап отырмай, көмекке келермін, – дейді Жел.

Мұнан әрі Күн іске қызу кірісіп, теңіздер мен мұхиттарды қыздыра бастайды. Кешікпей-ақ көк жүзінде судың көзге көрінбес ұсақ түйіршіктері көтеріледі. Олар шырқау биікке көтерілген соң, тұман буына айналады. Сөйтіп, орман-тоғайдың үстін бұлт болып жабады. Жел мен Күн көк жүзіне қазбауыр бұлттарды қаптату үшін ұзақ еңбектенеді. Күн бар қызуын шашып, Жел құтырына соғып, жер бетінің шаңын ұйытқытады.

Ал мың сан бу түйіршіктеріне де керегі – сол. Жел көтерген бу түйіршіктері бір-бірімен қолдасып, біріне-бірі мінгесіп, кете барады. Кейбір түйіршіктер: «Мені де қалдырмаңдар, қыдырғым келеді!» – деп айғайлап, біріге береді. Ақыры біріне-бірі қосыла үлкен тамшыға айналады да, бұлттан үзіліп түсіп, жерге қарай зулай жөнеледі. Оның соңынан дәл сондай миллион тамшы құлдырай құйылады. Бәрі қосылып, нөсер жаңбырға айналады.

(«Негеш» балалар энциклопедиясынан)



Деңгейлік тапсырма

2. Топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмаларды орындаудан жарыс ұйымдастырыңдар.
 - 1-деңгей. Мәтіндегі бес сөзге көптік жалғауын жалғаңдар.
 - 2-деңгей. Тәуелдік жалғауларын пайдаланып, тақырып туралы 3 сөйлем жазыңдар.
 - 3-деңгей. Жаңбырға сипаттама беріңдер.



Тыңдалым және айтылым (2)

3. Өлеңді тыңдап, ақын бейнелеген бұлттардың сипатын анықтаңдар. Қайсысы шынайы өмірге сәйкес, қайсысы ақын қиялынан туындаған суреттеу екенін ажыратыңдар.



Әдеби тіл нормалары



Көптік және тәуелдік жалғаулары

Қазақ тілінде төрт жалғау бар. Олар: көптік, септік, тәуелдік және жіктік.

Заттың көп екенін және сол заттың көпке ортақ екенін білдіру үшін заттың атын білдіретін сөздерге **көптік жалғау** жалғаймыз. Көптік жалғауы дыбыс үндестігіне қарай алты нұсқада қолданылады: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* (*бала-лар, үй-лер, адам-дар, көл-дер, кітап-тар, шөп-тер*).

Заттың біреуге не бір нәрсеге тәуелді, меншікті екенін білдіру үшін сөзге **тәуелдік жалғауын** жалғаймыз. Мысалы, *Мен киім тазаладым* дегенде, кімнің киімін тазалағаны белгісіз. *Мен киімімді тазаладым* десек, *-ім* тәуелдік жалғауы киімнің менікі, маған (I жаққа) тиесілі екені туралы ақпарат береді. *Сенің киіміңді тазаладым* дегенде, киімнің екінші жақтағы адамға тәуелді екені туралы хабар аламыз. *Оның киімін тазаладым* дегенде, киімнің үшінші жақтағы адамға тәуелді екенін білеміз.

Тәуелдік жалғау заттың бір ғана адамға тәуелді екенін немесе бірнеше адамға тәуелді екенін білдіру үшін де қолданылады. *Менің кітабым* дегенде кітап бір ғана адамға, *біздің кітабымыз* дегенде кітаптың бірнеше адамға тиісті екенін білеміз. Ендеше, бір немесе бірнеше заттың бір ғана кісіге тән екенін білдіретін тәуелдік жалғаулы сөздерді **оңаша тәуелдеу** дейміз. Ал бір не бірнеше заттың бірнеше кісіге тән екенін білдіретін тәуелдік жалғаулы сөздерді **ортақ тәуелдеу** дейміз. Заттар адамға, өсімдікке, жан-жануарға, мекемелерге, ұйымдарға, мемлекетке, халыққа, ұлтқа, т.б. тәуелдене береді.

Тәуелдік жалғаулы сөз ілік септік жалғаулы сөзбен байланысып тұрады. Мысалы: *қазақтың жері, кітаптың беті, ағаштың жапырағы, сиырдың сүті*. Ілік жалғауы кейде түсіп қалып та айтылады. Мысалы: *қазақтың жері – қазақ жері*.

Кейде ілік септік жалғаулы сөз айтылмай, тәуелдік жалғаулы сөздің өзі ғана айтылады. Мысалы: *өлеңіңді оқыдым, талабың жақсы екен*.

Біздің, сіздің есімдіктеріне тіркелген сөздің тәуелдік жалғауы кейде түсіріліп айтылады. Мысалы: *біздің ауылымыз – біздің ауыл; сіздің ауылыңыз – сіздің ауыл*.

4. Үлгіні негізге алып, мәтіндерден тәуелдік жалғаулы сөздердің үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормасын анықтап жазыңдар.

Үлгі:

Маңдайы – жуан әуезбен айтылған, соңғы дыбысы үнді дауыссыз дыбысына аяқталған сөз, оған III жақ тәуелдік жалғауының жуан түрі жалғанған.



Үй тапсырмасы

5. «Қолшатыр» сөзін оңаша және ортақ түрде тәуелдендер. Осы сөзді қатыстырып, шағын сұхбат жазыңдар.

§4. Боран



Оқылым

1. Мәтінді оқыңдар. Боранға сипаттама беріңдер.

Қоспанның бетін шымырлатып, аяз қарып өтті. Теріскейден ызғар лебі келе жатыр. Бішқына соққан зәрлі жел ауаны осып-осып жіберді де, ішін тартып тына қалды. Тыныш жатқан малдың ұйқысы бұзылып, өре тұрды. Қоспанның да көңілі мұздап қоя берді. Бұрқыраған қарлы боран қаптап келеді. Желдің тығыны қайтадан ағытылып кеткендей, қалындап жауған жапалақ қарды түтіп ала жөнелді... Жел қатая түсті. Алды өр сияқты. Аумағы көрінбейді. Қойдың алды тоқырап қалып еді, жел жағындағылары ұйлығып кеп, лықсытып итеріп әкетті. Қоспан жер шамасын болжамаққа атына мініп, ілгері жүрді. Еш нәрсені көре алмай, ой-шұңқырды аттың тұяғымен ғана өлшейді. Алды арқан бойы сұрғылт тартып, ар жағы теңселген қара түнекке тіреледі.

(Тахауи Ахтанов «Боран»)



Ойтүрткі

1. Боран дегеніміз не? Боран мен желдің арасында байланыс бар ма?
2. «Боран» сөзінің қыс мезгіліне байланысты қолданылу себебі неде?



Жазылым

2. Оқылым мәтінінде боранды бейнелеуде қолданылған сөздер мен тіркестерді пайдалана отырып, өздерің көрген боранды сипаттап жазыңдар.



Әдеби тіл нормалары

Септік жалғаулары

Септік жалғаулары – зат пен зат, зат пен қимыл арасындағы түрлі қатынастарды білдіріп, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшалар. Қазақ тілінде жеті септік жалғауы бар: **атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес** септіктері.

Сөздің түбір тұлғада немесе басқа негіз тұлғаларда (мысалы, есімшеде) тұрып септелуін **жай септеу**, ал сөздің тәуелденіп барып септелуін **тәуелді септеу** дейміз. Септік жалғаулары сөздің соңғы дыбысы мен буынына сәйкес үндестік заңы бойынша жалғанады. Септеуде сөздің соңғы дыбысының қатаң, ұяң, үнді, дауысты болуына байланысты сәйкесінше қатаң, ұяң, үнді дыбыстан басталатын қосымша жалғанады. Көмектес септік жалғауы буын үндестігіне бағынбай, үнемі жіңішке жалғанады.



Септіктер, сұрақтары		Жай септеу	Тәуелді септеу
А.	Кім? Не?	мектеп, айтқан	бақытым, үйі
І.	Кімнің? Ненің?	мектептің, айтқанның	бақытымның, үйінің
Б.	Кімге? Неге? Қайда?	мектепке, айтқанға	бақытыма, үйіне
Т.	Кімді? Нені?	мектепті, айтқанды	бақытымды, үйін
Ж.	Кімде? Неде? Қайда?	мектепте, айтқанда	бақытымда, үйінде
Ш.	Кімнен? Неден? Қайдан?	мектептен, айтқаннан	бақытымнан, үйінен
К.	Кіммен? Немен? Қалай?	мектеппен, айтқанмен	бақытыммен, үйімен

3. Мәтіндегі септік жалғаулы сөздерді тауып, үндестік заңы бойынша жалғануын түсіндіріңдер.

Қар жамылған далада аяз азынап тұр. Мұхит жағасында ұйытқыған боран бет қаратар емес. Соққан боранға қарсы қараса, көзінен жас парлап, мұрны үсіп қала жаздайды... Бораннан жарық та өшіп қалған. Суыққа сіреу боп, қатып қалған аппақ қар ғана болмаса, дүние түгел қараңғылыққа мүлгіген.

(Ш.Құсайынұлы «Таңдамалы шығармалар жинағы»)

4. Мәтіннен жай және тәуелді септеулі сөздерді тауып, топтастырыңдар. Сөйлемде атқарып тұрған қызметін өзара талқылаңдар.

Халқымыздың ауа райына қатысты танымы тереңде жатыр. Боранды дүлей күшіне, ашуына, бағытына, уақытына, ұзақтығына қарай түрліше атаған. Боранның табиғи ерекшелігін дәл танып, олардың әрқайсысына жеке-жеке ат қоя білген тапқырлығына таңғаласың!

Ауа райына қатысты әртүрлі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұрақты тіркестер, көркем шығармалар да көптеп кездеседі. Ата-бабаларымыздың ауа райына қатысты болжамдары тереңірек зерттелсе, қазақ халқын табиғатпен тілдесе алатын және астрономиялық білімі терең халық ретінде әлемге танытуға болар еді.

(<http://anatili.kazgazeta.kz/?p=26403&cpage=1>)



Үй тапсырмасы

5. Энциклопедиялар мен АКТ материалдарынан ізденіп, боранның тағы қандай түрлері бар екенін толықтырып жазыңдар.

Тіліміздегі боранның түрлерін жинақтай келгенде, боранның түрлі «мінезді» болатынын аңғардық. Олар:

- Ақ боран. Көз ашқысыз, желдете жауған қарлы боран;
- Ақ шұнақ боран...

§5. Қар



Оқылым

1. Мәтінді оқып, қардың соңы табиғаттың қандай дәлей күшіне ұласқалы тұрғанын, автордың бұл құбылысты қалай сипаттағанын анықтаңдар.

Біздің жақта қыс ұзақ

Биыл қыс жұмсақ басталды да, арты толассыз жауған қарға ұласты. Әсіресе жаңа жылдың алдындағы үш күн, үш түнде бас көтертпей жауған қар, сол шаш етектен жауған қарға мелдеген ел мен жер ұлы тыныштықтың құшағына тұншығып, мәңгілікке бой суытқандай жым-жырт... Осынау адамды бойкүйездік пен есінеген ессіздікке жетелер өлі тыныштық – жапалақтап жауған қар тыныштығы аса қызық, жүрек соғысын баяулатар мұң шақырады екен.

Кісі бойы жауған қарды бұзып, шөп әкелетін күш қайда? Өздерінен бір хабар күтіп едім, тіпті бергі Тарбағатай қыстағында отырған жігіттер де, міне, үшінші күн ат ізін салмай отыр. Соған қарағанда, олар да қарға қамалып қалған секілді... Қар бағанағыдай емес, қиғаш ұшып, сабалап жауады. Жел көбеңдеген жұмсақ қарды сыпыра ұшырып, сиыр таңдайлап әдемі сурет салып жатыр. Үйден шығуға қорынған жұрт «не болды екен?» дегендей есіктерін ашып, сығалай қарайды да, лезде жауып ала қояды... Отыз жылды араға салып барып, төпелеп жауған албасты қар, енді, міне, әлдебір жұмбақ та жат үнді сарнап, әлдеқайдан, құбыла жақтан қақпақылдап жеткізе бастады. Қазақтардың «тілсіз жау» деп атар дәлей күші бар әлемнің билігін өз қолына алып, тісін ақсита тау-таудың сай-саласын қуалап, жемтік іздеп бұқпалап жүргендей. Алтайдың аш қасқыры ғажап бір сиқырмен боранға айналып, адамдарға қарап, аранын ашып, атылайын деп тұрғандай аса қорқынышты еді.

(Оралхан Бөкей)



Әдеби тіл нормалары

Жіктік жалғау

Баяндауыш пен бастауышты байланыстырып, қимылдың қай жақ арқылы жүзеге асатынын білдіретін жалғау **жіктік жалғау** деп аталады. Жіктеу, негізінен, етістікке тән. Сонымен қатар адамға қатысты зат есімдер жіктеледі. Жіктелген зат есім сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *мен қазақтың баласы+мын. Сен оқушы+сың.* Ал *қала, дала, бақша, өзен, көл, дәптер, тақта* т.б. зат есімдер жіктелмейді. Тек адамға қатысты зат есімдер ғана жіктеледі. Жіктік жалғауларының үш жағы да буын үндестігі бойынша жуан, жіңішке нұсқада, сонымен қатар I жағы дыбыс үндестігі бойынша сөздің соңғы дыбысына сәйкес қатаң, ұяң, үнді дыбыстардан басталатын нұсқада түрленіп жалғанады.



Жекеше				Көпше			
		Жалғаулары	Мысалы			Жалғаулары	Мысалы
I	Мен	-мын, -мін, (-бын, -бін, -пын, -пін)	адам-мын, қазақ-пын, інісі-мін	I	Біз	-мыз, -міз, (-быз, -біз, -пыз, -піз)	адам-быз, қазақ-пыз, інісі-міз
II	Сен	-сың, -сің	адам-сың, қазақ-сың, інісі-сің	II	Сендер	-сыңдар, -сіңдер	адам-сыңдар, қазақ-сыңдар, інілері-сіңдер
	Сіз	-сыз, -сіз	адам-сыз, қазақ-сыз, інісі-сіз		Сіздер	-сыздар, -сіздер	адам-сыздар, қазақ-сыздар, інілері-сіздер
III	Ол	–	адам, қазақ, інісі	III	Олар	–	адамдар, қазақтар, інілері

2. Қар туралы мәліметтермен танысыңдар. Жалғауларды тауып, талдаңдар. Үндестік заңы бойынша түсіндіріңдер.

Үлгі: Ғалым+дар (к.ж.) жер бет+i+нде (т.ж.З+ж.с.ж.) бір-бір+i+не (т.ж.З+б.с.ж.) ұқсас қар+дың (і.с.ж.) болмайтын+ы+n (т.жЗ+т.с.ж) дәлелдеген (ж.жЗ).

- Қардың 95% -ы ауадан тұратындықтан, оның құлау жылдамдығы өте баяу.
- Антарктида тауларында қызыл, күлгін, сары түсті қарлар кездеседі.
- Қардың сықырын -2°C температурада аяқпен басу арқылы естиміз.
- Жер шарының жартысына жуық елдері қарды өмірінде көрмеген.



Тыңдалым және айтылым (3)

3. Өлеңнің қай шумағында жалғаулар көп екенін айтыңдар және көрсетіңдер. Қай шумағында тәуелдік жалғаулы сөздер жиі қолданылған?



Жазылым

4. Қарды сипаттай отырып, жіктік жалғаулы сөйлемдер құрастырыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Мәтінді жалғастырып, қардың түрлерімен толықтырыңдар.

- Ақша қар. Жаңа жауған ұлпа қар;
- Алақанат қар...

§6. Ауа райына қатысты қазақ халқының танымы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер.

Ауа райы амалдары

Қазақ халқының ауа райын жан-жануарлардың әрекетіне қарап болжауы «амал» деп аталады. Алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязын «Ақырап айы» деп атаған. Ақырап айының бірінші күні қазан айының 14-жұлдызына сәйкес келеді. Сол күні таңсәріден бастап табиғат тамыршылары әр сағатты қатты бақылауға алған. **Сағат сайын күні бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағыты, жылдамдығы, күннің суытуы не жылынуы, жауын-шашын болуы есепке алынған.** Бұл болжамды алты күн бойы кезек-кезек күн-түнді күзеткен есепшілер жүргізген. Алты күнде алты айлық қыраулы қыстың қас-қабағын анықтаған. «Ақыраптың алты күні» осы екен.

Жылы жақтан құстардың ұшып келуіне байланысты наурыз айының соңына қарай жауған қар «құс қанаты» деп аталады.

Келесі ай сәуір «отамалы» деп те аталады. **Осы айдың 14–19-ы аралығында күннің суытуы, жаңбырлатуы – қалыпты жағдай.** Ертеден бұл күнді «Қыдыр қамшысы» деп атаған екен. Сәуір айының 8–9-ы күндері «Қызыл жұмыртқа» салқыны, мамырдың 20–25-і арасында «Құралай салқыны» өтеді.

Қыргүйек айында «Сүмбіленің сууы» жүреді. Сүмбіле жаңбыры өткен жердің көдесі қалың болады. Халқымыз: «Сүмбіле туса – су суыр», – деп те айтқан.

Байқасаңдар, ауа райын жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігімен байланыстыра отырып болжауда қазақ халқынан асқан білгір ұлт жоқ.

(www.inform.kz/.../kazak-esepshileri-kysty-akyraptagy-alty)



Ойтүрткі

1. Халқымыз ауа райы амалдарын қалай анықтаған?
2. Көктем, жаз, қыс мезгілінде болатын ауа райы амалдарының ерешелігі неде?
3. Ауа райы амалдары атауларына байланысты пікір бөлісіңдер.



Тыңдалым және айтылым (4)

2. Жан-жануарлардың әрекетіне қатысты ауа райы болжамдарын өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.



Әдеби тіл нормалары



Шылау туралы түсінік

Шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін көмекші сөздің бір түрі. Белгілері:

- 1) шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды;
- 2) сөйлем ішінде шылау сөйлем мүшесі бола алмайды;
- 3) шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырады;
- 4) толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстейді;
- 5) шылауларға қосымша жалғанбайды, бөлек жазылады.

Мысалы: *мен, бен, пен, және, да, де, та, те, бірақ, үшін, туралы, дейін, шейін, сондықтан, не, немесе, егер, алайда, сайын, гөрі, соң, кейде, -ақ, ғой, ма, ме, т.б.*

Мысалы: *жақсы мен жаман; үйге **дейін** барды; барасың **ба?** мен **де** барамын, т.б.* Алғашқыларында сөз бен сөзді байланыстырса, кейінгілерде қосымша мән үстеп тұр.

3. Оқылым мәтінінен шылауларды табыңдар. Қою қаріппен жазылған сөйлемдерге шылау қосып, қайта түрлендіріп жазыңдар.

Үлгі: Осы айдың 14–19-ы аралығында күннің суытуы мен жаңбырлатуы – қалыпты жағдай.

4. Сөйлемдерге шылаулардың тиістісін қосып, байланыстырып жазыңдар. Шылаулар қатысқан (сондықтан, сол себепті) 2–3 сөйлеммен қорытындылаңдар.

Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады. Күн батарда көкжиек қызыл шапақ шашса, ауа райы жылынады. Ай шалқалап туса, ауа райы жайсыз болады. Күн көзі мұнартып шықса, ыстық көтеріледі. Жаз найзағайлы болса, қыс жұмсақ өтеді. Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болады.



Үй тапсырмасы

5. Шылауларды тауып, түрлерін ажыратыңдар. Жақшаны ашып, шылау мен жалғауды емлесі бойынша бірге не бөлек жазыңдар.

Жылан мезгілін (де) ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады. Ордалы жылан (мен) құрт-құмырсқа топ-тобы (мен) басқа жаққа көше бастаса, табиғаттың тосын апаты болады. Аққу оңтүстікке кеш қайтса, күз ұзақ (та) жайлы болмақ. Мысық босағаны тырналап мазасызданса, ауа райы бұзылады, жел тұрады немесе боран болады. Қаз (бен) үйректер қиқулап, қанаттарын қомдап мазасыздана бастаса, ауа райы бұзылады.

(Сейіт Кенжеахметұлы)

§7. Климаттың өзгеру себептері



Оқылым

1. Мәтінді оқындар, мазмұны бойынша өз пікірлеріңді ортаға салындар.

Жер шарындағы немесе белгілі бір аймақтағы климат жағдайының табиғи өзгеруі ондаған, жүздеген жылдарға, кейде геологиялық дәуір бойына созылады.

Жанартаудың атқылауы, аймақтағы өсімдік жамылғысының дамуы әсерінен атмосфера құрамының өзгеруін «атмосфералық себептерге байланысты климаттық өзгеру» деп атайды. Бұлардың салдарынан Жердің радиациялық балансы күрт көбейеді немесе азаяды, ауа температурасы жоғарылайды не төмендейді. Бұл өзен-көл және мұхит құрамының өзгеруіне әкеп соғады.

Қоршаған ортаға адамның тигізген іс-әрекетінің нәтижесінде, сондай-ақ технология қалдықтары мен радиоактивтік заттардың әсерінен топырақтың ластануы, сөйтіп, жалпы экожүйенің құрамы мен құрылысының бұзылуы әсерінен болған климаттың өзгеруін «геологиялық-геоморфологиялық себептерге байланысты климаттық өзгеру» деп атайды. Бұл құрлықтың жер бедері мен құрлықтар пішіндерінің өзгеруіне әкеп соғады.

Климаттың өзгеруі ғаламдық жылыну үдерісін тудыруда. Ғаламдық жылыну – жер бетіндегі орташа температураның артуы. Соңғы жүз жылда жердің температурасы шамамен 0,6° C-ге артты. Ауаны ластау, өнеркәсіп санының артуы, ормандарды кесу, жанартаулардың атқылауы және Күндегі өзгерістер ғаламдық жылырудың басты себептері болып тұр.

(https://kk.wikipedia.org/wiki/Климат_ауытқыуы)



Тыңдалым және айтылым (5)

2. Ф.Оңғарсынованың өлеңін тыңдап, «Арал: кеше және бүгін» тақырыбында пікірлесіндер.



Әдеби тіл нормалары

Шылаулардың үндестік заңына сай тіркесуі

Кейбір шылаулар толық мағыналы сөзге жалғаулар сияқты үндестік заңына сәйкес тіркеседі. Мысалы, *да, де, та, те* шылауы буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалына сәйкес; *мен, бен, пен* шылауы дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалына сәйкес тіркеседі.

Сөз дауысты немесе үнді дыбыстарға аяқталса	мен, да/де
Сөз ұяң дыбыстарға аяқталса	бен, да/де
Сөз қатаң және ұяң б, в, г, д дыбыстарына аяқталса	пен, та/те



Мен, бен, пен шылауы көмектес септік жалғауымен сырт тұлғасы жағынан ұқсас, алайда жазуда және мағыналық айырмашылығы бар. Көмектес септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Мысалы, *Жақсымен жолдас бол* деген сөйлемді *Жақсы жолдас бол* деп айтсақ, басқа мағына береді. Ал шылауды түсіріп айта аламыз. Мысалы, *жақсы мен жаман* дегенді *жақсы, жаман* немесе *жақсы және жаман* деп айтуға болады.

Да, де, та, те шылауы сырт тұлғасы жағынан жатыс септік жалғауымен тұлғалас. Жатыс септік жалғауы сөзге жалғанып, бірге жазылады, оны түсіріп айтуға болмайды. Ал шылау бөлек жазылады және оны түсіріп немесе басқа шылаумен алмастыруға болады. Мысалы: *Жасымда ғылым бар деп ескермедім. Жасым ғылым бар деп ескермедім* деп, *-да* жатыс септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал *Жас та, кәрі де риза* дегенді *жас пен кәрі* немесе *жас, кәрі риза* деп айта аламыз.



Деңгейлік тапсырма

3. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Шылауларды қатыстырып, ауа райының күрт өзгеруі себептеріне 2 сөйлем жазыңдар.
 - 2-деңгей. Оқылым мәтініндегі климаттың өзгеру себептерін сызбамен көрсетіңдер.
 - 3-деңгей. Климаттық өзгерістердің экологияға және адам ағзасына әсерін сипаттап жазыңдар.



Жазылым

4. Суреттерге қарап, ортақ тақырып қойыңдар. Климаттың өзгеру себептері мен салдарын шылауларды қатыстыра отырып жеткізіңдер.



Үй тапсырмасы

5. «Арал тағдыры» тақырыбында «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

§8. Көшпенділік



Оқылым

1. Мәтінді оқындар. Тілдік құралдары арқылы мәтіннің стилін анықтаңдар.

Көшпенділік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Көшпенділердің өмір салтының бірнеше белгісі бар. Олар – малшаруашылығының басым болуы, жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону, шаруашылықтың табиғи әдістерін игеруі. «Атақоныс» ұғымы көшпенділер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі болған. Атақоныстың әрбір аймағы халық санасында киелі жер болып есептелген. Қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, аңғарлар мен төбелерден тұрады деп санаған.

Көшпенділер уақыт пен кеңістікті танып-түсінуі нәтижесінде табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Ерте заманнан маусымдық жайылымдарды пайдаланған. Жауын-шашыны молырақ таулы өңірді жайлау, ал құмды, желден таса аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу – мұның бәрі көшпенділер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді.

(«Қазақстан» энциклопедиясынан)



Ойтүрткі

1. Көшпенділік дегенді қалай түсінесіңдер? Атақоныс және туған жер ұғымдарының айырмасы бар ма?
2. Көшпенділердің жайлау мен қыстауды таңдау ерекшеліктері жайында қандай ой түйге болады?



Деңгейлік тапсырма

2. Деңгейлік тапсырмаларды орындандар.
 - 1-деңгей. Мәтіннен көптік, тәуелдік, септік жалғауы бар сөздерді теріп жазыңдар.
 - 2-деңгей. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздер мен тіркестерді теріп жазып, үндестік заңы бойынша түсіндіріңдер.
 - 3-деңгей. «Атақоныс» тақырыбына эссе жазыңдар.



Тыңдалым және айтылым (6)

3. I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан алынған үзіндіні тыңдап, көшпелі елдің жігіттеріне тән қасиеттерді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жеткізіндер.
1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.
 2. Дәлел. Өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.
 3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.



Жазылым

4. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінен деректерді бір бағанға, соған байланысты өз пікірлеріңді екінші бағанға жазыңдар.

Деректер	Пікірлер
Көшпенділік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі.	

5. Бүгінгі тақырыпты 2 дәйексөзбен қорытып, «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Жұпта талқылаңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



Үй тапсырмасы

6. Екі тапсырманың бірін орындандар.
1. «Көшпенділер мәдениеті» тақырыбында эссе жазыңдар.
 2. Көшпенділердің жайлау, қыстау таңдаудағы ерекшеліктері туралы ойларыңды төмендегі кестеге түсіріңдер.

Өзіндік пікір	
Дәлел	
Өз пікіріңді айғақтайтын мысал	
Өз пікіріңе қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	

§9. Көшпенділердің атбегілік өнері



Оқылым

1. Мәтінді оқып, қандай стильде жазылғанын анықтаңдар.

Тіней Талпақтың атбегілік өнері

Тіней Талпақ мырзаның атбегілік атағы алысқа жайылды. Қолына домбыра алып, қоңыр дауыспен әнге салатыны да бар. Әсіресе жүйрік аттары жайлы шығарған жырлары бүгінге жетті. Сондай әндердің бірі – «Райгер». Райгер – Талпақтың ерен жүйрік аты. Бұдан басқа оның Бозат, Көкала деген сөйгүліктері болыпты. Бозат пен Көкала – өкеден қалған көп жылқыдан жүйрік болып туған құлындар. Ал Райгердің жөні тіптен бөлек. Ағайыны Рай деген кісінің үйіне көрісе барғанда, биесі құлындап, жас құлын аяғын өлтек-төлтек басып тұр екен. Талпақтың қырағы көзі жүйрік болып туған құлынның белгілерін тап басып таныды. Жаңа туған құлынға Талпақ мырзаның көңілі құлап тұрғанын Рай да байқаған. Ақыры қалауын айтқан Талпаққа:

– Біқыласың түскен екен, мен бердім, сен алдың, бір құлынды Талпаққа қимай не болыпты, – депті Рай ағасы.

– Құдай қаласа, бұл кер құлын талай бөйгені алады. Аға, сенің атыңды шығарып, бұл құлынның атын Райгер атаймын, – депті Талпақ.

Қалаулы кер құлынды Талпақ мырза бөбектей баптап, құнан шыққанда қарымын байқап көріп, дөнен шыққанда дүрмекке қосады. Райгердің ұшқан құстай саулаған шабысын талай мәрте өлеңіне арқау етті...

(el.kz/m/articles/view/content-31068)



Әдеби тіл нормалары

Интонация

Ауызша сөйлеуде әртүрлі сазды үн шығады. Адамның сөйлеу әрекетінде эмоциялық бояу басым болады. Ауызша сөйлеу бет-жүзді құбылту, ым-ишара жасау және басқа да дене қимылдарымен толықтырылады. Ауызша сөйлеу интонациялық құбылуға өте бейім тұрады. Интонация деген ұғымға сөйлеу қарқыны, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін, т.б. енеді.

Интонацияның негізгі қызметі:

- 1) сөйлемнің түрлерін анықтау (хабарлау, сұрау, бұйыру);
- 2) мазмұнның өзгешеліктерін ажырату;
- 3) мәтіннің ерекшеліктерін көрсету;
- 4) әртүрлі эмоцияларды ажырату.



2. Мәтіндегі Талпақ мырза мен ағайыны Райдың сұхбатын рөлге бөліп оқыңдар. Сөйлеу интонациясының қандай ерекшеліктерін байқадыңдар?



Жазылым

3. Олеңді мәнерлеп оқып, жылқы малының пайдасын кластерге түсіріңдер.

Жанына халқымыздың жылқы жаққан,
 Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан.
 Мінсең ат, іпсең қымыз, жесең қазы,
 Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан.
 Атты артық көрген елміз мінген тақтан,
 Қызық-ай біздің бөйге қырда шапқан.
 Шыдар ма қазақ жаны ұшып кетпей,
 Аттарға шаң шығарып келе жатқан?!

(Илияс Жансүгіров)

4. Суретке қарап, шабандоз балаларды демейтін сөздерді қатыстырып, эмоционалды мәтін жазып, сыныпта оқыңдар. Интонациялық ерекшеліктерге назар аударыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Жылқы малына қатысты мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» тақырыбына әңгімелеу мәтінін құраңдар.

§10. Киелі киіз үй



Оқылым

1. Мәтінді оқып, онда берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар. Жанрлық ерекшелігін ажыратыңдар.

Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының баспанасы. Біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй – қазақтың тұрағы, құтты мекенжайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйдің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс-салты, талғамы еш халықтан кем емес екен. Киіз үйден қазақ халқының аспан әлемі мен есептеу жүйесіне экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы, жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII–XIII ғасырлардағы мемлекеттердің «Алтын Орда», «Ақ Орда», «Көк Орда» деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан.



Киіз үй тек баспана ғана емес, ол – сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Ол ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Әлем мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары халықаралық-этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған.

(«Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» энциклопедиясынан)



Ойтүрткі

1. Киіз үй түрлерінің көп болуы нені байқатады?
2. «Киіз үй – көшпенділер өркениетінің озық үлгісі» деген пікірді дәлелдеңдер.
3. Қазіргі заманда киіз үй қолданыла ма? Заманауи құрылыс-сәулет өнерінде киіз үй формасындағы нысандардың салынуы немен байланысты деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым және айтылым (7)

- Киіз үй түрлері мен бөліктерін «Түртіп алу» әдісімен жазып алыңдар. Ұсынылған деректерге өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



Әдеби тіл нормалары



Кідіріс

Сөйлеуде қажетті жерінде жасалған кідірістің маңызы орасан зор. Бұл – баяндама оқығанда ғана емес, күнделікті сөйлегенде де ескеретін нәрсе. Ешбір кідіріссіз сөйлейтін болсақ, сөздеріміз шұбырып, не айтқанымызды айыру қиын болады. Ал керекті жерде жасалған кідіріс ойды айқын етеді. Кідірісті дұрыс пайдаланғанда, негізгі ой тыңдаушының есінде жақсы сақталады. Шартты белгісі – тік сызық, ұзақтығына қарай: |, ||, |||. Кідірістің үш түрі бар:

Грамматикалық	Психологиялық	Логикалық
Белгілі бір грамматикалық ережеге сәйкес жасалады. Мысалы, бірыңғай мүшелер, құрмалас сөйлем жігінде кідіріс жасаймыз. <i>Киіз үй тек баспана ғана емес, ол – сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. </i>	Мәтіннің мазмұн-мағынасына, кейіпкердің іс-әрекетіне, көңіл күйінің құбылуына байланысты. Мысалы, кейіпкер қобалжығанда: <i>– Ағатай... Біл... Білмей қалдым. </i>	Сөйлемде айтылатын ойға қазық болып тұрған сөздерді көтеріңкі айтып, дауыс кідірісі арқылы жеткізуге болады. Мысалы: <i>Киіз үйдің пайдасы орасан зор. </i>

- Оқылым мәтіндегі бірнеше сөйлемге кідіріс белгісін (|, ||, |||) қойып жазыңдар.
- «Қазақ әдебиеті» оқулығынан кідірістің үш түріне 3 мысалдан тауып, топтастырыңдар.



Ізденімдік тапсырма

- Ғаламтордан шетелдіктердің киіз үйді өз мақсаттарына қарай пайдаланып жүргендігі туралы мәлімет жинаңдар. Олардың киіз үйге қызығушылығы нені аңғартады?



Үй тапсырмасы

- Киіз үй бөліктеріне қатысы бар бата-тілектерді жазып, кімге және қандай жағдайда айтылатынын көрсетіңдер.

§11. Қолөнер – зор өнер



Оқылым

1. Мәтінді оқып, соңында берілген әшекей бұйымдар жайлы ақпараттармен толықтырыңдар. Қандай стильде жазылғанын анықтаңдар.



Зергерлік бұйымдар

Зергерлік – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атайды. Қазақ шеберлері әртүрлі зергерлік бұйымдар жасаған.

Шолпы – әйел әшекейі, сәнді бұйым. Қазақ арасында оның түрлері өте көп. Шолпыны сән-әшекей ретінде, сондай-ақ оның салмағының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп таққан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Шолпылардың ел арасына көп тараған мынадай түрлері бар: қоңыраулы шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, көп үзбелі шолпы, сағат баулы шолпы, маржанды шолпы, т.б.

Сырға ...

Жүзік ...

Білезік ...

Моншақ ...

(«Дәстүр» ұлттық-этнографиялық журналынан)



Ойтүрткі

1. Қолөнердің тағы қандай түрлерін білесіңдер?
2. Көшпенділер мәдениетіне зергерлік өнердің қандай қатысы бар?



Әдеби тіл нормалары

Әрбір сөйлем белгілі бір ойды хабарлап, сұрау мағынасында немесе сан алуан көңіл күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн-мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни, **логикалық екпін** түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшеліу оқылып, дауыс сазы арқылы тыңдаушы назарын сол сөзге аударады.

Қалыпты сөйлемдерде логикалық екпін баяндауыштың алдындағы сөзге түседі. Сондықтан оның алдында кідіріс болады. Мысалы: *Маған // зергерлік бұйым қажет. Зергерлік бұйым // маған қажет.*



Сыртқы құрылымы ұқсас сөйлемдерде мағыналық айырмашылық бар. Бірінші сөйлем «Маған не қажет?» деген сөйлемнің жауабы болса, екінші сөйлем – «Зергерлік бұйым кімге қажет?» деген сұрақтың жауабы. Сондықтан сөйлегенде, оқығанда логикалық екпінді дұрыс қоя білу қажет.

- Оқылым мәтіндегі бірнеше сөйлемге логикалық екпін белгісін (//) қойып жазыңдар.
- Сөйлемдерге сұрақ қоя отырып, үлгі бойынша логикалық екпінді көрсетіңдер.

Үлгі:

Сұрақ	Жауап
Тарихын тереңнен тартқан қолөнеріміз несін үзбеген?	Тарихын тереңнен тартқан қолөнеріміз // дәстүр сабақтастығын үзбеген.

Қазақ халқының қолөнері – ерте заманнан келе жатқан көне өнер. Тарихын тереңнен тартқан қолөнеріміз дәстүр сабақтастығын үзбеген. Рухани мәні мен рухани құндылығын әлі күнге дейін жоймай келеді.

Зергерлер асыл тастан, құнды металдан түрлі сәндік қолөнер туындыларын жасаған. Оларды өздерінің дүниетанымына, эстетикалық талғамына сай әшекейлеп, безендірген.

Қазақ қолөнерінің кез келген саласы – қазақтың рухани баға жетпес байлығы.

(Б.Төлеген «Ұлт жауһарлары»)



Тыңдалым және айтылым (8)

- С.Кенжеахметұлы көрсеткен қолөнер шеберлерінің аттары мен кәсібін естеріңде сақтаңдар. Өздеріңе ұнаған кәсіп иесі туралы сыныптастарыңмен сұхбат құрыңдар.



Үй тапсырмасы

- Сөйлемдерді аяқтап, логикалық екпін белгісін қойып жазыңдар.

Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын ...

Жүннен кілем, текемет, сырмақ, алаша, түскиіз, қоржын ...

Ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегін, үй мүліктерін ...

Қолөнер өмір ағымымен бірге ...

Сәндік әшекейлік бұйымдарды қыздар көп ...

Тоқыма өнері де көнеден келе жатқан қолөнердің бірі ...

§12. Көшпенділердің музыка өнері



Оқылым

1. Мәтінді оқып, музыка өнерінің тарихы жайлы айтып беріңдер.

Көшпенділердің музыкалық мәдениетінің тамыры өте тереңде жатыр. Жартастардағы суреттерден билеп жүрген адамдардың, таяққа ілінген сылдырмақтарда ойнап тұрған адам бейнелерін кездестіруге болады. Көшпенділердің ең көне музыкалық аспаптары: ұрмалы даңғыра, қурайдан жасалған үрмелі сыбызғы, ілмелі-шертпелі қобыз, домбыра іспеттес қарапайым аспаптар болған. Эпостардағы «адырнасын ала өгіздей мөңіреткен» деп келетін жыр жолдары өнерпаз жауынгердің садағының адырнасын іркіп тартып музыкалық үн шығаратынын білдірсе керек. Орталық Азия, Сібір, Тибет халықтарында бүгінге дейін кездесетін бір ішекті қобыз осы музыкалық аспаптың көне түрі болуы мүмкін.

Ауызбен үрлеп ойнайтын, қыштан жасалған үлдек деп аталатын аспаптың көне түрлері ортағасырлық Отырар қаласынан, Жамбыл облысындағы Ақтөбе (Баласағұн) қаласынан табылған. Олар X–XII ғасырларға жатады.

Қорқыт ата бүкіл түркілер әлемінің сарын, күй, әуен өнерінің атасы болса, одан бергі музыка өнері әл-Фарабидің, ибн Синаның, ұлы жыршы Кетбұғаның, Сыпыра жыраудың, Асанқайғының, Қазтуғанның, Әбу әл-Қадырдың, Әбдірахман Жәмидің, Бұқардың, Нысан абыздың есімдерімен байланысты. Олар күйші-сазгер, жыршылар болған. Ал әл-Фараби, ибн Сина – музыка ілімінің теориясын алғаш жасаушы ғалымдар.

(https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_мәдениеті)



Ойтүрткі

1. Қандай музыка тыңдағанды ұнатасыңдар? Ұлттық аспаптарда ойнай білесіңдер ме?
2. Біздің елде музыканың қандай жанры дамыған және қай жанрды дамыту керек? Ой бөлісіңдер.



Тыңдалым және айтылым (9)

2. Этно-рок стиліндегі «Ұлытау» тобы туралы мәтінді тыңдап, болашақта қандай музыка түрі сұраныста болатыны туралы өз ойларыңды айтыңдар.



Деңгейлік тапсырма

3. Төмендегі мәтінді мұқият оқып, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. Мәтіндегі кідірістерді анықтап, белгісін қойып шығыңдар.
 - 2-деңгей. Мәтіндегі ақпаратты кластерге түсіріңдер.
 - 3-деңгей. Мәтіндегі ақпаратты бүгінгі музыка өнерімен сабақтастырыңдар.

Этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбеков қазақтың музыкалық фольклорын бірнеше кезеңге бөледі.

Бірінші кезең – біздің заманымызға дейін III ғасыр мен біздің заманымыздың VI ғасыры аралығы. Бұған сақ заманынан келе жатқан күйлер жатады.

Екінші кезең – оғыз-қыпшақ күйлері (VI–XII ғасырлар). Бұған Қорқыттың күйлері, қазір аты белгісіз сазгерлердің күйлері жатады.

Үшінші кезең – ноғайлы дәуірінің күй-жырлары (XIII–XVI ғасырлар). Бұл кезде ауызша және әуенмен айтылатын батырлық, ғашықтық жырлар туған.

Төртінші кезең – Жоңғар шапқыншылығы кезеңі (XVII–XVIII ғасырлар). Оған сол заманғы қазақ батырлары туралы жыр-дастандарды жатқызуға болады...

(https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_мәдениеті)



Жазылым

4. Мақал-мәтелдерді толықтырып, логикалық екпін түскен сөзді анықтаңдар.
1. Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер ...
 2. Ақыл көпке жеткізеді,
Өнер көкке ...
 3. Өнерлінің ... алтын,
Өлеңшінің ... алтын.
 4. Өнерлінің өзегі ...
 5. Шаштараз сақал түзетер,
Өнерпаз шаһар ...
 6. Өнерлі адам ешкімге ...
 7. Өнерлі ... жүзер.
 8. Өнерлі бала ...
 9. Өнер – ... азық.
Жұтамас байлық.



Үй тапсырмасы

5. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі ақпараттарды пайдаланып, өзіндік қорытындыны түсіндірмесімен жазыңдар.

Қорытынды	Түсіндірме (комментарий)

§13. Көшпенділердің киім ерекшеліктері



Оқылым

1. Мәтінді оқып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра. Оны зерттеу арқылы біз халықтың өткен ғасырлардағы хал-ахуалынан, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен кең көлемде жан-жақты мәлімет аламыз.

Қазақ халқының киім үлгілерінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл олардың табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері, негізінен, ертедегі көшпенділер киімін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Шетелдік зерттеушілердің сөздеріне қарағанда, қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырлардағы түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу тәсілінде, пішінінде сабақтастық сақталған. Атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі – шапанды адамзат өркениетіне көшпенділер қосқан.

(www.inform.kz/chn/article/2471134)



Ойтүрткі

1. Көшпенділердің киім үлгілері мен қазіргі киім үлгілерінің арасында ұқсастық бар ма?
2. Киім үлгісін адамзат өркениетіне қосу дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Заманауи киімдерді ұлттық нақышта шығарса, сатып алар ма едіңдер?



Әдеби тіл нормалары

2. Сөйлемдерді аяқтап, логикалық екпін түскен сөзді көрсетіңдер.

Біз ұлттық киімнің бай мәдени мұра екеніне ...

Ұлттық нақыштағы киімдерді күнделікті ...

Өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен ...

Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу тәсілінде сабақтастық ...

Аппақ шатырдай кимешек киген әжелерді күнде ...

Бас киімдердің маусымдық түрлері ...

Болашақта әлем назары қазақ сән үлгісінде ...

Ол үшін ...



Ізденімдік тапсырма

3. Энциклопедиялар мен сөздіктерді пайдаланып, киім атауларына түсінік беріңдер.

Үлгі: оқалы қамзол – зермен көмкерілген жеңсіз, жеңіл сырткіім

Ол бұрын ауылда киетін қос етек көйлек, оқалы қамзол, асыл тасты биік сәукелесін тастап, қала сәніне, оның ішінде татар қыз-келіншектерінің киім үлгісіне қарай бейімделе бастаған. Үстіне қос етектегі торғын көйлек, кестелі қызыл қатипа қамзол, басына асыл тастары шам нұрына шағылған, ақ жібек кіреукелі, биік сәукеле киген Айжан көзге оқшау көрінеді. Аппақ шатырдай кимешек-шаршысына қылау түспейтін, қызыл күрең қатипа қамзолының екі өңірінде қапсырмалы күміс түймелер үймелеген, екі қолының салалы саусақтары алтын жүзіктерге толы Ажардың қазіргі сәні де жұрттан өзгеше. Демеганның үстінде қасқыр ішік, түлкі тымақ, саптама етігі бар. Көкжал Барақ күпісін жамылып, қорылдаған қалпы дүниені басына көшіріп жатыр.

(Қабдеш Жұмаділов)



Жазылым

4. «Бестармақ» тәсілі арқылы «Көшпенділердің киімі» тақырыбы бойынша ойларыңды тиянақтап, өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.
1. Бірінші тармақ (жол) – 1 зат есім.
 2. Екінші тармақ – 2 сын есім.
 3. Үшінші тармақ – 3 етістік.
 4. Төртінші жол – кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөз.
 5. Бесінші жол (әдетте зат есім) тағы да бір сөзден тұрады.



Үй тапсырмасы

5. Екі тапсырманың бірін орындандар.
1. «ПОПС формуласын» пайдаланып, «Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра» тақырыбында өз ойларыңды жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»
 2. Киімге байланысты қандай ырымдарды білесіңдер? Үлгі бойынша жалғастырып жазыңдар.

Үлгі:

Жас қыздар басына ақ, қара орамал тартпайды, себебі...

Нәрестенің иткөйлегін далаға тастамаған, өйткені... т.б.

§14. Төрт құбыла – төрт түлік



Оқылым

1. Мәтінді оқып, төрт түлік малдың пайдасын кластер әдісімен түсіндіріңдер.

Төрт түлік бақтым – теңселе бастым



Қазақтың іпсе – асы, кесе – киімі, мінсе – көлігі, тұтынса – бұйымы, берсе – сыйы, дауласа – құны болған төрт түлік мал көшпенділер тіршілігінің негізін құраған, өмір салты мен дүниелік танымында зор маңызы болған.

Қазақтар жыл он екі ай мал қамын жасап, суыққа ұрындырмай, аптапқа қаталатпай, бабын таба білген. Ел аңызында жылқының – желден, түйенің – сордан, сиырдың – судан, қойдың – оттан, ешкінің – тастан жаралғаны айтылады. Ал ескілікті дүниетанымда «қой – бейіштің малы, қой – көкпен түскен көк қошқар, қой атасы жантақтан өсіпті, қой Меккеден шығышты» деген де сөз бар. Өз бетінше жайылып, тіршілік ете алу қабілетіне қарай оларды «ақ мал, қара мал» деп топтастырған: сыртта ақ қар, көк мұзда өз бетінше жайыла беретін жылқы «ақ мал», қолдағы түйе, сиыр, қой, ешкі «қара мал» саналған.

Төрт түліктің тұрмыстық-әлеуметтік өмірде жұмсалатын орнына қарай қазақтар түйені салтанат санаса, жылқыны мақтан еткен, қойды байлыққа баласа, сиырды қанағат еткен, ал ұсақ мал ешкіні өлместің күніне сацнаған. Көшпенді тіршіліктің арқауы болған төрт түлікке қатысты қазақы таным даналыққа толы дала пәлсапасы мен уақыттың өзі үйреткен халықтық тәжірибе сырларын ұғындырады.

(«Ана тілі» газетінен)



Ойтүрткі

1. Көшпенділер үшін төрт түліктің орны қандай?
2. Ел аңызында төрт түлік неден жаралған?
3. Өмірде жұмсалатын орнына қарай төрт түлікке қандай баға берген?



Жазылым

2. «Қос жазба күнделігі» арқылы мәтіндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)



Әдеби тіл нормалары

3. Мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды тиісті интонациямен оқыңдар. Кідіріс түрлерін ажыратыңдар.

Мақал-мәтелдер

- | | |
|---|---|
| 1. Түстік өмірің болса,
Кештік мал жина. | 5. Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес. |
| 2. Ат арыса – тулақ,
Ер арыса – әруақ. | 6. Сиырсу ішсе, бұзау мұз жалайды. |
| 3. Семіздікті қой ғана көтереді. | 7. Тай атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер. |
| 4. Бір биеден ала да, құла да туады. | 8. Ат тұяғын тай басар. |

Жұмбақтар

- | | |
|---|---|
| 1. Маң-маң басып келеді,
Тапырақтап желеді.
Мойны ұзын, үсті тау,
Ертеден елге бел еді. (түйе) | 2. Екеуі елеңдеп келеді,
Төртеуі төбелесіп келеді.
(аттың төрт аяғы мен құлағы) |
|---|---|



Үй тапсырмасы

4. Энциклопедиялар мен АКТ материалдарынан ізденіп, төрт түлік малдың жас ерекшелігіне және т.б. қасиеттеріне қарай түрлерін жазыңдар.

Төрт түлік мал	Атаулары
Түйенің өсу жасына қарай	
Түйенің күштілігі, төзімділігі сияқты қасиеттеріне қарай	
Жылқының жасына қарай	
Жылқының жүйріктігіне, тағы да басқа қасиеттеріне қарай	
Жылқының түсіне қарай	
Сиырдың жасына қарай	
Қойдың өсу жасына қарай	
Ешкінің жасына қарай	

§15. Көшпенділердің уақыт пен өлшемді анықтау белгілері



Оқылым

1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. Екінші азат жолдағы уақыт өлшемдеріне түсінік беріп көріңдер.

Уақытты анықтау

Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолдандудың сәті мен жолдарын және соған лайықты сөз өрнектерін де таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да ойластырған. Мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде, қазақ тілі атауларға бай. Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше (1 секунд), сүт пісірім (5–10 мин), бие сауым (1,5 сағат), ет пісірім (2,5–3 сағат), бір күн, бір түн (тәулік), апта (7 күн), ай (30–31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл). Адам өмірі де жаспен (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, бір мүшел (13 жас), екі мүшел (25 жас), үш мүшел (37 жас) төрт мүшел (49 жас) болып бөлінеді.

Уақыт мезгілдерін анықтауда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әрі түрге де өте бай. Мысалы: елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара, алагеуім, таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, бесін, екінді, кеш, күн бата, ымырт, іңір, апақсапақ, намаздыгер, ақшам, бейуақыт, қас қарая, ай туа, түн ортасы, жұлдыз сөне, т.б. Мұнан тек уақыт шамасы ғана емес, халқымыздың таным-түсінігі, әр істің байыбына терең бойлауы, бағдарлауы, тіл қабілетінің жоғары тұрғаны байқалады. Мезгілді күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап анықтаған.

(«Қазақстан» энциклопедиясынан)



Ойтүрткі

1. Мерзім, мезгіл өлшемдері атауларынан нені аңғаруға болады?
2. Уақыт мезгілдерін анықтауда өлшемдердің көптігі нені білдіреді? Қалай ойлайсыңдар, өзге халықтарда осындай атаулар бар ма?
3. Өздерің осы өлшемдерді сөйлеу тілінде қолданасыңдар ма?



Әдеби тіл нормалары

2. Оқылым мәтінінен 3–4 сөйлемді логикалық екпін белгісін қойып жазыңдар.

3. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, қай жалғау екенін айтыңдар.

Атақоныс... әрбір аймағ... халық санасы... киелі жер болып саналады.
Халықаралық көрме... киіз үй... әрқашан жоғары баға береді.
Қазақ шебер... керемет зергерлік бұйым... жасайды.
Қазақ тілінде мезгіл, мерзім өлшем... өте көп.
Бұдан халқымыз... таным-түсінігі... терең, тіл қабілеті... жоғары екен... бай-қаймыз.
Уақыт мезгіл... анықтау... халқымыз өлшем... қызық әрі мол қолданған.
Салмақ өлшем... халық... тұрмыс... мол көрініс тапқан.



Жазылым

4. «Аруана мен төрт түліктің төлдері» ертегісін аяқтаңдар. Интонацияны дұрыс қойып, рөлге бөліп оқыңдар.

Бұзауқан, Қошақан, Лақ және Құлыншақ – төртеуі көк шалғында ойнап жүрді...

Бір кезде олар арқасында ауыр жүгі бар Аруананы көрді.

– Өкеліңіз, біз сізге көмектесейік, – деді төртеуі.

– Сіздің боталарыңыз қайда? Олар сізге неге көмектеспейді? – деді бір кезде Лақ пен Қошақан.

– Менің боталарым есейіп кеткен. Қазір олар үлкен өнер сапарында жүр, – деді Аруана терін сүртіп отырып.

– Өнер деген не? – деді мүйізі жаңа көріне бастаған Бұзауқан.

– Өнер деген – үлкен қасиет. Оны ақылды, қайратты және еңбексүйгіш жандар ғана игере алады, – деді Аруана аспанға көз жіберіп отырып...

(zhasorken.kz қыркүйек 25, 2014)



Артық болмас білгенің

Салмақ өлшемдері

Мысқал – 1 гр; келі – 1 кг; пұт – 16 кг; батпан – 100 кг; қадақ – 200 грамм (кейбір әдебиетте 400 гр); бір шелек (су, сүт) – 10 литр; бір торсық (айран) – 6–7 литр; бір саба (қымыз) – 10–15 литр; бір қап (ұн, қант) – 50–60 кг; бір арқа (жүк) – 45–50 кг; найза қап, қанар – 70–80 кг.



Үй тапсырмасы

5. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген қазақы өлшемдерді пайдаланып, шағын мәтін жазыңдар.

§16. Ең басты байлық



Оқылым

1. Ертегіні рөлге бөліп оқып, қойылым көрсетіндер.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл, құйрық жүні ұзын кезде уайымсыз жалқаулардың бірі:

– О, Жаратқан ием-ай, жарық дүниеге әдейі әкелген соң, дәулеті шалқыған бай етіп жаратсаң етті. Жалғанды жалпағынан басып, шалқып өмір сүретін жасымда іпсем – тамаққа, кисем – киімге жарымай жүрген түрім мынау! – деп уайымдап, қайғырып отырыпты.

Оның бұл мұңын естіп қалған бір ақсақал:

– Қарағым, сен несіне қайғырасың? Байлықтың бәрі өзіңде тұр ғой, – депті.

Ақсақалдың сөзін өзін мазақтағаны деп түсінген жігіт:

– Сіз қайдағы байлықты айтып тұрсыз? – деп ашуланыпты. Ақсақал:

– Екі көзіңді маған сатшы. Қалағаныңша алтын мен күміс берейін! – дейді.

Жігіт одан да қатты ашуланып:

– Екі көзден айырылғаннан кейін сіздің алтын-күмісіңіздің керегі не? Ондай байлығың өзіңе! – депті.

Осылайша ары қарай он екі мүшесіне біртіндеп саудаласып, сұрай бастаған ақсақалға әбден ашуы келген жігіт:

– Ат басындай алтын берсеңіз де, ешқайсысын сатпаймын! Өйтіп мүгедек болар жайым жоқ! – деп кесіп айтады.

Сонда барып ақсақал:

– Е, балам, ендеше, адамның ең қымбат байлығы – денінің саулығы! Сен сияқты он екі мүшесі түгел адам – бай адам. Оны ешқандай байлыққа, алтын мен күміске айырбастап ала алмайсың! – деген екен.

(Халық ертегісі)



Ойтүрткі

1. Байлық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Ертегінің түйінін бірауыз мақалмен айтыңдар.



Жазылым

2. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісімен оқылым материалы негізінде қорытынды пікір жазыңдар.

3. Сөз тіркестерінің синонимдік қатарын жазыңдар.

Жаратқан ием. Жарық дүние. Жалғанды жалпағынан басу. Ішсе – тамаққа, кесе – киімге жарымау. Ат басындай алтын. Он екі мүшесі түгел адам.



Әдеби тіл нормалары

4. Ертегідегі сөйлемдердің интонациясын құбылтып оқып көріңдер. Интонация өзгергенде, сөйлем мағынасында қандай өзгеріс болатынын айтыңдар.



Жағдаяттық тапсырма


5. Науқас пен дәрігер арасында жағдаят ойластырып, төмендегі мақал-мәтелдерді қатыстырып сұхбат құрастырыңдар. Сұрақ және жауап бөліміндегі интонациялық ерекшелікке назар аударыңдар.

- | | |
|--|---|
| 1. Аурудың жақсысы жоқ,
Дәрінің тәттісі жоқ. | 5. Әуелгі байлық – денсаулық,
Екінші байлық – он саулық,
Үшінші байлық – ақ жаулық. |
| 2. Тер шықпаған кісіден
Дерт шықпайды. | 6. Бас аманда – мал тәтті,
Бас ауырса – жан тәтті. |
| 3. Денсаулық – зор байлық. | 7. Ауруын жасырғанның жарасы
асқынады. |
| 4. Жан ауырса, тән азады,
Қайғы басса, жан азады. | |



Үй тапсырмасы

6. Көп нүктенің орнындағы сөздерді сөзжұмбаққа түсіріп, ерекшеленген қатардан шыққан сөзді басты денсаулық кепілі ретінде алып, эссе жазыңдар.



- | |
|--|
| 1. Көзің ауырса қолыңды ... |
| 2. ... қайда, сұлулық сонда. |
| 3. Денсаулық – ... байлық. |
| 4. ... батпандап кіріп, мысқылдап шығады. |
| 5. Бас аманда ... тәтті,
Бас ауырса, жан тәтті. |
| 6. Ыдыс таза болса, ... дәмді. |
| 7. ... – саулық негізі. |

§17. Иммуниетет



Оқылым

1. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар. «Иммуниетет» ұғымына қатысты білгендеріңді топтастырыңдар.

Иммуниетет – ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұра алу қабілеті, яғни, ауру қоздыратын бактериялар мен вирустардың, бөгде заттардың ықпалына қарсы тұруы. Оның екі түрі бар: табиғи және жасанды.

Иммундық жүйенің ерекше қызметі – ағзадағы зиянды микробтар мен вирустарды алдымен оқшаулап, содан кейін жоюы. Өкінішке орай, ағзаға осындай заттар жиі түсе берсе, күресе-күресе иммундық жүйе әлсірейді. Иммуниетет тапшылығы, ең алдымен, тыныс алу мүшелерінің суықтауы, терінің микробтық, вирустық ауруларының асқынуы кезінде байқалады.

Иммундық жүйесі толық қалыптасып үлгермегендіктен, балалар ересектерге қарағанда жиірек ауырады. Иммундық жүйе қалыпты жұмыс істеу үшін дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден аулақ болу керек.

Дұрыс тамақтану адам ағзасы үшін өте маңызды. Ол – тек қана дер кезінде тамақтанып тұру емес, сол тағамның құнарлылығы. Тағамдардың табиғи түрлері ғана құнарлы болады. Малдың сүті мен етінде, соның ішінде шұбат, қымыз, айранда, сондай-ақ балықта, жемістер мен көгөністерде дәрумендер мен минералды заттардың қажетті көлемі бар. Осындай тағамдарды араластырып қолдану пайдалы. Дәрумендер мен минералды заттардың жетіспеушілігі иммундық жүйе жұмысының тапшылығына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар денені шынықтыру, жұмыс пен демалыс ретін сақтау өте маңызды.



(<http://referatikz.ru/immunitett>)



Ойтүрткі

1. Ауырған кезде қалай емделесіңдер?
2. Денсаулық мықты болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?



Әдеби тіл нормалары

- Оқылым мәтіннен грамматикалық және логикалық кідірістерді анықтаңдар. Психологиялық кідіріс қандай мәтіндерде кездеседі? Мысалдар келтіріңдер.



Тыңдалым және айтылым (10)

- Мәтінді тыңдап, «денсаулықтың достарын» кластерге түсіріңдер.



Жазылым

- Берілген мәтін бойынша бір-біріңнен «Үш қадамды сұхбат» алыңдар.
 - А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 - В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 - С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.
- Төменде иммунитетті көтерудің 6 жолы берілген. Топқа бөлініп, постер жасаңдар. Әр қадамды өз өмірлеріңмен байланыстырып дәлелдендер.
 - Дене шынықтырумен айналысу.
 - Салқын сумен жуыну.
 - Таза ауада серуендеу.
 - Құнарлы ас ішу.
 - Уақытында тамақтану.
 - Сүт тағамдарын көп тұтыну.



Үй тапсырмасы

- Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 - Энциклопедиялар мен АҚТ материалдарынан иммунитет туралы ғылыми-танымдық ақпараттар табыңдар. Оны осы сабақтан алған білімдеріңмен салыстырып, жаңа ақпараттарды дәптерге жазыңдар.
 - «ПОПС формуласын» пайдаланып, «Иммунитетті көтерудің ең тиімді тәсілі» тақырыбында өз ойларыңды жазыңдар.
 - 1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»
 - 2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»
 - 3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
 Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

§18. Дәрігермен сұхбат



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқындар. «Идеялар жинау» әдісімен тақырып бойынша сұрақтар дайындап, өзара ой бөлісіңдер.

Балалар дәрігері, академик Камал Ормантаевтың сұхбаты

– *Бүгінгі бала – ертеңгі болашақ, сондықтан ұрпақ саулығы қоғамның басты назарында болуы тиіс. Бірақ «қазір балалардың денсаулығы әлсіреп кетті», – деп жатамыз. Сол рас па?*

– Әр адам үшін денінің сау болуы маңызды, бәрі ұзақ өмір сүргісі келеді. Бірақ денсаулықты күтудің жөні бір бөлек. Біздің есебіміз бойынша аурудың 14 мың түрі бар. Әрқайсысының пайда болу себебі әртүрлі екенін ескере отырып, көп аурудың тұқым қуалаушылық арқылы берілетінін айтқым келеді. Баланың денсаулығы тоғыз ай бойы құрсағында көтерген анасының денсаулығына байланысты болады. Аурудың пайда болуының екінші себебі – тамақ ішуіне, үшінші – дене қозғалысына, төртінші – жұмыс істеу түріне байланысты. Мысалы, көп адамдардың жүйкесі жұқарып жүреді. Содан жүйке аурулары пайда болады. Негізі, ауру түрі көп, соның ішінде негізгілерін айтып отырмын.

– *Балаға дәріні көп берген дұрыс па?*

– Мысалы, бір дәрігерге барсаң, ол саған 5–7 дәрі береді. Үш дәрігерге барсаң, 15–20 дәрі жазып беруі мүмкін. Оның бәрін ішу мүмкін емес. Дәрінің өзі – химиялық у. Дәрі бір мүшеге жеткенше, барлық мүшені аралап шығады. Сондықтан дәріні көп ішкен дұрыс емес. Бірақ дәрі ішпей болмайтын аурулар бар, мәселен, бронх демікпесі, қант диабеті, жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларында дәрі ішуге мәжбүрсің. Ал бізде барлық ауруға бірден дәрі береді.

(old.aikyn.kz/.../16527-kamal_ormantaev_akademik_aurudy...)



Ойтүрткі

1. Дәрігерде соңғы рет қашан болдыңдар?
2. Аурудың алдын алудың қандай жолдары бар?
3. Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?



Әдеби тіл нормалары

2. Мәтіндегі жалғаулы сөздерді тауып, кестеге жазыңдар.

Көптік жалғаулы сөз	Тәуелдік жалғаулы сөз	Септік жалғаулы сөз	Жіктік жалғаулы сөз



Жазылым

3. Кестеде берілген ой-пікірлердің дұрыс-бұрыстығын анықтаңдар.

Ой-пікірлер	Дұрыс	Бұрыс
1. Барлық адам үшін денсаулық өте маңызды.		
2. Барлық аурудың пайда болу себебі бірдей.		
3. Бала денсаулығы мен оның анасының денсаулығының арасында тікелей байланыс бар.		
4. Адамның тамақтануы мен дене қозғалысының денсаулыққа қатысы шамалы.		
5. Денсаулығы нашар ер балаларды әскерге алмайды.		
6. Дәріні көп ішкен дұрыс емес.		
7. Барлық аурудан дәрі ішпей-ақ арылуға болады.		

4. «Аурудың себептері және одан сақтану» деген тақырыпта төменгі сынып оқушысына нұсқаулық жазыңдар.

Үлгі:

Ауырмау үшін мына қағидаларды есте ұстаған жөн:

- *Көп қозғалыс жасамаған бала жиі ауырады. Сондықтан таңертең дене жаттығуларын жасаған дұрыс.*
- *Тымырсық жерде көп отырсаң, басың ауырады. Сондықтан...*



Үй тапсырмасы

5. Өз дәрігеріңмен сөйлесіп, «Қазір жиі кездесетін балалар ауруы және емдеу жолдары» туралы сұхбат алыңдар. Жоғарыдағы мәтінмен салыстырып, тілдік құралдары мен айтылу сазындағы айырмашылықтарға мән беріңдер.

§19. Денсаулыққа пайдалы тағамдар



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ағзаға пайдалы тағамдардың тізбесін жасаңдар. Бұл тізбеге ағзаға пайдалы қазақ халқының қандай ұлттық тағамдарын қосар едіңдер? Пікірлеріңді дәлелдендер.



Американың танымал диетологі, невропатолог Джонни Боуден денсаулыққа ең пайдалы 12 тағам түрін анықтады. Олардың қатарына құрамында нәрлі заттары, фитохимиялық қосындылары, дәрумендері, минералдары, антиоксиданттары мен пайдалы майлары бар өнімдер еніп отыр.

Боуденнің айтуынша, ол адамды жүз жасқа жеткізетін тағамдардың тізімін жасаған.

Сонымен, денсаулықты кеселден қорғайтын өнімдер мыналар: жидектер, атбұршақ, жаңғақ, қаймағы айырылмаған сиыр сүті, майлы балық, мал еті, жұмыртқа, орамжапырақ, алма, сарымсақ пен пияз, анар және көк шай.

Ғалымның айтуынша, жеміс-жидек құрамында қант аз, бірақ жасуша көп болады, сол себепті жидектер ең пайдалы өнім саналады. Ал атбұршақ тоқішек қатерлі ісігі мен сусамырдан қорғап, дене салмағын реттей алады. Лиолен қышқылына бай сиыр сүті, сондай-ақ орамжапырақ, сарымсақ пен пияз да, анар мен көк шай да обыр ауруынан сақтайды. Майлы балық қан айналымы мен ми жұмысын реттейді. Мал еті B12 дәрумені мен ақуызға бай. Алма – тіс, өкпе, қан қысымы ауруларына ем.

(alashainasy.kz/userdata/editions/)



Ойтүрткі

1. Қандай тағамдарды жақсы көресіңдер?
2. Денсаулыққа пайдасы жоқ тағамдар болуы мүмкін бе?



Әдеби тіл нормалары

2. Топтық тапсырманы орындаңдар.
 I топ. Оқылым мәтінінің соңғы азат жолындағы кідірістерді белгілеңдер.
 II топ. Алғашқы азат жолдағы логикалық екпін түскен сөздердің орнын ауыстырып, басқа сөйлемдер құраңдар.
 III топ. Мәтін негізінде сұхбат құрып, интонациялық ерекшеліктерін түсіндіріңдер.



Жазылым

3. Кестені пайдаланып, «Дәрумендер – денсаулығымыздың дәнекері» деген тақырыпқа мәтін құраңдар.

Дәрумендер	Кездесетін жері
А	Бауырда, сүтте, балықтың уылдырығында, жұмыртқада, қызыл сары жемістерде;
В	Күріште, ашытқыда, бидайда, картопта, бауырда, сүтте, етте, жұмыртқада, салаттарда;
С	Көгөністерде, жемістерде, сүтте, бүйректе;
Д	Балық майында, бауырда, бүйректе, жұмыртқа сарысында, сүтте, сары майда;
Е	Көгөністерде, астық дәндерінде, сүтте, өсімдік майында, жұмыртқада кездеседі.



Тыңдалым және айтылым (11)

4. Қай тағамның қай ағзаға пайдасы бар екенін «Түртіп алу» кестесіне жазыңдар. Тыңдаған материал бойынша отбасыңа қандай кеңес берер едіңдер?



Үй тапсырмасы

5. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Ас – адамның арқауы» тақырыбында таныстырылым жасаңдар.

§20. Дәрілік шөптердің денсаулыққа пайдасы



Оқылым

1. Мәтінді интонациясын сақтап оқып, мазмұны бойынша жоспар құрыңдар.

Өсімдікті емге пайдалану туралы алғашқы мәліметтер ежелгі Ассирияда табылған қыш тақтайшаларға жазылған. Өз дәуірінде қолданылған екі жүзден астам өсімдікке сипаттама берген ежелгі грек дәрігері Гиппократ өсімдіктің қай бөлігі болса да пайдалы, оларды ауруды емдеуде кеңінен қолдануға болады десе, Рим дәрігері Гален тұңғыш рет науқастарды өсімдіктің қайнатындысымен, шырынымен, тұнбасымен, ұнтағымен және одан жасалған дәрімен емдеді.

Қазақ елінің тәуелсіздігінен кейін медицина саласындағы ғұлама ғалымдар қатарына XV ғасырдың шипагер-ғалымы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының (1388–1485) есімі де қосылды. Оның «Шипагерлік баянындағы» шипагерлік дәстүр мен үрдіс жаңа белеске көтеріліп, оны зерттеуге кең жол ашылды.

Қазақ халқының шипагерлік ілімін ғылыми жолмен дамытқан Ө.Тілеуқабылұлы дала зертханасы арқылы мыңнан астам дәрі-дәрмек түрін 858 түрлі дәрілік өсімдік пен 318 жан-жануар мүшелері және 60-тан астам металл-металлоидтар қоспасынан жасаған. Шипагердің науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипа-емді және 4577 дәрі тізбесін ұсынуы XV ғасырда-ақ қазақ жерінде фармакология ілімінің алдыңғы қатарда дамығандығын дәлелдейді.

Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы әр өсімдіктің пайдасы мен зияны туралы жақсы білген. Дарқан даламызда жайыла өсетін қарапайым жусанды алайық. Бұл өсімдіктің «дермене жусан» атты түрін ішек құрты ауруын емдеуге, ал қара жусанның тамырын төбет ашуға, ішек, асқазан, бауыр, өт ауруына пайдаланған. Халық медицинасында дәрілік өсімдіктерді қолдану жөніндегі мәліметтер ұрпақтан ұрпаққа ауызекі айтылуы бойынша жеткізіліп отырған.

(<http://www.inform.kz>)



Тыңдалым және айтылым (12)

2. Мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпаратты есте сақтау бойынша (сызбаға түсіру, тұжырымдамалық кесте жасау, т.б.) жұмыс жүргізіндер. Логикалық екпінді анықтаңдар.



Жазылым

3. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдерін жазыңдар.

Ем, дәрі, дәрігер, өсімдік, жан-жануар, науқас, ілім, адам баласы, маңызы, бағзы заманда, құнды, қағида, қасиет, көңіл бөлу, мәлімет.

4. Оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар. «Т кестесіне» түсіріңдер.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар



Деңгейлік тапсырма

5. Төмендегі мәтінмен танысып, деңгейлік тапсырмаларды орындандар.
- 1-деңгей. Алғашқы азат жолдағы кідірістерді белгілеңдер.
- 2-деңгей. «Ө.Тілеуқабылұлы кім?» деген сұраққа кластер құрастырыңдар.
- 3-деңгей. Оқылым мәтінімен байланыстыра отырып, «Теңдесі жоқ еңбек» атты шағын мақала жазыңдар.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – қазақтың әйгілі шипагер ғалымы, елдің саяси өміріне жүйрік тарихшысы, қоғам қайраткері.

Шешек ауруына қарсы вакцина егуді алғаш ұсынған «Шипагерлік баян» кітабын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ағылшын ғалымы Э.Женнерден (1796) 350 жыл бұрын жазғандығын атап айту қажет. Бұл кітаптан оның тек шипагер ғана емес, сонымен бірге халықтың өмір салтына, дүниетанымына, рухани мәдениетіне мейлінше қанық болғаны, өз заманының терең ойлы, ұлтжанды тұлғасы болғаны айқын аңғарылады.

(«Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан»)



Үй тапсырмасы

6. АКТ құралдары арқылы бір дәрілік өсімдіктің атауын, оның орыс, ағылшын тілдеріндегі баламасын, қандай ауруларға ем екенін «Төрт сөйлем» тәсілімен жазыңдар.
- 1-сөйлем: пікір;
- 2-сөйлем: дәлел;
- 3-сөйлем: мысал;
- 4-сөйлем: қорытынды.

§21. Дәрумендер – денсаулық кепілі



Оқылым

1. Мәтінді тыңдарманға түсінікті болатындай етіп, тиісті жерге кідіріс жасап оқыңдар. Қандай жағдайда кідіріс жасалатынына назар аударыңдар.

«Витамин» деген терминді 1912 жылы поляк химигі Каземир Функ ұсынды. Бұл термин – «vita+min», яғни, «өмірлік қажетті» деген мағынаны білдіреді. Бүгінде витаминнің (дәруменнің) 13 түрі немесе тобы қолданыста жүр. Олар май ыдыратқыш – А, Д, Е, К және су ыдыратқыш – С және В тобының дәрумендері. Д, К және В3 дәрумендерін біздің ағзамыз өз бетінше бөліп шығарады, ал қалғандары ағзаға тағам арқылы енеді.

А дәрумені көз бен бауырды қорғайды, жараның тез жазылуына ықпал етеді. В тобының дәрумендері зат алмасуына әсер етеді, жүйке жүйесінің қызметін реттейді. С дәрумені ағзаның жұқпалы ауруларға қарсылығын күшейтеді. Д дәрумені сүйекті қатайтады, Е дәрумені қартаюды тежейді. С дәруменіне қажеттілікті қанағаттандыру үшін әр адам күніне 5–6 түрлі көгөніс пен жеміс жеуі қажет. Оларды салат түрлерінен алуға да болады.



(«Ана тілі» газетінен)



Ойтүрткі

1. Дәрумендердің қандай түрлерін білесіңдер?
2. Дәрумендерге қажеттілікті қанағаттандыру қалай жүзеге асырылады?
3. Дәрумендердің адам ағзасы үшін пайдасын топтастырып жазыңдар.



Сұхбат

2. Дәруменнің қандай түрлерін пайдаланып жүрсіңдер? Бір-біріңе сұрақ қою арқылы анықтап, сұхбат құрыңдар. Сұхбатқа суреттегі ақпаратты да қосыңдар. Сұхбат барысында кідіріске назар аударыңдар.








Жазылым

3. Кестеде берілген мәліметтер бойынша мәтін құрастырыңдар. Кідіріс түрлеріне байланысты (грамматикалық, логикалық, психологиялық) тік сызықтарды қойыңдар.

Үлгі:

Картоптың құрамында С, | В, | Р дәрумендері болады. ||| Ол – | крахмал, | минералды заттарға бай көгөніс. ||| Крахмал адам ағзасына пайдалы болғандықтан, || оны | «екінші нан» деп те атайды. |||

Көгөністердің пайдасы			
Көгөністер	Дәрумендері	Құрамы	Пайдасы
	С, В, Р	Крахмал, минералды заттар	Асқазан мен бүйрекке, қан айналымына пайдалы
	С, В, Р	Қант, минералды заттар	Қанды көбейтеді
	А, С, В, Р	Глюкоза, органикалық қышқылдар	Көздің көруін жақсартады, адамның бойын өсіреді
	С, В, Р	Органикалық қышқылдар	Тұмаудан қорғайды
	С, В, Р	Қант, минералды заттар	Қанды көбейтеді, адамға күш береді

4. «Қос жазба күнделігі» арқылы өздерің құраған мәтіндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)



Үй тапсырмасы

5. Отбасы мүшелерінің немесе сыныптастарыңның табиғи дәрумендер мен препарат дәрумендерді қолдануы туралы сауалнама дайындаңдар. Сауалнама нәтижесін шығарып, қорытынды жасаңдар.

§22. Ағзаның дабылы



Оқылым

1. Мәтінді оқындар, сұрақтарға жауап беріп, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Ағзамызда түрлі үдерістердің тоқтаусыз жүріп жататынын білесіз бе? Қандай да бір «ақау» бола қалса, оны дереу ретке келтіру үшін ағзамыз бізге хабар беріп, көмек сұрайды. Егер де сол көмекті уақытында көрсете алсаңыз, денсаулығыңыз да мықты, көңіл күйіңіз де көтеріңкі болмақ.

Атап айтсақ:

Терінің құрғақтығы. Бұл – ағзада Е дәруменінің жетіспеушілігін білдіреді. Оның орнын толтыру үшін күнделікті ас мәзіріне жаңғақ, балық майы мен өсімдік майын қосыңыз.

Шаш пен тырнақтың сынғыштығы ағзада В дәрумендер тобы мен кальцийдің аздығынан хабар береді. Ал олар дәнді дақылдар мен ботқалардың құрамында молынан кездеседі.

Қызылиектің қанауы. С дәруменінің жетіспеушілігін аңғартады. Ол пияз бен сарымсақтың, жеміс-жидектердің құрамында көп кездеседі.

Ұйқысыздық. Магний мен калийдің аздығы салдарынан болады. Бұл микроэлементтер сарыөрік, абрикос, қараөрік пен қызылшаның құрамында жеткілікті.

Аяқ-қолдың тартылуы. Бұл да калий мен магнийдің аздығынан болады. Жоғарыда айтқан өнімдерді көбірек тұтыныңыз.

Шынтақ терісінің тілімденуі. Бұл ағзада А және С дәрумендерінің жеткіліксіз екенін білдіреді. Ал олар барлық қызыл сары түстес көгөністер мен жемістердің (сәбіз, асқабақ, қызанақ, абрикос, сарыөрік, т.б.) құрамында бар.

Тұздыға құмарту. Бұл ағзада қандай да бір инфекцияның пайда болғанынан немесе қуық-несеп жолдарының қабынуынан хабар береді.

Тәттіге құмарту. Бұл жүйке жүйесінің жұқарғанын білдіреді. Демек, ағзаға дереу глюкоза қажет. Мұндайда бал немесе шоколад көмектеседі.

Пістеге құмарту. Ағзада антиоксиданттардың жетіспеушілігін білдіреді.

Қышқылға құмарту. Өт қабы мен бауырдың жұмысын жақсарту үшін лимон мен мүкжидекті ас мәзіріне қосу керек.

Ащыға құмарту. Асқазан-ішек жолдарындағы жайсыздықтан хабардар етеді. Ағзаны тазарту керек.

Теңіз өнімдеріне құмарту. Ағзада йод тапшылығын білдіреді.

(massaget.kz/layfstayl/Zdorove/36938/)



Ойтүрткі

1. Өз ағзаларыңда жаңа бір сырқаттың басталып келе жатқанын сезесіңдер ме?
2. Дәрумен жетіспеушілігін сезсеңдер, қандай шара қолданасыңдар?



Әдеби тіл нормалары

2. Сөйлемдердің құрылысын үлгі бойынша өзгертіп, оқылым мәтінінен бірнеше кеңес жазыңдар. Түпнұсқа мәтін мен өздерің құрастырған сөйлемдегі кідірісті салыстырыңдар.

Үлгі:

Егер теріңіз құрғай бастаса, бұл – ағзада Е дәруменінің жетіспейтінін білдіреді. Сізге күнделікті ас мәзіріне жаңғақ, балық майы мен өсімдік майын қосу қажет.

3. Мәтіндегі негізгі мәселені анықтаңдар. Логикалық екпін түсіп тұрған сөздің не тіркестің алдына белгісін (/) қойып жазыңдар.

Бүгінгі таңда түрлі екпелер (вакцинация) – жұқпалы аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы. Дегенмен осы екпелер төңірегінде даулы мәселелер көп-ақ. Олай болса, вакцинация жайлы не білеміз? Бұл емшара кезінде ағзаға аздаған мөлшерде вакцина енгізіледі. Ол ағзаға зиян келтіретін белгілі бір инфекцияларға қарсы антидене тудыруы тиіс. Осының арқасында ағзада аталмыш ауруға төтеп бере алатын иммунитет қалыптасады. Әрбір вакцинаның қатаң тәртібі, қолданылу уақыты және енгізу жолдары бар.



Жағдаяттық тапсырма

4. Сен шашыңның түсуін байқадың. Алғашқы әрекетің қандай болады?



Жазылым

5. «Деніміз сау болу үшін не қажет екенін білеміз бе?» тақырыбында пікірталас жүргізіп, қорытындысын «Ментальды картаға» түсіріңдер.



Үй тапсырмасы

6. Дене мүшелері туралы мақал-мәтелдер жинастырыңдар. Грамматикалық, логикалық кідірістерді белгілеп, жазыңдар.

§23. Денсаулыққа зиянды әдеттер



Оқылым

1. Мәтінді интонациясын сақтап оқындар. Әрбір азат жолға ат қойындар. Денсаулыққа зиянды әдеттерді кластерге түсіріп, әрқайсысының зияны туралы әңгімелендер.

Лұқпан хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, жоқ, даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Бақыт – әр адамның өз күш-жігерін халқына, ұрпақ тәрбиесіне жұмсауы, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болуы», – деген екен.

Денсаулықты жақсартуымыз, салауатты өмір салтын ұстануымыз керек. Халқымыз қашаннан-ақ денсаулықты алдыңғы орынға шығарып, «бірінші байлық» деп есептеген. «Дені саудың жаны сау» дейді халық даналығы.

Біздің әрқайсымызда зиянды әдеттер бар. Кейде оларды байқамаймыз. Біреулер тырнағын тістегенді, ал біреулер шашын саусағына орағанды жақсы көреді. Бірақ темекі шегу, есірткіге, ішімдікке үйір болу, ойынқұмарлық, бейпілауыздық сияқты әдеттер анағұрлым қауіпті әрі зиянды.

Зиянды әдеттердің адамның өзіне ғана емес, жақын адамдарына да тигізер зардабы көп.

(referaty.do.am/load/biologija...mir_s.../4-1-0-279)



Ойтүрткі

1. Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?
2. Денсаулыққа зиянды әдеттерді атаңдар.
3. Жаман әдетке үйір болу мен спортпен айналысу: қайсысы жасөспірім үшін пайдалы?



Артық болмас білгенің

Жыл сайын жер бетінде темекіден 3 миллион адам, яғни, темекінің улы әсерінен 13 секунд сайын бір адам өледі екен. Шылымға әуестенген жастар ұмытшақ келеді. Оқу үлгерімі нашарлайды, тіпті ақыл-ойы кемиді.

Нашақорлық – (наркомания грек тілінен *narke* – мелшию және *mania* – ессіздік, құтырыну) есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.



Тыңдалым және айтылым (13)

2. Есірткінің зиянын өз сөздеріңмен санамалап жазып шығыңдар. Мүмкіндігінше етістіктерді синонимдерімен ауыстырыңдар.



Жазылым

3. Денсаулыққа зиянды әдеттердің тізімін жасаңдар.

Үлгі:

- *Уақытында тамақтанбау;*
- *Үнемі компьютердің алдында отыру...*

4. «Денсаулыққа зиянды әдеттерден сақтану жолдары қандай?» деген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдер жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»



Сұхбат

5. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, дұрыс тамақтанбаудың зияны туралы сұхбат құрыңдар.

1. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
2. Ас атасы – нан.
3. Ат – адамның қанаты,
Ас – адамның қуаты.
4. Таңғы асты тастама.
5. Тойсаң, тоба қыл.
6. Ас ішіп ауырғанша, аш болып сау жүр.



Үй тапсырмасы

6. Өткен сабақтардан алған білімдеріңді жинақтап, берілген тақырыптардың біреуіне эссе жазыңдар.

1. Ағзаға пайдалы тағамдар.
2. Мен зиянды әдеттен аулақпын.
3. Дәрумендер – өмірдің нәрі.

IV

СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

§24. Достық дәнегі



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ойларыңды ортаға салыңдар.

Әр адам дүниеге келгеннен кейін, ес білгеннен-ақ жан дүниесін түсініп, сырын, мұң-шерін тарқататын, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Қандай да бір қиындыққа тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, оның ақылын тыңдап, шешім таба аласың. Менің ойымша, жақсы да адал дос болу үшін, ең алдымен, адамды тыңдай білу, ақыл бере білу қабілеті жоғары болуы тиіс.

Достық, ең алдымен, адамдардың бір-біріне деген сенімінен басталады. Сенім артқан сайын достық та беки түседі. Бір-біріне сенімі жоқ, дегенмен өздерін дос санайтындар да бар. Ол – жалған достық: бірде бар, бірде жоқ. Достық туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: «Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзімшілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды», – деген.

Халықта «Алтын берген дос емес, ақыл берген – дос» деген мақал бар. Достық – баға жетпес құндылық.

(massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/33707)



Әдеби тіл нормалары

Фразеологизмдер

Тілімізде бірнеше сөзден құралып, бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын, тарихи қалыптасқан **тұрақты тіркестер** бар. Оларды **фразеологиялық тіркестер** немесе **фразеологизмдер** дейді. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы – лексиканың жеке бір саласы. Фразеологизмдердің басты белгісі – олардың тұрақты, даяр қалпында қолданылуы. Мысалы: *ит өлген жер* – алыс, *тайға таңба басқандай* – анық, *арқаны кеңге салу* – асықтау, *қас пен көздің арасында* – жылдам, т.б.

Академик Ісмет Кеңесбаев шығарған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977, 2007) ана тіліміздің осы асыл қазынасы молынан қамтылған.



2. Төмендегі фразеологизмдердің ішінен достық, бірлік, татулыққа қатыстыларын теріп алып, оларды қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Ағынан жарылды, қаймағы бұзылмау, ат арылту, ат-тонын ала қашу, арасынан қыл өтпейтін, бармағын тістеді, бауыр басу, асығы алшысынан түсу, тонның ішкі бауындай.



Ізденімдік тапсырма

3. I. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» татулық, достықты білдіретін фразеологизмдерді теріп жазыңдар.



Сұхбат

4. Суреттер бойынша өзара ой бөлісіп, сұхбат құрыңдар. Сұхбат барысында фразеологизмдерді қолданыңдар.

1. Достық қарым-қатынас қалай пайда болады? Нағыз дос қай кезде танылады?
2. Қай суреттегі кейіпкерлер арасында достық пайда болады, ал қай кейіпкерлер арасындағы достық қарым-қатынас үзіледі деп ойлайсыңдар?



Жазылым

5. «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты» тақырыбында «6 неліктен?» әдісімен диалог жазыңдар.



Үй тапсырмасы

6. Құрамында «ине», «ит», «көз» сөздері бар фразеологизмдерді қатыстырып, 6 сөйлем жазыңдар.

§25. Достықты сақтаудың жолдары



Оқылым

1. Мәтінді оқындар, оқу барысында жақша ішіндегілердің қайсысы шылау, қайсысы қосымша екенін, бірге не бөлек жазылатынын ажыратындар.

Сен жігерсіз (де), ақылсыз (да) бала емессің. Мойныға алсаң, бәрі (де) қолыңнан келеді. Оған мен сенемін. Бұдан былай маған көз жасыңды көрсетуші болма! Жалынып шыққан көз жасы – жасықтықтың белгісі... Жасықтық (пен) әлсіздік жүрген жерде толқымалы тайғақ ойға (да) орын көп. Ағат кеттің бе, жасырма, шыныңды айт! Сонда оңасың, кері кетпей, ілгері басасың, өзіңе (де), достарыңа (да) пайда келтіресің... Иә, солай, маған мұң шағып жылама (да), кешірім (де) сұрама, уәде (де) берме, қатеңді іс (пен) жөнде! Жолдасың (мен) табыс, мұғалімнің айтқандай, кешірімді содан сұра! Міне, осыған келісейік. Ал қазір төсегіңе бар (да) ұйықта!..

Есенбек сөз таластыруды, бір айтылған пікірді қайталауды қаламайтын. Оның осы сырына баласы (да) қанық еді. Сондықтан еш нәрсе деместен, Жарқын әке әмірін орындап, төсегіне қисайды (да), көп ұзамай-ақ ұйықтап кетті.

(Мұқан Иманжанов)



Ойтүрткі

1. Достықты сақтап қалу үшін не істеу керек деп ойлайсындар?
2. Досыңды ренжітпеу үшін оның орынсыз өтініштерін де орындай беру керек пе? Жоқ, әлде қателігін бетіне айтқан дұрыс па?
3. Достықтың ғұмыры ұзақ болу үшін, оларды байланыстыратын қандай ортақ қасиеттер болуы керек деп ойлайсындар?



Әдеби тіл нормалары

Фразеологизмдер өз ішінде мағынасы жағынан мәндес те, қарсы мәндес те бола алады. Мысалы: *көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында* (тез, шапшаң); *тонның ішкі бауындай, арасынан қыл өтпеу* (өте тату) деген фразеологизмдер өзара ұқсас мәнде қолданылса; *азан-қазан болды* (у-шу болды) – *құлаққа ұрған танадай* (тыныш), *кірпік қақпады* (ұйықтамады) – *мызғып алды, көз шырымын алды* (ұйықтады), *арасынан қыл өтпеу* (тату) – *ит пен мысықтай* (өш) деп қарсы мәнде де қолданылады.





Деңгейлік тапсырма

2. Топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Оқылым мәтінінен фразеологизмдерді табыңдар.
 - 2-деңгей. Оларды мәнделес фразеологизмдермен алмастырыңдар.
 - 3-деңгей. Мәтіннің құрылымы мен даму желісін сақтап, Жарқынның әкесінің сөзіне қатысты эссе жазыңдар.



Тыңдалым және айтылым (14)

3. Ерте кезден ел аузында сақталған «Екі дос» әңгімесін тыңдап, негізгі идеясын айтыңдар. Мәтіндегі фразеологизмді синонимімен алмастырыңдар.



Артық болмас білгенің

Мен Шыңғыс Айтматовтың да, Мұхтар Шахановтың да шығармаларын неміс тіліне аударған адаммын. Мұхтарды аударуыма бірден бір себепкер адам – Ш.Айтматов. Ол: «Менің өте жақын рухтас досым бар. Қазіргі таңда оған теңдес ақынды сен бүкіл Азия, тіпті Еуропа әдебиетінен де таба алмайсың», – деді. Кейіннен Айтматовтың пікірін өзім де толық мойындадым. ЮНЕСКО М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты өлеңмен жазылған романын «Қазіргі дәуірдегі әлемдік поэзияның биігі» деп таныды.

Айтматов пен Шахановтың бір-біріне шексіз берілген, дара тұлғалар арасында өте сирек кездесетін өзгеше сипаттағы дос екеніне де көз жеткіздім.

(Фридрих Хицер)



Ізденімдік тапсырма

4. Достық пен қастық туралы фразеологизмдер жинап, мәнделес және қарсы мәнделес фразеологизмдерді топтастырыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Фразеологизмдерді қатыстыра отырып, «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтін бойынша дара тұлғалар арасындағы достықты 2–3 сөйлеммен тұжырымдап жазыңдар.
 2. Тыңдалым материалын негізге алып, дос туралы әңгіме құрастырыңдар. Әңгіменің соңы достарыңа ой тастайтын сұрақпен аяқталуы керек.

§26. Сүйіспеншілік – тіршіліктің негізгі тірегі



Оқылым

1. Мәтіндерді оқыңдар, сұрақтарға жауап бере отырып, ойларыңды ортаға салыңдар.

Қыз Жібектің құрметі,
Жиһаннан асқан сәулеті.
Үш қызы бар қасында-ай,
Өзі он төрт жасында-ай,
Алтын шашбау шашындай-ай...
Қыз Жібектің дидары –
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң –
Нұр қызының шырағы...
Нұр тұқымын еккендей,
Екі ауыз сөз сөйлескен
Мұратына жеткендей.

(«Қыз Жібек» жырынан үзінді)

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

(Мағжан Жұмабаев)

Ақ қайың елі жайдары,
Сарыарқа – алтын айдары.
Абылай ақ үй орнатқан,
Қазақтың ғажап аймағы.

(Кәкімбек Салықов)



Ойтүрткі

1. Өлеңдердің қайсысы атамекенге, туған жердің табиғатына сүйсінуден, қайсысы адамдардың сыртқы және ішкі сезім-күйлерінің сұлулығына сүйсінуден туғанын ажыратыңдар.
2. Сұлулыққа сүйсіну дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Табиғаттың әсем көрінісін көргенде қандай көңіл күйде боласыңдар?
4. Сұлу арғымақты, сүйкімді балақайды, гүлденген қаланы көргенде қандай ой келеді?
5. Табиғаттың әсемдігін сақтап қалу үшін не істеу керек?



Әдеби тіл нормалары

2. Фразеологизмдерді білдіретін мағынасымен сәйкестендіріңдер, оларды қатыстырып, 4 сөйлем жазыңдар.

Фразеологизмдер	Білдіретін мағынасы
Жұлдызы оңынан туу	Кешқұрым
Жұмған аузын ашпау	Жолы болу
Ит терісін басына қаптау	Қуану
Көз байлау	Сөйлемей
Қас қарайғанда	Қорқу
Саусағынан бал тамған	Ұрысу, балағаттау
Бес саусақтай білу	Өнерлі
Екі көзі шарасынан шығу	Алдау
Екі езуі екі құлағына жету	Жетік білу

3. Фразеологизмдердің мәнін ашып, сөйлемдер құраңдар. Мәндес фразеологизмдерді топтастырыңдар.

Ай десе аузы, күн десе көзі бар; опық жеу; жүзіктің көзінен өткендей; кірерге тесік таппау; күн дидарлы; көзі алақандай болды; ешкімнің ала жібін аттамау; жүрегі ұшты; үріп ауызға салғандай; бетінен оты шығу; жібі түзу; санын соғып қалу.



Жазылым

4. Фразеологизмдерді қатыстырып, мәтінді өздерің аяқтаңдар.

Адам өміріндегі ең қадірлі нәрсе – сүйіспеншілік. Сүйіспеншілікті қарапайым сөзбен айтып жеткізе алу мүмкін емес, оны іспен ғана білдіре аласың...



Үй тапсырмасы

5. Сүйіспеншілік туралы «Бестармақ» тәсілімен «Бесжолды өлең» құрастырыңдар.
- 1-тармақ: зат есім (1 сөз).
 - 2-тармақ: зат есімді анықтайтын сын есім (2 сөз).
 - 3-тармақ: негізгі сөзді әрекет пен қимыл тұрғысынан сипаттайтын етістіктер (3 сөз).
 - 4-тармақ: негізгі сөзді бағалайтын кез келген сөз табындағы сөздер (4 сөз).
 - 5-тармақ: негізгі атаудың баламасы болатын синоним (1 сөз).

§27. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқындар, мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Әлеумет!

Айналаға қараңызшы... Асқар тау, саумал ауа, көк майса – бәрі-бәрі: «өс, өн, өрбі, мейірлен, шаттан!» – дейтіндей ғой. Бірақ бүгін бұл араға осынша ғажайып сұлулықты қызықтауға, жомарт табиғаттың мынау шарасынан асып, шалқып-төгіліп жатқан шарапаты мен рақатын тамашалауға емес, тағзым етіп, тағылым алуға келіп тұрмыз. Біз үшін бұл араның әр тасы киелі, әр бұтасы қасиетті. Олар бұдан үш жарым ғасыр уақыт бұрын көз көріп, құлақ естімеген ерен ерлікке куә болған. Сондағы атамекеннің қамы үшін, атажұрттың бағы үшін арыстан боп алысып, жолбарыс боп жұлысқан алты жүз сайыпқыранның бәрінің бірдей аты есімізге түсіп тұрған жоқ. Бірақ бәріміздің де бойымызды кернеп тұрған – солардың қаны, ойымызды тербеп тұрған – солардың арманы, жадымызда – солардың өсиеті, жанымызда – солардың қасиеті. Бәлкім, тіпті талайымыздың бет-әлпетімізде де солардың дидары тұрған шығар. Ендеше, екі дүниеде де мейманасы асып, нұры тасыды деген осы болады. Қайсыбірі осы арада шейіт болған, қайсыбіріне кейін басқа арадан топырақ бұйырған қасиетті бабаларымыздың аруақтарының алдында солардың ерліктерінің арқасында аман қалып, өсіп-өніп, он миллионнан асып отырған бүгінгі ұрпақтың атынан бас иіп, тағзым етеміз.

«Жарықтықтарым, жандарыңыз жаннатта болғай, ел-жұртқа тілеп өткен тілектеріңіз жаратқан иенің жақсы құлағына шалынып, қабыл бола бергей!» – дейміз.

(Әбіш Кекілбаев)



Әдеби тіл нормалары

Мақал-мәтелдер

Мақал-мәтелдер – халқымыздың асыл қазынасы.

Мақалдарда ой тұжырымдалып, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалы: *Күлме досқа, келер басқа. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жігітті досына қарап таны. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.*

Мәтелдерде ой-пікір мақалдағыдай ашық түрде емес, жанамалап (ишара) айтылады. Мысалы: *Айдағаның – бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас – бір жартас. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма? Ит ашуын тырнадан алады.*



2. Оқылым мәтінінен фразеологизмдерді теріп жазып, білдіретін мағынасын түсіндіріңдер.
3. Мақалдар мен мәтелдерді бөліп топтастырыңдар.
 1. Акқу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.
 2. Атақоныс – алтын мекен.
 3. Атамекен анаң екен,
Қысылғанда панаң екен.
 4. Атамекен туған жер:
Кір-қоңыңды жуған жер,
Кіндігіңді кескен жер,
Кісі болып өскен жер.
 5. Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары.
Әркімнің өз жері – ұрмақ.
 6. Бақыр қазан қайнаса,
Бәріміздің бағымыз.
Туған жердің әр тасы –
Біздің алтын тағымыз.
 7. Бақа – батпағына, балық – көліне.
 8. Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.



Жазылым

4. Оқылым мәтіні бойынша «Пікірталас» кестесін толтырып, ой бөлісіңдер.

Тапсырма	Дәлел
Елді, жерді құрметтеуге қатысты көзқарасты білдіріп тұрған сөйлемдер	
Нақты деректерге негізделген сөйлемдер	
Туған жердің табиғатына деген көзқарасты білдіретін сөйлемдер	
Ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған адами қасиеттерге деген көзқарасты білдіретін сөйлемдер	
Нақты деректерді болжалды көзқараспен жеткізіп тұрған сөйлемдер	
Діни көзқарасты білдіріп тұрған сөйлемдер	

5. Бүгінгі тақырыпқа байланысты өз көзқарастарыңды «Позиция таңдау» әдісімен ауызша дәлелдеңдер. Негізгі түйіндеріңді мақал-мәтелмен білдіріңдер.



Үй тапсырмасы

6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Туған жерге тағзым» тақырыбында алдымен жоспар құрып, жоспар бойынша мәтін құраңдар.
 2. Оқылым мәтініндегі ақпараттарды пайдаланып, өзіндік қорытындыны түсіндірмесімен жазыңдар.

Қорытынды	Түсіндірме (комментарий)

§28. Сүйіспеншілік – сағыныш



Оқылым

1. Мәтіндерді оқып, ой қорытындысын шығарыңдар.

I

Қайран, балалық-ай, десеңізші! Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да – бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қадір-қасиет көрініп тұратын еді. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқаған болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты еді.

Ол – ол ма, анау асқар таулар, етектегі шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымыңдаған жұлдыздар, толықсып тұған ай, жасыл жайлау – бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап, әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны күмбез, желі жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, көне!

II

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда менің үндемес шаруақор әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жылағым келе берер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып, еріксіз елеңдетеді. Ала құйындай далаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп, шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал!

III

Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын.

(Бауыржан Момышұлы «Үшқан ұя»)



Жазылым

2. Оқылым мәтіні бойынша әр бөлімге тақырып беріп, кестені толтырыңдар.

Қоршаған орта сипаты	Автордың жан дүниесі, сезімі	Табиғат суреттері



Әдеби тіл нормалары

3. Өлең мәтініндегі интонация, кідірістерді сақтап, мәнерлеп оқыңдар. Өлеңге мақал-мәтелмен ат қойыңдар.

Мақтайсың туған жердің
Долданған боранын да.
Алдыңнан соқсын мейлі,
Ұшып кеп қонарыңда.

«Шіркін-ай, біздің жақтың
Желі де мықты-ау!» – дейсің.
«Еске сап сонау шақты,
Алдымнан шықты-ау», – дейсің.

Мақтайсың бұлағын да,
Мөлдіреп ағып жатқан.
Сыбырлап құлағыңа,
Айтады ол саған тәтті ән.

Мақтайсың-ау тасын да,
Мақтайсың топырағын.
Аңсайсың, айтасың да,
Мен тыңдап отырамын.

Көзіңнен сағыныштың
Оттары молдау жанып.
Қанатын қыран құстың
Іздедің сонда барып.

Мақтай бер, досым менің,
Сол жақтың сай мен өрін.
Өйткені ол – туған жерің,
Өйткені ол – туған жерің!

(Тұманбай Молдағалиев)

4. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, шетелдік досыңа туған жеріңді таныстыратын мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. «Сүйіспеншілік пен достық» тақырыбында «Дербес пікір жазу» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңдар.
1. Өзіндік пікір, ой, идея (1 сөйлем).
 2. Дәлел (2 сөйлем).
 3. Өз пікіріңді айғақтайтын мысал (2 сөйлем).
 4. Өз пікіріңе қарсы дәлел (1 сөйлем).
 5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал (1 сөйлем).
 6. Қорытынды (2 сөйлем).

§29. Сүйіспеншілік – жаны ашу, аяушылық



Оқылым

1. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Болды ма, болмады ма, әйтеуір, кім білсін, бір кемпір өмір сүріпті. Үйінің көлемі елеуіштің, ал бөлмесінің көлемі джидда бұтағының аумағындай болыпты.

Бірде кемпір кешкі асын ішіп отырғанда, кенет алай-дүлей дауыл көтеріліп, арқасына құмырсқалардың жорғалап кіре бастағанын көріпті. Ол төсек салып жатып қалады. Көзін жұмғанша, біреу есік қағады. Кемпір есікті ашса, торғай келіп тұр екен. Ол:

– Әже! Түн соншалық ызғарлы, жел соғып тұр. Ал мен қайда түнеп шығарымды білмей тұрмын. Үйіңе түнеп шығайын! Таңертең күн көтерілісімен ұшып кетемін! – депті.

Кемпір торғайды аяп кетеді.

– Өте жақсы, – депті кемпір, – джидда бұтағына қонақта да, ұйықтай бер.

Кемпір торғайды жайғастырып, өзі де жатып қалады. Бірақ көзі енді іліне берген кезде, тағы да біреу есік қағады. Ол есікті ашқанда, есекті көреді.

– Түн суытып кетті, – депті есек, – жел соғып тұр, ұйықтайтын жерім жоқ.

Бір жолға осында түнеп шығуға рұқсат ет! Ал таңертең кетемін.

Кемпір есекті аяп кетеді де:

– Өте жақсы, бір бұрышқа жайғас, – депті.

Осылай тағы тауық, қарға, ит түнеп шығуға келеді.

Кемпір таңертең ерте тұрып, қонақтарын аттандырмақ болады. Оған торғай:

– Мен жұмыртқалайын деп жатырмын. Қалай кетемін? – деп жауап қатыпты.

– Мен сені қалаған жағыңа тасимын, мені несіне кетіресің, – депті есек.

Тауық болса:

– Мен сен үшін жұмыртқалап жатырмын. Қалай кетпекпін? – депті.

Ал қарға өзінің қарқылдағанын міндет қылып:

– Мен сенің құрметіңе қарқылдап, адамдарды ұйқысынан оятамын. Мен несіне кетемін? – деп жауап беріпті.

Ең соңында кемпір итке келеді.

– Мен сен үшін үремін, – дейді ит сонда, – ұрыларды қабамын. Қалайша мен кетемін?

Бәрін қалдырған кемпір:

– Жарайды, сен де қала бер, – депті.

Сөйтіп, бәрі де қалып, оның шаруасына көмектесіпті.

(Парсы ертегісі)



Әдеби тіл нормалары



Айналадағы, табиғаттағы әртүрлі заттар мен құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеуден немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер **еліктеу сөздер** деп аталады.

Еліктеу сөздер мағынасына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш (еліктеме) сөздер және бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер.

Айналадағы заттар мен құбылыстардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысуы, соғылуы сияқты қимыл, амал-әрекеттердің нәтижесінде пайда болған дыбыстарға еліктеуден туған сөздерді **еліктеуіш сөздер** деп атайды. Мысалы: *тарс етті, қарқ етті*, т.б.

Еліктеуіш сөздерге жұрнақ жалғанып, заттық ұғымды білдіретін жаңа сөздер жасалады: *қарқ – қарқыл; тарс – тарсыл*. Жасалған сөздерге септік, көптік, тәуелдік жалғаулары жалғанады. Мысалы: *тарсылдың, тарсылға, тарсылы*. Заттық ұғымды білдіретін сөздерге етістік тудыратын жұрнақ жалғанып, қимыл-әрекетті білдіретін сөздер жасалады. Мысалы: *тарсылдады, тарсылдаған, тарсылдап, тарсылдау*.

Табиғатта (айналада) кездесетін заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздерді **бейнелеуіш сөздер** деп атайды. Мысалы: *жалп қарады, кілт тоқтады, қорбаң-қорбаң етті, салп етті, жалп етті*, т.б.

Еліктеу сөздің бастапқы түбірі екі рет қайталанып қолданылып, қос сөз жасалады. Еліктеу сөздің қос сөз арқылы қолданылуы дыбыстың бір рет қана емес, үздік-создық, жедел-қабыл түрде үсті-үстіне, әлденеше рет болғанын білдіреді. *Есікті тарс-тарс етіп ұрды. Найзағай жарқ-жұрқ етті*.

2. Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерді қосып, оқылым мәтініндегі кейіпкерлер мен табиғат құбылыстары туралы сөйлемдер құрастырыңдар.



Ізденімдік тапсырма

3. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдарды пайдаланып, сүйіспеншілік және мейірімділік туралы қанатты сөздер тауып, жазыңдар.



Үй тапсырмасы

4. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, туған жер туралы ойтолғау жазыңдар.
 2. Төмендегі ойды жалғап, 3–4 сөйлеммен қорытындылаңдар.

Мен үшін сүйіспеншілік...

§30. Дос таңдай білу



Оқылым

1. Мәтіндерді оқып, берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер.

I

Ерте заманда әлем халықтары адамдары бір-бірімен дос болуы үшін, достыққа алуан түрлі талаптар қойып, келісімшарттар ойлап тапқан. Мысалы, Аустралия аборигендері өздерінен үш мәрте бір затты сатып алған адамды ғана дос санап, сыйласады екен. Сақтар, яғни, біздің ата-бабаларымыз дос болу үшін, саусақтарынан қылышпен қан шығарып, бір ыдысқа біріктіріп, ант берген. Бұндай рәсімнен соң достықты ешкім де, еш нәрсе де айыра алмайды деп сенген. Үндістерде еркек пен әйел бір-бірімен дос болғанда, достық шартын дүйім жұрттың алдында үш рет қайталап, ант қабылдаған. Жынысына мән берілмеген. Егер де дос болу антынан кейін, сол жігіт пен әйел отбасын құрса, ел «қан араласты» деп қарсылық білдірген. Кавказдықтарда дос болудың мынадай үш шарты болған екен: үлкендердің алдында ант қабылдау; біраз жылдан кейін достықтары берік болуы үшін алтын жүзік салынған ыдысқа сүт құйып ішу; тағы бірер жылдан кейін саусақтан қан шығарып, араластырған. Кейіннен бас киімдерін де алмастырып киетін болған.

II

Достық сезімнің нәзік жіп тәрізді үзіліп кетпеуі үшін, айналаңдағы достарыңды жөнімен таңдай біл. Имам Жафар-Садық мынадай бес адамды дос көруге болмайтынын айтып кеткен:

- 1) өтірікшімен дос болма, оның әрбір ісіне әрдайым сақ бол, себебі сені күтпеген жерде алдауы мүмкін;
- 2) ақымақпен достаспа, саған жақсылық жасағысы келсе де, мәселенің байыбына бармастан, жамандық жасап қоюы мүмкін;
- 3) сараңмен дос болма, сын сағатта дүние үшін сені тастап кетуі мүмкін;
- 4) қорқақпен достаспа, басыңа алмағайып күн туса, қашып кетуі мүмкін;
- 5) пасықпен достасушы болма, болмашы нәрсеге бола, сені жарға итеруі мүмкін.

Ата-бабаларымыз: «Ақылды дұшпаннан қорықпа, ақымақ достан қорық», «Досың өзіңнен жақсырақ болсын», – деген.

Надан адаммен дос болу ешқашан жақсылыққа апармайды, жолыңды оңғармайды, мінез-құлықты бұзады. Ал дұрыс дос таңдай білу жөнінде ислам ғалымдары мынадай ақыл кеңес айтады:

- 1) досың ақылды болсын;
- 2) досың адал әрі аңғарымды болсын;

- 3) досың көркем мінезді болсын;
- 4) досың ақпейіл әрі насихат беруші болсын;
- 5) досың сырыңды және кемшілігіңді жасырушы болсын.

(<http://kazbilim-edu.kz/main/print>)



Ойтүрткі

1. Дос таңдай білесіңдер ме? Оған қандай талаптар қоясыңдар?
2. Досың барлық жағынан керемет болмаса, оны сол күйінде қабылдап, кемшіліктерін жоюға көмектесе аласыңдар ма?
3. Дос көңілі нәзік жіп тәрізді. Досыңды ренжітпестен, кемшілігін қалай айтар едіңдер?



Әдеби тіл нормалары

2. Төмендегі сөйлемдердің мазмұны негізінде құрамына шылау және еліктеу сөздерді қатыстырып, қысқаша мәтін құрастырыңдар.

Достар ешқашан бір-бірін сатпауы тиіс. Достар материалдық құндылықтардан гөрі рухани құндылықтарды жоғары бағалауы қажет. Достар бір-бірінің лайықты істерін көре біліп, бағалай білуі керек. Достар бір-бірінің кемшілігін көріп, түзетуге кеңес беріп, көмектесуі тиіс. Бір-біріне жасаған жақсылығы үшін, қайтарым күтпеуі керек. Достар адалдығын сөзбен емес, ісімен дәлелдеу қажеттігін ұмытпауы тиіс.



Жағдаяттық тапсырма

3. Соңғы кездері досың ата-анасына: «Үйірмеге барамын», – деп, компьютерлік клубқа жиі баруды әдетте айналдырып жүр. Досыңды ренжітпестен, қателігін қалай айтар едің?



Жазылым

4. Досқа тән қасиеттер туралы өз ойларың мен идеяларыңды 2 минут ішінде жазып, «Жазбаша дөңгелек үстел» (Раунд robin) тәсілі бойынша бір-біріңнің ойларыңды әрі қарай жалғастырып жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Достық туралы мақал-мәтелдерді қатыстырып, сабақта қарастырған мәселеге байланысты достарыңа хат жазыңдар.

§31. Достық, татулық – өмірдің қызығы



Оқылым

1. Ұлы Абайдың өлеңін оқып, өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.
Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,
Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.
Керек іс бозбалаға талаптылық,
Өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық.
Кемді күн, қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып,
Біріңді бірің ғиззет, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс.
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бірауыз сөз айтып күлмес...

(Абай Құнанбайұлы)



Ойтүрткі

1. Бозбалаларды достыққа, таулыққа жетелейтін қандай қасиеттер деп ойлайсыңдар?
2. Ақынның «жолдастық, сұхбаттастық – үлкен іс» деген сөзін қалай түсінесіңдер?
3. Ақынның сырлас құрбы-құрдасқа қойған талабын қазіргі заман тұрғысынан бағалаңдар.



Әдеби тіл нормалары

2. Еліктеу сөздердің түрлерін қатыстырып, «Екі дос» тақырыбында қызықты әңгіме не сұхбат құрастырыңдар.



Жазылым

3. Ұлы Абайдың пайымдауларынан үзінді келтіріп, бір сөйлеммен тұжырым жазыңдар.

Татулықтың маңызды белгілеріне өлеңнен үзінді	Менің тұжырымым
Сырласу	
Тыңдай білу	
Уәдеге берік болу	
Күндемеу	
Сөз әдебін сақтау	
Құрметтеу	
Сыр сақтау	



Ғибратты сөз

4. Қанатты сөздерді оқып, Абай ойымен үндестікті табыңдар. «Галереяны шарлау» әдісімен көзқарастарыңды білдіріңдер.

Не жетеді нағыз досқа, асылға,
 Қуансаң да, қайғырсаң да қасыңда.
 Қиналады – сен қиналсаң болғаны,
 Ұйықтамасаң – ұйықтамайды ол дағы.

(Уильям Шекспир)

Әрбір адамның бойында күннің нұры бар, тек сол нұрдың жарқырауына мүмкіндік беріңіз.

(Сократ)



Үй тапсырмасы

5. «Жолдасы көптің олжасы көп» тақырыбына сюжетті мәтін жазыңдар. Кейіпкерлер сөзінде еліктеу сөздер болсын.

§32. Музыка және классикалық туындылар туралы түсінік



Оқылым

1. Мәтінді оқып, музыкалық аспаптар мен жанрларға сөздіктер көмегімен түсініктеме беріңдер.

Музыканың шығу тарихы туралы аңыз көп. Музыка зерттеушілері оның адамзатпен бірге пайда болғанын, сонау палеолит заманынан бастау алатынын айтады. Адамдар қоршаған ортаны тани бастаған кезде, айналаның бөрі музыкаға тұнып тұрғанын байқаған. Құстар мен жан-жануарлардың үні, ағаш жапырақтарының тербелісі, жауған жаңбыр мен өзен ағысы – бөрі-бөрі үн шығарады. Алғашқы адамдар тас-тардан, ағаштар мен сүйектерден алғашқы музыкалық аспаптарды жасаған. Ежелгі гректер музыканы Құдайдың сыйы деп түсінген. Әйелдер балаларын ыңылдап әуенді ырғақпен жұбатқан. Олар мұндай ырғақтың адамның эмоциясына күшті әсер ететінін сезген. Осылайша әндетуді үйренген. Бұл – алғашқы музыка еді.

Музыка – адамдардың өмір-тағдырын, көңіл күйін, қуанышы мен ренішін көрсете алатын ерекше құбылыс. Қазір сан түрлі аспаптар бар. Мысалы, әуезді скрипка, қоңыр үнді виолончель, сиқырлы да сазды арфа мен фортепиано, өткір дыбысты труба, т.б. Ал бұл аспаптардың басын қосатын – оркестр. Дүниенің әр бұрышында дүниеге келген сан алуан музыканы тыңдай отырып, сол халықтардың тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен мәдениетін тани аламыз.

Музыкалық жанрларға ән, әнұран, серенада, опера, оперетта, симфония, концерт, романс, реквием, т.б. жатады.

(<http://aksu-gymnasium.edu.kz>)



Артық болмас білгенің

Людвиг ван Бетховен (1770–1827) – немістің ұлы композиторы, дирижері және пианисі, Венаның атақты үш классиктерінің бірі. «Элизаға» шығармасын Бетховен өзінің өте жақсы оқушысы және шығармаларының тамаша орындаушы Элизабет Рекельге арнаған.

Вольфганг Амадеус Моцарт (1756–1791) – Вена классикалық композиторлар мектебінің көрнекті өкілі. Бірнеше аспапта шебер ойнаған дирижер. Ол 50 симфония, опера, соната, квартет және тағы басқа әртүрлі жанрларда көптеген шығармалар жазды. «Түрік маршы» – үлкен шығарманың бір бөлімі.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki>)



Әдеби тіл нормалары

2. Төмендегі мақал-мәтел, нақыл сөздердің қайсысының өнерге, музыкаға қатысы бар? Қажеттісін пайдаланып, оқылым мәтініне қорытынды жазыңдар.

Ел іші – өнер кеніші. Өнер – таусылмас азық, сарқылмас байлық. Еңбек ептілікті сүйеді. Өтпес пышақ қол кесер. Өнерлінің өзегі талмас. Күш жақсы, күштен іс жақсы. Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес. Шеберді шеге қағысынан таны.



Тыңдалым және айтылым

3. Людвиг ван Бетховен (<https://music.yandex.kz/album/370529/track/3464879>) мен Вольфганг Амадеус Моцарттың (<https://music.yandex.kz/artist/9170/tracks>) шығармаларын тыңдап, алған әсерлеріңмен бөлісіңдер.



Жазылым

4. Мәтінді оқып, «Еркін жазу» әдісімен ойларыңды жазыңдар.

Бетховен шығармаларының адам жүйкесін емдейтін ерекше қасиеті бар. Әсіресе «Ай сонатасы». Себебі Бетховен «Ай сонатасын» жазу арқылы өзінің ішкі күйзелісін жеңген екен. «Сурет – көзбен көретін өлең, өлең – құлақпен еститін сурет» деген сөз бар ғой. Ал Бетховеннің музыкасы – «жүрекпен еститін өлең, жүрекпен көретін сурет». Бетховеннің ұлты – Адамзат!

(almaty-akshamy.kz/2015/...)



Үй тапсырмасы

5. Мәтіндегі ойға қатысты өз пікірлеріңді «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдендер.
- 1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»
- 2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»
- 3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Классикалық музыка ұғымын көбіне классицизм кезеңіндегі жазылған музыкамен, Еуропаның дәстүрлі музыкасымен байланыстырады. Бұл ұғымды Еуропадан басқа жерге қатысты қолданса, онда ертеден келе жатқан дәстүрлі музыканы айқындайды. Мысалы: классикалық араб музыкасы, классикалық түрік музыкасы, классикалық қытай музыкасы, т.б.

(https://kk.wikipedia.org/wiki/Классикалық_музыка)

§33. Қазақ музыка өнерінің арналары



Оқылым

1. Мәтінді оқыңдар, тақырыбы, құрылымы және тілдік ерекшелігін 3-тапсырма мәтінімен салыстырыңдар.

Қорқыт ата

Қазақ музыка өнерінің арналарына көне түркі дәуірінен ұлт болып қалыптасқанға дейінгі аралықтағы музыка мұралары енеді.

VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт ата – ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, ақын, сазгер, күйші, халық даналығын жинаушы. Өзінің философиялық толғамдарында өмір мен өлім мәселелерін көтерді. Мәңгі өлмеудің жолын қиялымен іздестіреді. Аңыз бойынша, ол ақ түйеге мініп, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Бірақ қайда барса да, алдынан қазылып жатқан көр кездеседі. «Кімге қазып жатырсыздар?», – деген сұрауына «Қорқыттың көрі», – деген жауап алады. Содан кейін «Өлімнен қашып құтылуға болмайды екен», – деген қорытындыға келеді. Қорқыттың есімін көшпенді түркі тайпалары ежелден қастерлеген. Оның музыкалық мұрасы – орта ғасырлардағы оғыз тайпасының өмірі мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тамаша көркем ескерткіш. Қорқыт атаның біздің заманымызға жеткен он бір тамаша күйі бар. Олар: «Ұшардың ұлуы», «Елім-ай, халқым-ай», «Сарын», «Қоңыр», «Желмая» және т.б.



(<http://sachok.kz/referat/show/13>)



Ойтүрткі

1. Музыка мен халық тарихының бір-бірімен байланысы бар ма?
2. Тақырып неліктен «Қазақ музыка өнерінің арналары» деп аталған?



Жазылым

2. Оқылымдағы ақпаратты пайдаланып, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша өз ойларыңды жазыңдар.
 1. Менің ойымша...
 2. Себебі...
 3. Мысалы...
 4. Сондықтан...



Әдеби тіл нормалары

3. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен фразеологизмдерді синонимдерімен ауыстырып баяндаңдар. Ауыстырған сөздерді дәптерге жазыңдар.

Бір жесір кемпірдің жалғыз баласы болады. Ол құс салып, ит жүгірткен саятшы екен. **Қашқан анды құтқармайтын «Ұшар» деген тазысы, желмен жарысқан жүйрік аты** бар екен. Күндердің күнінде жігіт кенеттен қайтыс болады. Сол кездегі елдің әдет-ғұрпы бойынша, өлген кісіні жерлегеннен кейін жұрт қоныс жаңартып, басқа жерге көшеді екен. Жаңа орынға көшіп келгеннен кейін кемпір баласынан қалған көз – тазыны іздесе, ол ұшты-күйлі жоқ болып шығады. «Ескі жұртта қалған шығар», – деп, бұрынғы қоныстарына қайтып келсе, айтқандай-ақ, Ұшар иесін қиып кете алмай, мола басында сай-сүйекті сырқырата аспанға қарап ұлып отыр екен. Мұны көрген анасы да:

– Жалғызымнан айырылдым, қанатымнан қайырылдым. Ұшар, Ұшар, кө, кө... – деп аңырайды. Иен далада жалғызының артында қалған ана мен иесінен айырылған тазы – қос мұңлық қосылып күңіренеді. Қорқыттың осы оқиғаға байланысты тебіреніп шығарған күйі «Ұшардың ұлуы» деп аталады.

(<http://malimetter.kz/kobyz-dasturi>)



Деңгейлік тапсырма

4. Төмендегі мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. Мәтін мазмұнына сай 2–3 фразеологизм жазыңдар.
 - 2-деңгей. Өткен сабақпен ортақ ойды анықтап, кластерге түсіріңдер.
 - 3-деңгей. Қобыздың қасиеттері туралы ойтолғау жазыңдар.

Қазақ халқы үшін қобыз киелі аспап болып саналады. Себебі қобыз тартқан бақсы сынды жандардың адам тағдырына әсер ететін күші, бойында үлкен қабілеті болған. Қобыздан шыққан үн адам бойындағы әлсіздік я жағымсыз күштерді сыртқа шығарып, оған күш-қуат береді.



Үй тапсырмасы

5. Ғаламтор немесе өзге басылымдардан мына тақырыптардың бірі туралы ақпарат жинап, кластер не сызба түрінде беріңдер.
1. Ежелгі музыкалық мұралар.
 2. Қорқыт күйлерінің тарихы.

§34. Қазақ музыкасы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, қазақ музыкасы туралы ақпараттарды сызбаға түсіріңдер. Қазақ музыка өнерінің дүлдүлдері тізімін әрі қарай жалғастырыңдар.

Халқымыздың ертеден-ақ өзіне тән дәстүрлі музыкасы болды. Қазақтың өндері мен күйлері еліміздің әр кездегі тіршілік-тынысын танытады.

Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жағынан алуан түрлі. Музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін ғұрыптық әндер, халық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырып жүр. Ғұрыптық әндердің өзі бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып тармақталса, әншілік өнердің кең өріс алған кезінде пайда болған кәсіби ән өнері халық әндері және кәсіби халық композиторларының өндері болып тармақталады.

Ауыл-ауылды аралап ән салып, күй тартқан сал-серілер мен ақын-жыршылар сол дәуірдің музыка мәдениетін таратушылар болды. XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы мен Қазтуған – қазақ музыка өнерінің дүлдүл өкілдері. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында Абай, Біржан, Жаяу Мұса сияқты сазгер-әншілер қазақ музыкасын жоғары сатыға көтерді. Дәулеткерей, Ықылас күйлері туған жерді дәріптеуге, халық мерекелерінің көріністеріне, тұрмыстық сюжеттерге құрылды. Құрманғазы күйлері халық тағдырын, қазақтың кең-байтақ дарқан даласын суреттеп, ұлттық әуен құрылысын байытты. Әнші-сазгерлер Мұхит, Ақан, Балуан Шолақ, Тәттімбет, Қазанғап, сыбызғышы Сармалай шығармалары халық музыкасының классикалық қорына қосылды.

XX ғасырда қазақтың музыка өнері жаңа жанрларда өрістеді. Аз ғана уақытта классикалық музыканың опера, симфония, балет, кантата, ансамбль, оркестрлік және хор орындаушылық түрлері жаңа кәсіби сазгерлік мектептің негізін қалады. XX ғасырдың 30–40-жылдарында ұлттық мазмұндағы және еуропалық форма негізінде қазақ опера өнерінің классикалық туындылары жарық көрді. Олар – Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара», Е.Рахмадиевтің «Қамар сұлу» және басқа опералар.

(«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» жинағынан)



Әдеби тіл нормалары

2. Оқылым мәтінінің әр азат жолындағы негізгі ойды анықтап, мазмұнына сәйкес мақал-мәтелмен ат қойыңдар.



Жазылым

3. Шетелдік ғалымдардың қазақ халқының музыка өнері туралы айтқан пікірлерін пайдаланып, «Қазақ өнерін еуропалықтармен салыстыру дұрыс па?» деген тақырыпта пікірсайыс ұйымдастырыңдар. Дәлелді пікірді жинақтап, дәптерлеріңе жазыңдар.

Г.М.Потанин (Орта Азияны зерттеуші этнограф-саяхатшы): «Маған бүкіл қазақ даласы өн салып тұрғандай көрінеді».


В.Браташ (венгр музыкатанушысы): «Қазақтар – таңғажайып дарынды халық. Мен олардың әндеріне тәнті болдым. Қазақ халқы веналықтардан музыкалылығы жағынан кем түспейді және вокалдылығы итальяндықтардан кем емес деп айтсам, қателеспеймін деп ойлаймын. Қазақ елі – сәтті ұштасқан азиялық Вена мен Италия».

Э.С.Вульфсон (дат ғалымы, географ-саяхатшы): «Қазақ сияқты өн мен жырды қастерлейтін халықты табу қиын. Кең жазирада жүйткіп жүретін бұл халық бір ауылға келгенін әнмен білдіреді. Қуаныш-қайғысының бәрі әнмен өріледі. Әншілерін өте жоғары бағалайды. Ерлерден әйелдер де қалыспайды».

4. «Венн диаграммасы» әдісімен XIX және XX ғасырларда өмір сүрген қазақ музыкасының ұлы тұлғаларының шығармашылығын салыстырыңдар.

XIX ғасыр музыканттары

XX ғасыр музыканттары



Ізденімдік тапсырма

5. Сал-серілер не сазгерлердің бірі туралы мәлімет жинап, таныстырылым жасаңдар.



Үй тапсырмасы

6. Сұрақтарға жауап жазыңдар.
1. Қазіргі қазақ музыкасының дамуына көңілдерің тола ма?
 2. Музыкада қай ағымды ұнатасыңдар?
 3. Қазақ әншілерінен (дәстүрлі, эстрада, опера) кімдерді ерекше атай аласыңдар?

§35. Қазақтың дәстүрлі әндері



Оқылым

1. Мәтінді оқып, онда берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Қазақ халқының рухани жәдігерлерінің ішінде мақтаныш етер бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндері. Музыка зерттеушілері халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар екенін айтады. Бұл – қазақ әншілік өнерінің сан ғасырлық даму тарихы бар екендігінің бірден-бір айғағы.

Киелі қара домбыра мен қарт қобыздың сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі ән өнері кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ырғақ-иірімдерімен ерекшеленеді. Талай ғасыр сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен дәстүрлі ән өнерінде шартты түрде бірнеше мектеп қалыптасты. Халықтық ән дәстүрінде орындаушылық ерекшеліктеріне қарай аймақтық мектептерге бөле оқыту тәжірибесі қалыптасқан. Шартты түрде Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан мектебі деп бөлінеді.

1. Арқа мектебі қазақы әншіліктің мейлінше дамыған саласы болып табылады. Арқа мектебінің өкілдері: Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Майра Уәлиқызы, Шашубай, т.б. Арқа әндері біркелкі еркін ырғақпен айтылады, диапазоны мейлінше кең болады. Арқа әндерінің кәсіби мектебін жасағандар – Ж.Елебеков, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосыновтар.

2. Жетісу мектебі қазақтың көне әндерінің мол сақталған әншілік өнер шоғыры саналады. Орындалуы мен домбырада сүйемелденуі Арқа әндеріне ұқсас. Жетісу әншілігінің көрнекті өкілдері ретінде Жамбыл, Кенен, Дәнеш Рақышевтарды атай аламыз. Жетісу ән мектебінің кәсіби тұғырын қалаған – Ж.Кәрменов, оның ізін жалғастырушы шәкірті – Е.Қосбармақов.

3. Батыс Қазақстан әншілік мектебінде төкпелі жыр негізінде синтезделген желдірмелі әндер Мұхит әндері арқылы жаңа белеске көтерілді. Бұл мектептің басында Ғарифолла Құрманғалиев, Әли Құрмановтар тұр. Ғ.Құрманғалиев осы мектептің жеке арнаға айналып, үлкен өнер саласы болуына көп тер төкті.



(massaget.kz/blogs/7621)



Ойтүрткі

1. Дәстүрлі әндер эстрадалық әннен несімен ерекшеленеді деп ойлайсыңдар?
2. Дәстүрлі ән орындаушыларынан кімдерді атай аласыңдар?



Әдеби тіл нормалары

2. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орынды пайдалана отырып, мәтінді өздерің жалғастырыңдар.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен төтті күй.
Жүрекке түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, –

деген Абайдың өлеңі қазақ халқының өнерді жан азығы етіп ардақтаған көңіл күйін бейнелейді. Қазақтың ақын, жырау, өлеңші, әншілері өлеңдер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып айтады...



Жазылым

3. Кестедегі мәліметтерден сөйлемдер құрап жазыңдар.

Романс тектес әндер	«Ақбақай», «Жиырма бес», «Япурай», «Ғайни», т.б.
Сатиралық-юморлық әндер	«Он алты қыз», «Ағашаяқ», «Құлбай бай», т.б.
Қара өлеңге құрылған әндер	«Сәулем-ай», «Еркем-ай», «Қамажай», «Жетіарал жерім-ай», т.б.
Қыз-келіншектер әндері	«Майра», «Дудар-ай», «Әупілдек», т.б.
Желдірме әндер	Термелер, арнау, насихат әндер, т.б.
Эпостық мазмұндағы әндер	«Жігіттің падишасы – Әмір Темір», «Қос мүйізді Ескендір», т.б.
Авторлық арнау әндер	Молдабайдың әні, Ғазиздің әні, «Бүркітбай», «Шашубай», «Теміртас», т.б.



Сұхбат

4. Тақырып бойынша дәстүрлі әншімен кездесуге сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.



Үй тапсырмасы

5. Көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, «Дәстүрлі ән мектептерінің ерекшеліктері» тақырыбында эссе жазыңдар.

§36. Қазақтың опера жанры



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ондағы негізгі және қосымша ақпаратты, мәтін стилін анықтаңдар.

Қазақстанның ұлттық опера өнері – халықтың рухани қазынасын байытқан жаңа дәуірдің ерекше құбылысы. Бұл жанрдың мазмұны орыс және Еуропа мәдениеті үрдісі негізінде ұлттық фольклорымызды кең қолдана отырып, халықтық мұраны жаңғырту болып табылады. Қазақ операсын Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев сынды әйгілі композиторлар дүниеге келтірді. Опера өнерінің шарықтау шыңы деп А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы (1944 ж.) мен М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсын (1946 ж.) айтуға болады. Олар қазақтың сөз өнеріндегі терме, желдірме және толғау сияқты жанрларын өз шығармаларында кеңінен қолданды. Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт жыры – «Жар-жарды» операға орынды пайдаланды. Үйлену салтына байланысты туған бұл әнді «Қыз Жібек» операсында хор ұжымы орындады. Операдағы сахналық қойылымдар басқа да дәстүрлі тойбастар, беташар, сыңсу, қоштасу әндерімен де толыға түсті. Бұл дәстүрлі әндерді «Абай» және «Біржан-Сара» операларынан кездестіре аламыз.

Қазақ операсының қалыптасуына өз үлесін қосқан – айтыс жанры. Айтыс – ертеден халық алдында, сахна төрінде дамып қалыптасқан, қазақ халқының ең сүйікті өнер түрі. Ал операда айтыс жанры сюжеттік желінің дамуына түрткі болып, жеке адамның ойы мен сезімін беруге дәл келеді. Ақындар айтысы ең маңызды драматургиялық рөл ретінде қалыптасып, «Абай», «Біржан-Сара» және «Айман-Шолпан» операларында сахналанды. Демек, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің негізін қалаған әдеби-музыкалық жанрлар қазақ операсының қалыптасуына салмақты да маңызды үлесін қосты.

Егемендік алғаннан кейінгі жылдары қазақ операсы жаңа сатыға көтерілді. 2013 жылы Астана қаласында жаңа «Астана-опера» ұлттық опера және балет театры ашылды. Е.Рахмадиевтің «Абылай хан» операсы (2004) елеулі оқиғаға айналды.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан)



Ойтүрткі

1. Опера жанрының ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?
2. Опера әншілерінен кімдерді атай аласыңдар?
3. Қазақстанның қай қалаларында опера және балет театрлары бар?



Әдеби тіл нормалары

2. Сұхбатты интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қойып оқындар. Жіктік жалғауларын табындар.

– *Бибігүл апай, қанша жасыңыздан ән айта бастадыңыз?*

– Кішкентай кезімнен-ақ ән айтатынмын. Анам: «Сен сөйлей алмайтынсың, бірақ әнді айта беретінсің», – дейтін. Үстелдің астына кіріп алып, желдің уіліне салып әндетсем, анам: «Сен кімнің басына уілдеп отырсың?» – деп, отырған жерімнен суырып алады екен. Мен болсам астына қайта кіріп, уілдейді екенмін. Әкем анама: «Әй, Майна! Осы қызым әнші болады. Көресің», – дейді екен.

– *Сіздің сүйікті әншіңіз кім еді?*

– Біздің заманымызда Күләштің алдына түсетін ешкім болмады. Жамал Омарованың даусына қызығатынмын. Шабал Бейсекованың үніндей әдемі үнді ешкімнен естімедім. Оның Джульеттаны, Байғали Досымжановтың Ромеоны ойнағандағы дауыстары әлі күнге дейін құлағымда.



Артық болмас білгенің

Бибігүл Төлегенова – әнші, Қазақстанның (1958) және КСРО-ның (1967) халық әртісі. Әншінің репертуарында қазақтың халық әндері, Қазақстан композиторларының шығармалары, сондай-ақ П.И. Чайковский мен С.Б. Рахманиновтің романстары, Н.И. Римский-Корсаковтың операларынан ариялар және Батыс Еуропа композиторларының вокалдық шығармалары бар.

Таңдаулы партиялары – Жібек (Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Гүлбаршын (Е.Рахмадиевтің «Алпамысында»), Еңлік (Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебегінде»), Джильда, Виолетта (Дж.Вердидің «Риголеттосы» мен «Травиата-сында»), Церлина (В.А.Моцарттың «Дон-Жуанында»), Розина (Дж. Россинидің «Севиль шаштаразысында») және т.б.



Жазылым

3. Топтарға бөлініп, қазақтың опера жанры туралы «Үш қадамды сұхбат» жүргізіндер. Негізгі ақпаратты дәптерге жазындар.



Үй тапсырмасы

4. Қазақтың дәстүрлі ән жанры мен қазақтың опера жанрының ортақ белгілері мен айырмашылықтары туралы ассоциативті карта сызындар.

§37. Ғасыр бұлбұлы



Оқылым

1. Мәтінді оқыңдар. Күләш Байсейітова туралы мәліметтерді кластерге түсіріңдер. Мәтіндегі тірек сөздерге синоним сөздерді қосып айтыңдар.

Қазақтың көрнекті әншісі Күләш Байсейітова – Қазақстанда аты аңызға айналған тұлға. Небәрі 45 жасқа созылған қысқа ғұмырында ол жұлдыздай жарқырап, халықтың сүйіспеншілігіне бөленді.

Ең алғашқы «Шұға» спектаклінен бастап, Күләш саналы түрде халық мәнеріне жақын ашық дауысты сақтады. Күләштің образдар табиғатын тап басып тануы, ол танығанын шынайы шеберлікпен жеткізе білуі, кейіпкер болмысын аша түсуі оның сахна өнері үшін жаралған жан екенін әйгілей түседі. Халық Күләшқа «қазақтың бұлбұлы» деген атақ берді.



Е.Г.Брусиловский жазған бірінші қазақ операсы «Қыз Жібектің» қойылуы қазақ музыка мәдениетінде үлкен тарихи оқиға болды. Бірінші қазақ операсының әуенін (оған 50-ден аса халық әндері мен күйлері кірді) бірінші орындаушылар өздері таңдап, іріктеді. Әрине, олардың арасында Күләш та бар. Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігінде (1936 ж.) Қыз Жібек бейнесін сомдаған Күләш тыңдарман жұртшылықты таңғалдырды. «Правда» газеті: «Қыз Жібектің жақсы көріп салатын әні «Гәкку» – керемет ән, ал енді соны Күләш айтқанда, тіпті жандандырып жібереді... Демек, талант ел мен жерді талғамайды, керісінше, өнерсүйер қауым сол талант иесін өзі таңдап, талғап, тауып алады», – деп жазды.

Күләш Байсейітованың дарыны көпқырлы. Ол – еліміздің тұңғыш кәсіби деңгейдегі концерттік және опералық әншісі. Қазақ халқы Күләш арқылы дүниежүзінің классикалық операсы мен көптеген халықтардың музыкасын таныды. Оның даусы қазақ даласындай кең де биік, ұлттық нақышы айрықша болғандықтан, орындаған әндері қазақ халқына жақын әрі түсінікті еді.

(<https://surak.szh.kz/517725> Тұлға, Адам)



Ойтүрткі

1. Бұлбұл құс басқа құстардан несімен ерекшеленеді деп ойлайсыңдар?
2. «Бұлбұлдай сайраған», «бұлбұл дауысты», «күміс көмей» деген сипаттарды не себепті әншілерге қатысты қолданған?



Әдеби тіл нормалары

2. Төмендегі мәтінді оқып, фразеологизмдерді табыңдар.

...Бұл жолы қазақтың ақтангер ақыны, ұлы композитор, өз заманында алдына жан салмаған әнші Үкілі Ыбырайдың «Гәкку» атты әні жайлы ой өрістетпекпін. «Гәкку» 1934 жылы Е.Брусилковскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы болып жарқ етті. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінде Жібектің рөлінде ойнаған бұлбұл үнді Күләш Байсейітова «Гәккуді» бірінші рет орындап, КСРО халық әртісі атанды. «Гәкку» деген ән жұлдызы мен Күләш деген әншіліктің жұлдызы қатар жанды. (К.Салықов)



Тыңдалым және айтылым

3. Бұлбұл үнін (https://www.youtube.com/watch?v=1Pz_Rха3с-А) тыңдап, құс үнінің әнге (<https://www.youtube.com/watch?v=n0р4Pu2-NMc>) қалай кіріктірілгеніне назар аударыңдар. Көркемдегіш құралдарды қолданып, алған әсерлеріңді айтыңдар.




Жазылым

4. «Қос жазба күнделігі» арқылы мәтіндердегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

5. Сөзжұмбақты шешіңдер, айрықша торкөздегі сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.



1. Қазақ халқының аспаппен орындалатын музыка жанры.
2. Халық сазгері, белгілі әнші Ыбырай Сандыбайұлына қосымша телінген атау.
3. Әнші құс.
4. Қыз Жібектің сүйікті әні.
5. Қазақ би өнерінің падишасы.



Үй тапсырмасы

6. Күләш Байсейітова туралы «Ән падишасы» атты шағын әңгіме жазыңдар. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданыңдар.

§38. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары



Сұхбат

1. Суреттегі музыкалық аспаптардың қайсысын білесіңдер? Олар туралы сұхбат құрыңдар.



Оқылым

2. Мәтіндегі ұлттық музыкалық аспаптарды кластер әдісі бойынша топтастырыңдар, олардың суреттерін көрсетіңдер.

Қазақтың ерте заманнан келе жатқан музыкалық аспаптарының түрлері өте көп. Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан, тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасаған. Еліміздің әртүрлі мұражайларында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы.

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын төмендегідей топтарға бөлеміз:

1. Үрмелі аспаптар – сыбызғы, қурай-ысқырғыш, саз сырнай, ысқыруық, қамыс сырнай, қос сырнай, қауырсын сырнай, мүйіз сырнай, ұран, керней.
2. Шертпелі-ішекті аспаптар – жетіген, шертер, домбыра, адырна, шіңкілдек, ортеке, үш ішекті домбыра.
3. Қияқпен ойналатын – қылқобыз.

4. Ұрып ойналатын – даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шыңдауыл,
5. Сым тілшелі – шаңқобыз.
6. Сілкіп ойналатын аспаптар – асатаяқ, шың, сылдырмақ, қоңырау.

Қазақ даласының кең тынысын күй мен жырға арқау еткен өнерпаздарымыз ел тарихының алтын парақтарында өз үлесін таңбалап кеткен. Халқының мұң-зарын қобыздың ащы үнімен сөйлетіп, қуанышын домбыраның қоңыр үніне сыйдырта алған текті бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы осындай құнды жәдігерлерін көздің қарашығындай сақтап келеді. Ұлт мәдениетінің осы жауһарларын сіз Алматыдағы Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайынан кезіктіре аласыз.

(<https://surak.szh.kz> «Қазақтың музыкалық аспаптары»)



Ізденімдік тапсырма

3. Өздерің ізденіп, мәтінді жалғастырыңдар.

Алматыдағы Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайына БҚылас күйшінің есімі берілген. БҚылас – XIX–XX ғасырларда өмір сүрген атақты музыкант...



Әдеби тіл нормалары

4. Фразеологизмдердің мағынасын түсініп, олармен тақырыпқа қатысты сөйлемдер құраңдар.

Үлгі: Сандуғаш өнерден құр алақан емес.

Қара жаяу емес. Қайрауы жеткен. Жұлдызы оңынан туу. Қабырғасымен кеңесу. Құлағын түру. Құлаққа ұрған танадай. Шашасына шаң жұқпайды. Құнт қылмау. Көзі жету.



Тыңдалым және айтылым (15)

5. Жетіген туралы аңызды тыңдаңдар. Жетіген немесе басқа ұлттық аспап туралы постер қорғаңдар, бір-біріңнің жұмыстарыңды бағалаңдар.



Үй тапсырмасы

6. Ғаламтор арқылы Қазақ халық музыкалық аспаптарының мұражайына саяхат жасаңдар. Өздеріңе ұнаған аспапқа сипаттама жазыңдар.

§39. Қазақтың киелі домбырасы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, домбыра туралы пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауда қолданылатын мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.

Қазақтың қазақтығын көрсететін бірден-бір аспап – домбыра. Осы киелі аспаптың бағасын ғалымдар да, ақын-жазушылар да айтып кеткен.

Александр Ефимович Алекторов: «Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыс шығады дегенге еш уақытта сенбеген болар едім! Егер де сол әуенді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім!» – десе, Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Біздің қазақ – әнқұмар халық. Біреу қолына домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін айтып-айтысып, жанын жағасына келтіреді. Сол әндегі рух сүйегіңе сіңеді, құлағыңда қалады», – деп жазған.



(Kazorta.org сайтынан)



Артық болмас білгенің

Біз музыкадан таза нәр аламыз... Музыканың құдіреті біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге әбден жетеді. (*Аристотель*)

Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол бізге осы жұмыстың зардабына шыдауға, төзуге көмек береді. (*Әл-Фараби*)

Музыка адам жанын жарқыратып, жалындатуы тиіс. (*Л.Бетховен*)

Қазақтың отаншылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай – қазақ әнін тыңдағанда күллі дала көз алдыңнан өткендей болады. (*Р.Роллан*)



Тыңдалым және айтылым (16)

2. I. Жансүгіровтің «Домбыра» өлеңін тыңдап, ақынның домбыра көмейінен шыққан үнді қандай құбылыстарға теңейтінін теріп жазыңдар.



Жазылым

3. Оқылым және тыңдалым мәтіндерін салыстырып, кестені толтырыңдар.

Тақырыбы	Құрылымы	Стильдік ерекшеліктері	Тілдік ерекшеліктері	Аудиториясы



Деңгейлік тапсырма

4. Төмендегі мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, жай септеу мен тәуелді септеуді ажыратыңдар.
 - 2-деңгей. Мәтіннен кейінді ықпалды табыңдар. Сол сөздермен сөйлемдер құрастырыңдар.
 - 3-деңгей. Оқылым мәтінімен ортақ ойды тауып, домбыра туралы «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

Домбыра бірнеше бөлік... тұрады: басы, құлақтары, пернелері, мойны, шанағы, ілгегі және ішектері. Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, тұт, үйеңкі, емен секілді ағаштар... екі түрлі әдіс... құралып немесе ойылып жасалады.

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнер... туып-қалыптасуы..., өркендеуі... негіз болған. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, т.б. даңқты күйшілер өздері... төкпе, шертпе күйлері... домбыра аспабы... шығарды.

Домбыра – тек күй тарту... ғана емес, ән айтқан... сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Әміре Қашаубаев, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Байбосынов, т.б. белгілі әншілер домбыра... әнге әр беріп, әнші... демеу болатыны... дәлелдеді.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki/Домбыра>)



Үй тапсырмасы

5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. «Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы» тақырыбында ойтолғау немесе шағын мақала жазыңдар. Жазба жұмысында мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді ұтымды пайдаланыңдар.
 2. Қадыр Мырза Әлінің «Домбыра» өлеңін тауып жазыңдар. Өлең мәтіндегі ақпаратты тақырыппен байланыстырып, қорытынды жазыңдар.

§40. Күй анасы – Дина



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқыңдар. Мәтіннің тілдік құрылымына талдау жасап, стилін анықтаңдар.



Халық әртісі, күйші, композитор, қазақ халқының мәдениет қайраткері Дина Нұрпейісованы жасынан өнер қонған, ерекше дарын иесі деп атауға болады. Оның бұл дарынын алғаш байқаған әкесі екен. Дина 9 жасында Дәулеткерей, Мүсірәлі, Байжұма сияқты күйшілердің шығармаларын шебер орындайтын болды.

1870 жылы атақты күйші Құрманғазы Динаның талантын сырттай естіп, арнайы іздеп келеді. Динаны күйшілік өнерге өзі баули бастайды, тоғыз жыл бойы осы өнердің қыр-сырын меңгертеді. Осы жылдары ол өзінің тырнақалды шығармаларын дүниеге әкелді. «Бұлбұл», «Байжұма», «Көген түп», «Он алтыншы жыл» атты күйлері Динаның дарынды композитор екенін дәлелдеді.

1937 жылы Ахмет Жұбанов Динаны Алматыға алдыртады. Сол жылы Алматы қаласында ұлт дарындары бас қосқан республикалық жиында оған ресми түрде сый-сияпат, құрмет көрсетілді. Жиында Дина өзінің және Құрманғазының күйлерін орындайды. Осыдан кейін Дина Қазақ филармониясына жұмысқа алынды, оған «Еңбек сіңірген өнер қайраткері» атағы берілді.

Ол 1939 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ұлттық аспапта орындаушылар байқауында 1-орынды иеленді. Ұлы Отан соғысы басталған тұста ол майдандағы ұлын зарыға күткен сағынышын «Ана бұйрығы» атты шығармасына арқау етті. 1944 жылы 83 жастағы Дина Ташкентте өткен Орта Азия республикалары музыкасының онкүндігінде өнер көрсетті. Сол жылы ол «Қазақ КСР-інің халық әртісі» атағын иемденді. Ал 1945 жылы соғыстың аяқталуына орай «Жеңіс» күйін жарыққа шығарды.

Дина Нұрпейісова халық алдына соңғы рет 1952 жылы 91 жасында шықты. 1955 жылдың 31 қаңтарында 94 жасында ұлы күйші дүние салды. Оның шығармалары қазақ домбыра өнерінің нағыз классикасына айналды.

(<http://bmtv.kz/kz/-dina-n-rpejsova-turaly-10-derek>)




Ойтүрткі

1. «Күй атасы» деп кімді атайды? Дина Нұрпейісованы неге «Күй анасы» деп атайды?
2. Дина Нұрпейісова туралы өздерің қосымша ақпарат жинақтап, пікір бөлісіңдер.

**Жазылым**

2. Дина Нұрпейісованың жемісті жылдарын кластерге түсіріңдер.



3. «Қос жазба күнделігі» арқылы мәтіндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

**Әдеби тіл нормалары**

4. Өлеңге кідіріс белгісін (|, ||, |||) қойып жазып, интонациясымен оқып шығыңдар. Өлеңдегі негізгі ойды анықтаңдар.

Баба қазақ кебісті
Тас қапасқа өшікті.
Іздеймін деп кеңістік,
Кентін тастап көшіпті.

Ақын қазақ азаптың
Бәрін тастап көшіпті.
Іздеймін деп азаттық,
Тауын тастап көшіпті.

Батыр қазақ қылышты
Белін қашан шешіпті?!
Іздеймін деп тыныштық,
Түзін тастап көшіпті.

Бәрін тастап осы күн
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін
Тастамаған бірақ та!

(Қадыр Мырза Әлі)

**Үй тапсырмасы**

5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
- Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйін немесе өздеріңе ұнаған күйлерін (www.youtube.com) тауып, тыңдаңдар. Алған әсерлеріңді сипаттап, «Күй – тәңірдің күбірі» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.
 - Қазіргі қазақ күйшілерінен кімдерді білесіңдер? Олардың орындайтын күйлері және орындаушылық шеберліктері туралы сипаттама мәтін жазыңдар.

§41. Бүкіләлемдік ғаламтор желісі



Оқылым

1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты кестеге не диаграммаға түсіріңдер.

Ғаламтор тарихы компьютер дүниеге келген уақыттан басталады.

1957 жылы Кеңес Одағы Жердің жасанды серігін ұшырғаннан кейін, АҚШ Қорғаныс министрлігі ақпаратты тасымалдаудың сенімді жүйесі қажет деп шешті. АҚШ-тың алдыңғы қатарлы зерттеу жобаларының агенттігі (ARPA) осы мақсатта компьютерлік желі құруды ұсынды. Бұл желіні құру Лос-Анджелестегі Калифорния университетіне және Стэнфорд зерттеу орталығына тапсырылды. Компьютерлік желі ARPANET деп аталды. Барлық жұмыстарды АҚШ Қорғаныс министрлігі қаржыландырып отырды. Желіні ғылымның әртүрлі салаларындағы ғалымдар қолдана бастады. Алғашқы ARPANET серверіндегі «Honeywell-516» компьютерінде 12 КБ қана оперативті жад болатын.

1971 жылы желі арқылы электронды хабарлама жіберуге мүмкіндік беретін алғашқы компьютерлік бағдарлама жасалып, ол кеңінен таралды. 1973 жылы бұл желіге трансатлантикалық телефон сымы көмегімен Ұлыбритания және Норвегияның ұйымдары қосылып, желі халықаралық сипат алды. Бұл желі, негізінен, электронды хабарламаны жіберу үшін пайдаланылды. Бірақ басқа техникалық стандарттар негізінде жасалған желілермен байланыс орната алмайтын еді.

70-жылдардың соңында мәліметтерді тасымалдау стандарттары кеңінен тарай бастады, олар 1982–1983 жылдары бір стандартқа келтірілді. 1983 жылдың 1 қыргүйегінде ARPANET желісі NCP протоколынан TCP/IP протоколына көшірілді, бұл протокол қазіргі кезге дейін желілерді біріктіру үшін қолданылуда. 1983 жылы пайда болған «Интернет» термині ARPANET желісіне байланысты айтылатын болды.

(https://kk.wikipedia.org/wiki/«Интернет_тарихы»)



Ойтүрткі

1. Ғаламтор желісінің тарихы қай кезден басталады?
2. Алғашқы компьютерлік бағдарламаны қазіргімен салыстыруға келе ме?
3. Мәтіннен заттың қимылын, іс-әрекетін, жай-күйін білдіретін сөздерді тауып, оларға сұрақ қойыңдар.



Әдеби тіл нормалары



Есімше – бірде есім сөздердің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі. Есімше есімдерше түрленіп (септеліп, тәуелденіп, көптеліп), есім қызметін атқарады. Мысалы: *Білгенге мержан, Білмеске арзан. (Абай)*

Есімше жіктеліп етістіктің қызметін атқарады. Жұрнақтары:

1. -ған, -ген, -қан, -кен. Мысалы: *оқыған, білген, айтқан, түскен.*
2. -ар, -ер, -р, (болымсыз етістік жұрнағынан соң) -с. Мысалы: *айтар, көрер, санар, білмес.*
3. -атын, -етін, -йтын, -йтін. Мысалы: *баратын, келетін, тыңдайтын, сөйлейтін.*
4. -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек. Мысалы: *болмақ, білмек, жазбақ, сезбек, қашпақ.*

2. Екі бағандағы сөйлемдерді салыстырыңдар. Қою қаріппен берілген сөздердің қызметін түсіндіріңдер.

- | | |
|--|---|
| 1. Менің айтқаным дәл келді. | 1. Мен мұны бұрын да айтқанмын . |
| 2. Ғаламторда жазылғанның бөріне сене бермеу керек. | 2. Ғаламторда осы туралы жазылған . |
| 3. «YouTube»-тан көргенім мені таңғалдырды. | 3. «YouTube»-тан қызық сюжет көргенмін . |

3. Мәтіндегі етістіктерге есімше жұрнағын жалғап, қандай өзгеріс болғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: Бірде мынадай қызық оқиға болды. – Бірде мынадай қызық оқиға болған.

Ғаламтордағы барлық ақпаратқа сендім. Бірде мынадай қызық оқиға болды. «YouTube» желісіне жүктелген мәлімет бойынша ұялы телефонымды суға салып, беріктігін тексердім. Аздан соң телефоным істен шығып қалды. Демек, ғаламтордағы барлық ақпаратқа бірдей сенуге болмайды.



Жазылым

4. Берілген ақпараттарды бүгінгі күнмен байланыстырып, мәтін құрастырыңдар.

«Google» іздеуіш жүйесінің атауы «googol» (100 нөлі бар ондық) сөзінен шыққан. Доменді тіркеу кезінде қате кетіп, «Google» болып жазылып кеткен.

«YouTube»-ке жүктелген ең бірінші бейнежазба «Мен хайуанаттар бағындамын» деп аталыпты, алайда ол ешкімді қызықтырмаған.



Үй тапсырмасы

5. Есімшені түрлендіріп қолданып, бүкіләлемдік ғаламтордың тарихы туралы мәтін жазыңдар.

§42. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған



Оқылым

- Графикалық сызбадағы мәтіндерді құрылғының пайда болу кезеңіне байланысты ретімен оқыңдар.

Факс,
факсимильдік
аппарат



Телефон арналары арқылы графикалық мәліметтерді: мәтінді, кестені, сызбаларды, графиктерді, фотосуреттерді, т.б. жөнелту, тасымалдау, жеткізу жұмыстарын атқаратын құрал. Олардың дәл көшірмесін алу үшін қолданылады.

Жеделхат



Телеграф (телетайп) арқылы берілетін жедел сипатты құжат. Күнделікті қызмет барысында ақпарат немесе мәліметті екінші адамға я мекемеге жедел жеткізеді. Қазіргі заманда ақпаратты жедел жеткізудің басқа да түрлері болғанымен, жеделхаттар өз маңызын жойған жоқ.

Телефон



Американдық ғалым А.Т.Белл 1876 жылы ойлап тапқан. Содан бастап адамдар оны байланыс құралы ретінде пайдаланады. Алғашқы үлгілерімен салыстырғанда телефон жүйесінің дамуы айтарлықтай жетістіктерге жетті.



Ойтүрткі

- Алыстағы досыңа, туысыңа маңызды ақпаратты айту үшін нені қолданасыңдар?
- Ақпарат алмасу құралдарын ғаламтор қалай алмастырғаны туралы айтыңдар.



Әдеби тіл нормалары

Көсемше – бірде үстеудің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі. Көсемше іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, үстеудің қызметін атқарады. Мысалы: *Ол мектепке қарай асыға жүгірді. Сен сөзіңді анықтап айт. Осыны білгелі келдік.*



Жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, қимылды білдіріп, етістік қызметін атқарады.

Жұрнақтары:

1. -а, -е, -й. Мысалы: *Олар айтады, көреді, тыңдайды.*
2. -ып, -іп, -п. Мысалы: *Жайлауға барыпты, табиғатты тамашалапты.*
3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі. Мысалы: *Үлкендер бізге осыныны айтқалы жүр.*

2. Мәтіндегі етістіктің есімше, көсемше тұлғаларын табыңдар. Skype, WhatsApp, В Контакте, т.б. мессенджерлердің артықшылығын кластер не постер арқылы дәлелдендер.

Жеделхат – телеграф арқылы берілетін жедел сипатты құжат. Ақпаратты жедел жеткізудің факс, ғаламтор сияқты түрлері болғанымен, жеделхаттар әлі де өз маңызын жойған жоқ. Себебі хат ұзақ жүреді, ғаламтор мен факс қызметі қымбаттау, оның үстіне біз чертеж я сурет жібермейтін болсақ, факсты қолдану міндетті емес. Телефон арқылы жүргізілетін әңгімені іске тігіп қоя алмайсың, сондықтан ең ыңғайлысы жеделхат болып табылады.



Тыңдалым және айтылым (17)

3. Ы.Алтынсариннің өлеңін тыңдап, өлеңде ғылым мен техниканың қай түрі туралы айтылғанын, қазіргі заманда байланыстың қандай түрлері жүзеге асып жатқанын сипаттаңдар.



Деңгейлік тапсырма

4. Көсемшелерді қатыстыра отырып, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Суреттегі байланыс құралдары туралы сөйлемдер құраңдар.
 - 2-деңгей. «Телефон арқылы байланыс жасау» тақырыбында сұхбат жазып, көсемшенің қызметін түсіндіріңдер.
 - 3-деңгей. Оқылым және тыңдалым материалдарын негізге алып, осы тақырыпта ойтолғау жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Өнердегі, спорттағы жетістігімен құттықтап, танысыңа не әйгілі адамға жеделхат мәтінін жазыңдар. Жеделхат мәтінде көсемше тұлғалы етістіктердің болуын ескеріңдер.

§43. Қазақстанда ғаламтордың пайда болуы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты кластерге түсіріңдер. Қазақстандық ғаламтордың болашағы туралы ой бөлісіңдер.

Қазнет – ғаламтор желісінің қазақ және орыс тілдеріндегі қазақстандық бөлігі. Әзірше Қазнеттегі сайттардың басым бөлігі орыс тілінде. Дегенмен қазақ тілінің қолданылу аумағы өсіп келе жатқаны байқалады.

1994 жылдың 19 қыркүйегінде жоғары деңгейлі .kz домені ресми түрде тіркелді.

1996 жылы Александр Ляхов «Lyakhov.KZ – Большая энциклопедия Казнета» ақпаратты-ағартушы порталының негізін салды. Келер жылы «Весь WWW Казахстан» атты қазақстандық веб-ресурстар каталогінің жобасын іске қосты. Сол жылы қазақстандық сайт «Business Website of 1997» халықаралық конкурсында марапатқа ие болды.

1998 жылы ғаламтордың қазақстандық бөлігінде алғашқы виртуал дүкені мен «Guide Park» тауарлар каталогі, қазақ тіліндегі алғашқы сайт пайда болды. Ғаламтор арқылы тұрақты радиохабарлар жүзеге асырылып келеді.

1998 жылдың қазан айынан бастап тұңғыш рет Қазнетте университет ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн жүйесі іске қосылды. Аталған жүйе қазір lib.kazsu.kz сайтында қолданылады.

1999 жылы IANA халықаралық ұйымы «Желілік информацияның қазақ орталығын» жоғары деңгейлі .kz доменді атауын қолдау ісі бойынша менеджері ретінде тағайындады.

2009 жылы Қазақстандағы басты ақпараттық ғаламтор жүйесінің дамыған ұлттық сегментін қалыптастыру мақсатында «Қазконтент» АҚ компаниясы құрылды.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазнет>)



Әдеби тіл нормалары

Етістікке (қимыл-әрекетті білдіретін сөзге) -у жұрнағы жалғанғанда, сол сөз қимыл-әрекеттің атауын білдіреді. Мұндай сөздерді **тұйық етістік** деп атайды.

Тұйық етістік екі түрлі қызмет атқарады:

1. Тұйық етістік мағынасы жағынан зат есімдерге жақын болады. Зат есімдер зат атауын білдірсе, тұйық етістік қимыл атауын білдіреді. Сондықтан тұйық етістік зат есімдер сияқты көптік, тәуелдік, септік жалғаулары арқылы түрлене алады. Мысалы: *баруларына (болады), өсудің (нәтижесі), асығуға (болмайды), асықтыруды (қой), табысумен (аяқталды), сезуге (болады), (менің) айтуым.*

2. Тұйық етістіктің негізгі ұғымы қимыл-әрекетті білдірумен байланысты. Тұйық етістік қимыл атауы қалпында жұмсалып, *керек, тиіс, керек емес* сөздерімен тіркесіп, іс-әрекеттің міндетті түрде орындалуын я орындалмауын талап ету қызметінде жұмсалады. *Ендігі міндет – аянбай еңбек ету, еңбек өнімін арттыру, қоғамның өндірістік күшін дамыту. Менің айтуым керек. Сенің айтуың керек. Оның айтуы керек.*

Тұйық етістік жатыс септік формасында тұрып, іс-қимылдың созылыңқылығын, аяқталмағанын білдіреді. *Абай әлі де кітап бетіне үңілуде. (М.Ә.)*

2. Ғаламтордың пайдасын тұйық етістік тұлғасында санамалап жазыңдар.

Үлгі: Ғаламтордың пайдасы: жылдам ақпарат алмасу, ...



Жазылым

3. Мәтінді оқып, «Еркін жазу» әдісімен өздеріңнің ойларыңды жазыңдар.

Компьютербасты жарты адамдар

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты
Қонақтары сұрапты:

– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам, –

Ал дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,

Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.

Екі ұлымның тағдырында ол өзгеріс болмады,

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,

Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

(Мұхтар Шаханов)



Тыңдалым және айтылым (18)

4. Мәтінді тыңдап, «Блогер» туралы ойларыңмен бөлісіңдер.



Үй тапсырмасы

5. Сөздіктерді пайдаланып, оқылым мәтіндегі терминдердің түсіндірмесін жазыңдар.

§44. Әлеуметтік желілер



Оқылым

1. Мәтінді оқып, өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Әлемді алаңдатқан әлеуметтік желілер

Әлеуметтік желі адамдардың қарым-қатынасына құрылады, демек, әлеумет – халық, адамдар тобы болса, желі – байланыс, яғни, қарым-қатынас. Әлеуметтік желілер 1995 жылдардан бастап кеңінен қолданылуда. Алғашқы болып «Classmates.com» (сыныптастар) әлеуметтік желісі шықты. Ал 2003–2005 жылдары «MySpace», «Facebook» секілді желілер қосылды. Зерттеушілердің статистикалық мәліметіне сүйенсек, шетелде көп қолданылатын әлеуметтік желілер: «Facebook», «Last.fm», «LinkedIn», «MySpace» т.б.; Ресейде: «В Контакте», «Мой Мир», «Одноклассники.ru», «Живой Журнал». Ал Қазақстанда «nur.kz», «jnet.kz», «yvision.kz», «birge.k» сайттары жұмыс істеуде.

(group-global.org/.../15887)



Ойтүрткі

1. Қандай әлеуметтік желілерді қолданасыңдар?
2. Әлеуметтік желісіз өмір сүру мүмкін бе?



Әдеби тіл нормалары

Іс-қимылдың уақытын білдіретін етістіктің тұлғасын **етістіктің шақтары** дейміз. Етістіктің шақтары **осы шақ, келер шақ, өткен шақ** болып бөлінеді.

Осы шақ сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Оның екі түрі бар:

Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ
<p>Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Жасалу жолдары:</p> <p>1) <i>жатыр, отыр, жүр, тұр</i> қалып етістіктері жіктеліп келеді. Мысалы: <i>Әжесі отыр, немересі қасында жүр, ал мен есік алдында тұрмын.</i></p> <p>2) көсемше тұлғалы (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) етістікке <i>жатыр, отыр, жүр, тұр</i> қалып етістіктері тіркеліп, жіктеледі. Мысалы: <i>Мен тыңдап отырмын. Біз келе жатырмыз.</i></p>	<p>Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді. Жасалу жолы: Көсемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: <i>Таң атады. Күн шығады. Мұнда жаңбыр жиі жауады.</i></p>



Сұхбат

2. Әлеуметтік желілердің бірі арқылы сыныптастарыңмен белгілі бір тақырып жөнінде сұхбаттасыңдар. Сұхбат мәтіні осы шақта құрылсын.



Жазылым

3. Мәтінмен танысып, оны «Тікелей эфир» әдісімен жалғастырыңдар.

Әлеуметтік желілердің пайда болуының басты себебі – адамдардың бір-бірімен әңгімелесуді қалауы. Соңғы кездері адамдар бетпе-бет кездесуден гөрі, әлеуметтік желілерде тілдесуді қалайды...



Артық болмас білгенің

- Әр секунд сайын 8 адам қандай да бір әлеуметтік желіге тіркеледі.
- «Google»-дегі іздеу саны күніне 1 миллиардтан асады.
- «Facebook» – адам саны бойынша Қытай мен Үндістаннан кейінгі үшінші «мемлекет».
- Жаңалықтар әлеуметтік желілер арқылы тарағаннан бері газеттердің тираж саны азайған.



Деңгейлік тапсырма

4. Тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген сөйлемдердің етістіктерін нақ осы шақ тұлғасында жіктеңдер.
 - 2-деңгей. Қандай маңызды үш жағдайда ғаламторды пайдаланасыңдар? Ауыспалы осы шақта диалог жазыңдар.
 - 3-деңгей. Берілген ұйқасты пайдаланып, өлең құрастырыңдар:

... .. батылмын,
 жатырмын.
 күнмін,
 жүрмін.



Үй тапсырмасы

5. Осы шақта «Әлемді алаңдатқан әлеуметтік желілер» тақырыбына «Төрт сөйлем» тәсілімен өзіндік пікір жазыңдар.
 - 1-сөйлем: пікір;
 - 2-сөйлем: дәлел;
 - 3-сөйлем: мысал;
 - 4-сөйлем: қорытынды.

§45. Ең көп қолданыстағы желілер



Оқылым

1. Мәтінді оқып, өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар. Әлеуметтік желілердің пайдалы және зиянды жақтарын атаңдар.

Ғаламтордағы әлеуметтік желінің бірінші баламасын 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан. Ол «Classmates» деп аталады, яғни, «Сыныптастар». Сайттың мақсаты – бір сыныпта және бір мектепте оқыған достарды табуға мүмкіндік жасау. Бүгінде ол сайт жұмысын жалғастыруда. Бұл сайтты әлемде 50 млн адам қолданады екен. 1997–1999 жылдары «Asian Avenue», «Mi Gente», «Black Planet», «Live journal» сынды желілер пайда болды. Ал 2004 жылы Марк Цукерберг «The Facebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады.

Қазір әлем халқының 57% -ы бетпе-бет тілдесуден гөрі ғаламтор арқылы тілдескенді жөн көреді екен. Әлеуметтік желі адамдарды шынайы өмірден алыстатады. Бұл әсіресе жастар арасындағы күрделі проблема болып отыр. Күн ұзаққа желіде отыратын бала адамдармен шынайы араласа алмайды, тұйықталып, ғаламторға тәуелді болады.

Әлеуметтік желілер – уақыт ұрлаушылар. Адамның желіге тәуелділігі сондай – бас алмай отырып, минуттардың, оның артынан сағаттардың қалай жылжып кеткенін байқамай да қалады.

(www.inform.kz/chn/article/2717645)



Ойтүрткі

1. Әлеуметтік желілерді сабаққа дайындық барысында қолданасыңдар ма?
2. Ең көп қолданыстағы желі қайсы деп ойлайсыңдар?
3. Сыныптастарыңмен қандай желі арқылы байланысасыңдар?



Әдеби тіл нормалары

Келер шақ сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатын іс-қимылды білдіреді.

Оның үш түрі бар:

<p>Болжалды келер шақ іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.</p>	<p>Мақсатты келер шақ іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.</p>	<p>Ауыспалы келер шақ алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.</p>
--	--	---



Жасалу жолы: болымды етістікке есімшенің *-ар, (-ер, -р)* жұрнағы, болымсыз етістікке есімшенің *-с* жұрнағы, оған жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы: *барармын, көрерсің, айтпаспыз, білмес, т.б.*

Жасалу жолы: түбір не туынды етістікке есімшенің *-мақ, (-мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек)* жұрнағы, оған *-шы, (-ші)* және жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы: *бармақпын, көрмекпіз, тыңдамақшы, кетпек, т.б.*

Жасалу жолы: түбір не туынды етістікке көсемшенің *-а, (-е, -й)* жұрнағы, оған жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы: *қалады, өседі, ауысады, сөйлеседі, т.б.*

- Ең көп қолданыстағы желілер туралы келер шақтың үш түріне сөйлемдер жазыңдар.
- Төмендегі мәтінді келер шақ етістіктері қатысқан сөйлемдермен қорытындылаңдар.

«Астана ақшамы» газетіндегі мәліметке қарасақ, Қазақстанда күнделікті 6 миллионға жуық адам әлеуметтік желілерді пайдаланады екен. Ең танымал әлеуметтік желілердің қатарына «Мой мир», «В контакте» және «Facebook»-ті жатқызуға болады... (<http://www.inform.kz>)



Жазылым

- Көп нүктенің орнына ойтүрткіде айтылған пікірлеріңді пайдаланып, «ТВ-Шоу» жүргізіп көріңдер. Ұтымды пікірлерді дәптерлеріңе жазыңдар.

Мен үшін желі пайдалы. Мен өзімді желісіз елестете алмаймын, себебі...
Мен жастардың желіде ертеден кешке дейін отыруына қарсымын, өйткені...

- «Әлеуметтік желілер – уақыт ұрлаушылар ма?» деген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдер жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»



Үй тапсырмасы

- Суретте көрсетілген белгілермен танысып, бір әлеуметтік желі туралы келер шақта мәтін жазыңдар. Осы шақпен салыстырып түсіндіріңдер.



§46. Компьютердің адам ағзасына әсері және ғаламтордың зияны



Оқылым

1. Мәгін мазмұнымен танысыңдар, сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

Компьютердің зияны туралы мақалалар өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап жарық көре бастады. Әсіресе алуан түрлі ойындардың балалардың денсаулығына, жүйке жүйесіне зақым келтіретіні сол кезде-ақ ғылыми негізде дәлелденген. Сонымен, компьютердің адам ағзасына тигізетін залалдары:

- көздің көру қабілетін төмендетеді;
- омыртқалардың қисаюына әкеледі;
- жүйкеге салмақ түсіреді;
- шаршағыштық, әлсіздік пайда болады.

Бұған қоса бала құмарпаздық салдарынан компьютерге тәуелді болады. Мінезі күрт өзгереді, айналасына немқұрайды қарауды әдетке айналдырады. Басқа ойындарға, ақыл-ойды дамытатын қызықты тақырыптарға талпынысы болмайды. Баланың көңіл күйіне де әсер етеді. Бұрын көңілді, сергек жүретін бала енді көбіне ашулы, күш көрсетуге бейім болады. Сонымен бірге балада тек өзіне ғана мәлім «жабық әлем» қалыптасады. Тек компьютермен шектелген бала ерте ме, кеш пе, әйтеуір, қатарластарымен тілдесе алмайтын халге жетеді. Тіпті бұған дейін достасып жүрген жолдастарын жоғалтады.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki>)



Ойтүрткі

1. Күніне неше сағат ғаламторда отырасыңдар?
2. Ғаламтордағы қай сайтқа жиі кіресіңдер?
3. Компьютерде жұмыс жасауда қанша уақыт аралығында үзіліс жасайсыңдар?



Жағдаяттық тапсырма

2. Топтасып, «Бекболға 5 кеңес» жазыңдар. «Өкіл» әдісі арқылы талдаңдар.

Бекбол – үлгерімі жақсы оқушылардың бірі. Бірақ соңғы кезде сабақ үлгерімі төмендеп, мінезінің күрт өзгергені байқалды. Анасының айтуынша, үй тапсырмасын орындаймын деп күні бойы компьютердің алдында отырады екен.



Әдеби тіл нормалары



Өткен шақ сөйлеп тұрған уақыттан бұрын біткен іс-қимылды білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
<p>Іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді.</p> <p>Етістікке жедел өткен шақтың арнайы жұрнағы (-ды, -ді, -ты, -ті) жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды.</p> <p>Мысалы: Мен бар+ды+м. Сен біл+ді+ң. Ол кел+ді.</p>	<p>Болғанына көп уақыт өткен іс-қимылды білдіреді.</p> <p>Етістікке есімшенің (-ған, -ген, -қан, -кен) жұрнағы, көсемшенің (-ып, -іп, -п) жұрнағы жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды.</p> <p>Мысалы: Мен бар+ған+мын. Сен ұқ+па+п+сың. Ол кел+ген, кел+іп+ті.</p>	<p>Сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.</p> <p>Етістікке есімшенің (-атын, -етін, -йтын, -йтін) жұрнағы жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды.</p> <p>Мысалы: Мен бар+атын+мын. Сен біл+етін+сің. Ол кел+етін.</p>



Тыңдалым және айтылым (19)

3. Мәтінді тыңдап, мазмұнын талқылаңдар.



Деңгейлік тапсырма

4. Оқылым және тыңдалым мәтіндерін негізге алып, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. Компьютер мен ғаламтордың зияны туралы айтылған ойды жедел өткен шақта жазыңдар.
- 2-деңгей. Ғаламтордың алғашқы даму үрдісі туралы бұрынғы өткен шақта сұхбат сұрақтарын құрастырыңдар.
- 3-деңгей. «Компьютердің зиянынан қорғану шаралары» тақырыбында ауыспалы өткен шақта шағын мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Берілген тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында мәтін құраңдар.

Пайдалы, зиянды, спорттық ойындар, компьютерлік ойындар, кітап оқу, ғаламтордан іздеу, әлеуметтік желі, анама көмектесемін, ережелерді сақтау, компьютер алдында, ұзақ отыру, үзіліс жасау, денсаулығым алаңдаймын, дұрыс шешім.

§47. Ғарыш пен ғаламтор



Оқылым

1. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі мәліметтерді кесте, диаграмма, сурет не шартты белгілер арқылы бейнелеңдер.

«KazSat» сериялы ұлттық ғарыш жүйесі қазақстандық спутниктік операторлар қызметін тұтынушылардың сұранысын қанағаттандырып, еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен бірге шетелдік ресурстарды жалға алғаны үшін шетелге кететін қаржы ағынын азайту үшін құрылған.

Бүгінгі күні «KazSat-2» штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Оның жүктемесі жалпы ауқымның 66% -ын құрайды.

Ал «KazSat-3» спутнигін ұшыру арқылы Қазақстан байланыстың толыққанды жүйесін иеленетін болады, яғни, ғарыштық байланыс секілді аса маңызды салада автономия алып, сыртқы көздерден тәуелсіздігін жүзеге асырып отыр деген сөз. Осылайша біз спутниктік хабар таралымдарын қамтамасыз етіп, елімізде жылдам Интернеттің қалыптасуына жағдай жасаймыз. Ең бастысы, еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі жүйесін өз қолымызда ұстап, толығымен қамтамасыз ететін боламыз», – дейді Талғат Мұсабаев.

Тұтастай алсақ, «KazSat-3» Жер серігін мамандар қазірдің өзінде үлкен жеңіске балап отыр. Шындығында, ғарышта Жер серігі бар мемлекеттердің саусақпен санарлық екенін ескерсек, ал Қазақстанда бір емес, екі Жер серігінің бір-біріне септесетіні – біз үшін аса маңызды қадам.

(<http://bnews.kz/kz/news/...>)



Ойтүрткі

1. Ғарыш пен ғаламтордың арасында қандай байланыс бар?
2. Ғарышта өз спутнигіміздің болуы қаншалықты маңызды?



Әдеби тіл нормалары

Сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың болмысқа, шындыққа қатысын білдіретін етістік формалары **рай** деп аталады.

Ашық рай – қимылдың болу-болмауының үш шаққа да қатысты екенін көрсететін етістіктің формасы. Мысалы: *Жел соғады. Жел соқты. Жел соғып тұр.*



Шартты рай – іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын көрсететін рай түрі. Етістікке *-са, -се* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Жақсы оқысаң, кейін пайдасын көресің. Ертерек келсем, уақыт ұтамын.*

Қалау рай адамның ниеті, ықыласы, ынтасына қатысты ақпаратты білдіреді. Етістікке: 1) *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнағы мен тәуелдік жалғауы жалғануы және *кел* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы; 2) *-ғай, -гей* жұрнағы, оған жіктік жалғауы жалғану арқылы; 3) *-са, -се* жұрнағы жалғанып, одан кейін *игі* сөзі мен *еді* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *білгім келеді, барса игі еді, көрсем екен, жеткізгейсің*, т.б.

Бұйрық рай іс-әрекетке қозғау салып, оның міндетті түрде орындалуын талап етеді. I жақта етістікке *-айын, -ейін, -йын, -йін*; көпше түрде *-айық, -ейік, -йық, -йік*; II жақта қосымша болмайды, көпше түрде *-ыңдар, -іңдер, -ңдар, -ңдер*; III жақта *-сын, -сін* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Мен барайын. Сен бар. Сендер барыңдар. Ол (олар) барсын.*

2. Ашық райлы сөйлемдердің қай шақта тұрғанын ажыратыңдар.

1955 жылдың 12 ақпанында ғарыш айлағын Қазақстанда тұрғызу туралы шешім қабылданды. 1957 жылдан бері «Байқоңыр» әлемдегі тұңғыш әрі көлемді айлақ болып келеді. 1957 жылдың 4 қазанында орбитаға алғашқы жасанды Жер серігі ұшырылғандығы туралы газеттерге жарияланды. Бірақ ол үш айдан кейін Жер атмосферасында жанып кетті. Ғарышқа ұшқан ең алғашқы тіршілік иесі – Лайка деген ит. Бірақ бұл сапар да сәтсіз аяқталды. Мұнан соң 1960 жылдың 20 тамызында Белка мен Стрелка атты иттер ұшты. Бұл екеуі жер бетіне оралған соң, аттары аңызға айналып, сапардан ешқандай жамандық көрмей, баяғыша өмір сүре берді. Тіпті бірнеше айдан соң Стрелка дүниеге дені сау алты күшік алып келді. Осы бір сәтті сапардан кейін мамандарда нық сенім пайда болып, ғарышты бағындыруға кірісіп кетті.

(<https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/1462/>)



Жазылым

3. Мәтінді қалау райда аяқтандар.

Әлемде «Байқоңырдан» да басқа ғарыш айлақтары бар. Алайда бүгінгі таңда «Байқоңыр» – әлемдегі ең ірі ғарыш кешені. Осы бір ғажайып ғарыш қаласын ғаламтор қызметінсіз елестету мүмкін емес...



Үй тапсырмасы

4. Негізгі ақпаратты рай түрлеріне қарай жазып, әр рай түріне 2 мысалдан келтіріңдер.

§48. Ғаламтор және кітап



Оқылым

1. Сайлаубай Жұбатырұлымен болған сұхбатты оқыңдар. Жазушы пікірімен келісе-сіңдер ме?

Мына заманда жастардың электронды кітапты оқығанының өзіне шүкіршілік айтуымыз керек. Әрине, бұл – техника, прогресс, бұл үдерістер жеңеді. Ертең саусағымызды шертіп қалып, көз алдымызға кез келген кітапты әкелетін технологияға жетуіміз мүмкін. Кітапты оқудың мәнісі оның ішіндегі сөздің мәйегін, философиясын, айтар ойын ала білуде ғой. Бірақ, әрине, табиғи кітап оқығандай болмайды. Психолог мамандар кітаптың әр парағын саусақпен ашудың өзі адамның жанына кереметтей ләззат беретінін, адамның қанына толқыныс беретінін дәлелдеген. Бірінші бетін аяқтап, келесі бетке көшкеннің өзі ойдың ұмтылысына, мидың жасушаларының толық жұмыс істеуіне әсер етеді екен. Кітапты темір жәшіктен оқығаннан гөрі көзбен көріп отырып, саусақпен парақтап оқыған тиімдірек деп ойлаймын. Бұл екеуінің арасында үлкен айырма бар. Тіпті Пушкиннің өзі өмірден кетерінде адамдармен емес, сөредегі кітаптарымен: «Қош болыңдар, менің достарым!» – деп қоштасыпты. Сондықтан «тірі кітап» оқудың мәнісі өте зор. Өйткені ешқандай техника да, ешқандай экран да кітап дейтін қасиеттіні ауыстыра алмайды. Кітап жастығыңның астында жатады. Түсіңе енеді, онымен сырласуға болады. Оған қайта-қайта оралып соғуға болады.

(http://www.inform.kz/kz/galamtor-zhane-kitap-gumyr_a2727948)



Ойтүрткі

1. Ғаламтордан кітап оқып көрдіңдер ме?
2. Қағаз кітап пен электронды кітапты оқудың айырмашылығы бар ма?



Сұхбат

2. Оқылым материалын «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы арқылы талқылаңдар. Мәтін мазмұны бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылаңдар. Негізгі ақпаратты дәптерге жазыңдар.
 1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



Әдеби тіл нормалары

3. Сөйлемдерді рай түріне қарай ажыратыңдар. Райдың қалған түрлеріне ауыстырып жазыңдар.

... рай	... рай	... рай	... рай
Әр секунд сайын 8 адам бір әлеуметтік желіге тіркеледі.			
	Ғаламторға тәуелді болудан сақтаныңдар.		
		Керек мәліметті «Google»-ден іздесең, тез табасың.	
			Ғарыш пен ғаламтордың байланысы туралы көбірек білгім келеді.



Жазылым

4. Сурет түрінде берілген ақпаратты зерделеп, осы үдерісті сипаттап, қазіргі кездегі ғаламтордың рөлі туралы мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. «Салыстырмалы карта» әдісімен оқылым материалы бойынша ойтолғау жазыңдар.
 1-қадам: салыстыру үшін мәтіннен 2 ұғымды ұсыну;
 2-қадам: ұғымдарды сипаттау және келтірілген салыстырма сөздердің дәйектемесін жазу;
 3-қадам: сурет арқылы бейнелеу.

§49. Ғаламтор және мен



Оқылым

1. Мәтін мазмұнымен танысып, ғаламтордың болашағы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Ғаламтордың «торына түскен» тұтқындар

«Егер сізге компьютеріңізден ажырау қиынға соқса, компьютерлік ойындар сізге демалу мен тамақтануды ұмыттырса, ғаламторда хат алмасуды өз бетіңізбен тоқтата алмасаңыз, міндетті түрде психиатр маманның көмегіне жүгінгеніңіз жөн». Бұл – американдық психолог Джеральд Блоктың жасаған тұжырымдамасы. Ол компьютерге тәуелділікті психиатриялық ауытқудың бір түріне жатқызады.

Қытайда жеткіншектердің 13,7% -ы ғаламторға тәуелді екен. Бұл – 10 миллион бала ғаламтор тұтқыны деген сөз. Бүкіл әлем бойынша ғаламторға тәуелділіктен емдейтін арнайы клиникалар ашылуда. Қытайда электрошок қолданып емдейтін клиника ашылған. Ем қабылдаған балалар «ғаламтор» деген сөзді аузына да алмайтын болып шығатын көрінеді.

Ал Аустралияда ата-аналар «өлеуметтік желілер жас жеткіншектерді ақымақ қылады» деп дабыл қағуда. Өлеуметтік желілерді пайдаланатын балалардың 65% -ы үй шаруасына немқұрайды қарап, оқуы нашарлап, интеллектісінің дамуы төмендейтінін айтады. Осының салдарынан ата-аналар балаларының болашағына алаңдаулы.

(<http://www.akjolgazet.kz/?p=23552>)



Әдеби тіл нормалары

2. Ашық райлы сөйлемдерді аяқтап, дәптерлеріңе жазыңдар.

Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
1. Біз ғаламтордың тиімділігіне	1. Кей өлеуметтік желілер қарапайым желілерден	1. Келешекте өлеуметтік желілерге сұраныс
2. Ғаламтордың мүмкіндіктерін күнделікті	2. Ғарыштық байланысты дамыту үшін Жер серігі	2. Болашақта ғаламтордың пайдасы
3. Электронды кітап оқу табиғи кітап оқығандай	3. Адамның өз қолымен жазған хаты әсерлі	3. Жастардың ғаламторға тәуелділігін қалай ... ?

3. Өз білімдеріңді тексеріңдер.
 1. Суреттеңдер. Етістіктің басқа сөз таптарынан айырмашылығы қандай?
 2. Салыстырыңдар. Есімше, көсемше, тұйық етістік формаларына мысалдар келтіріп, салыстырыңдар.

3. Саралаңдар. Етістіктің шақтары жайлы не білесіңдер? Олардың қандай ерекшеліктері бар?
4. Қолданыңдар. Мысалдармен дәлелдендер.
5. Ой ашар. Сүйікті ақындарыңның өлеңдерін еске түсіріп, етістіктерді рай түрлеріне ажыратыңдар.

4. Жақшаның ішінде берілген шылау ма, қосымша ма? Жақшаны ашып, ережеге сай жазыңдар.

Адамзат ғаламторды өз қолымен жасаса (да), оның табиғаты (мен) болмысын терең түсінбейді. Күндердің күні болған (да) адамға зияны тимей (ме)? Тек ғаламторға сеніп өмір сүр (ме)! Оның адам өміріне пайдасы (мен) зиянын саралап көр. Қазір біз сол пайда (мен) зиянның алғашқы белгілері (мен) ғана таныса бастадық. Өйткені ол жеке басымыздың еркіндігі (мен) қауіпсіздігіне (де) ықпал ететін күшке айналып келеді.

(<http://syрboyi.kz/negizginews/9279->)



Жазылым

5. Оқылым материалын негізге алып, оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар. «Т кестесіне» түсіріңдер.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

6. Мәтіндердегі ойды негізге алып, өз көзқарастарыңды «Галереяны шарлау» әдісімен жазыңдар.



Үй тапсырмасы

7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Күнделікті өмірде ғаламтордың қандай қызметтерін (Интернет-дүкен, хабарландыру, билетке тапсырыс беру, географиялық карта, т.б.) қолданасыңдар? Ғаламтордың өз өміріндегі рөлін зерделеп, «Ғаламтор және мен» тақырыбында эссе жазыңдар.
 2. «Инсерт» әдісімен тарау бойынша қорытынды ойларыңды жазыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағаным қайшы)	? (білгім келеді)

VII

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ

§50. Қазақстан халқы Ассамблеясы



Оқылым

1. Мәтінді оқындар, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрындар. «Еркін жазу» әдісімен Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ойларыңды жазындар.

Ассамблея (фр. «assemblée» – жиналыс) бірлестік деген мағынада жұмсалады. 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайтудағы рөлін көрсете отырып, этносаралық келісімді қамтамасыз ету, қазақстандық патриотизм және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру.

Бүгінде Қазақстанда тұратын 130-дан аса ұлт өкілдерінің мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі дамуы үшін барлық жағдай жасалған. 800-ден аса этномәдени бірлестіктер мен 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар жұмыс жасауда. Өзбек, төжік, ұйғыр, украин және орыс тілдерінде білім беретін мектептер бар.

Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы, Әлемдік дәстүрлі діндер көшбасшылары съездері өтеді...

(«Ұлттық энциклопедиядан»)



Ойтүрткі

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын тірек сөздерді тауып, себебін дәлелдендер.
2. «Ерегескен ел болмайды, Есептескен дос болмайды» мақалының мәнін осы тақырыппен байланыстыра отырып түсіндіріңдер.



Әдеби тіл нормалары

Еліктеу сөз – әртүрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеу және олардың бейнесін елестету мәніндегі сөз табы.

Сөйлемде, мәнмәтінде еліктеу сөздер көмекші етістікпен тіркесіп, бейнеге не дыбысқа еліктеу мәнін (*жарқ етті, тарс етті, гүрс етті, қорбаң етті*) білдіреді. Мысалы: *Осы бір жылдың ішінде Астанада бір-біріне ұқсамайтын, күн сәулесімен жарқ-жүрқ еткен, сән-салтанаты келіскен ғимараттар салынды.*

Сондай-ақ еліктеу сөздерге жұрнақтар жалғанып, ол заттық, амалдық, қимылдық мәнде де (*тарс-тыл, дүрс-іл+де+п, желп(б)+іре*) жұмсалады. Мысалы: *Мерекелік шараларда Қазақ елінің көк байрағы желбіреп тұрады.*



2. Еліктеу сөздерді қолданып, тәуелсіз еліміздегі халықтар достығы туралы бір шумақ өлең құрастырып көріңдер.



Жазылым

3. Топтасып, «халықтар достығы» ұғымының мәнін ашатын «Ассоциативті карта» сызыңдар. Мақал-мәтел, қанатты сөздерден тақырып қойып, өз көзқарастарыңды топ алдында дәлелдеңдер.
4. Оқылым мәтінін және Президент жарлығын негізге алып, «Позиция таңдау» әдісімен көзқарастарыңды ауызша дәлелдеңдер. Негізгі түйіндеріңді тезис түрінде жазыңдар.

Қазақстан Республикасы азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұратын ұлттар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге міндетті. *(Президент Жарлығынан)*



Үй тапсырмасы

5. Суреттерде қай ұлт өкілдері бейнеленген? Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді қолданып, сөйлемдегі ойды жалғастырып жазыңдар.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі, өйткені...



§51. «Мәңгілік ел: бір ел – бір тағдыр»



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқып, «Мәңгілік ел» идеясына кластер жасаңдар.

«Мәңгілік ел» идеясы – халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам.

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа кезекті Жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», – деп бастады.

«Мәңгілік ел» идеясының жариялануы – ұлттық идеядан туған түйін-тұжырым. «Мәңгілік ел» – отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны. Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем карта-сынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.

Біз елімізбен мақтанамыз. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан тәуелсіздік алды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлде-қайда қиын. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз.

(www.akorda.kz/.../)



Ойтүрткі

1. «Мәңгілік ел» идеясының мәні неде?
2. Тәуелсіздікті сақтап қалу жолында не істеу керек деп ойлайсыңдар?



Әдеби тіл нормалары

Еліктеу сөз құрамына қарай екіге бөлінеді:

Дара еліктеу сөз	Күрделі еліктеу сөз
Бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды) тұратын еліктеу сөздер. Мысалы: <i>тарс, күмп, жымың</i> , т.б.	Екі сөздің қосарлануынан жасалған еліктеу сөздер. Мысалы: <i>тарс-тұрс, қисаң-қисаң</i> , т.б.



2. Табиғат құбылыстары мен аң-құстардың бейнесін, дауыстарын елестете отырып, дара және күрделі еліктеу сөзге мысалдар жазыңдар.



Деңгейлік тапсырма

3. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңдар.
 - 2-деңгей. Тірек сөздердің мағынасын сөздіктен анықтаңдар.
 - 3-деңгей. «Мәңгілік ел» – ата-бабамыздың асыл арманы» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Болашағымызға бағдар етіп, ұлтты ұйыстыра отырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады... Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел».

(Нұрсұлтан Назарбаев)



Жағдаяттық тапсырма

4. Төмендегі мақал-мәтелдердің біреуіне жағдаят ойластырыңдар. Шылау және еліктеу сөздерді қатыстырып, қысқаша мәтін жазыңдар.
1. Ақылың болса арыңды сақта: ар-ұят керек әр уақытта.
 2. Ел намысы – ер намысы.
 3. Ер жігіт – елінің ұлы, намысының құлы.
 4. Өлімнен ұят күшті.
 5. Мал сақтама, ар сақта.



Үй тапсырмасы

5. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өз ойларыңды эссе түрінде жазыңдар. Еліктеу сөздерді орынды қолданыңдар.

Менің Отаным, Тәуелсіз Қазақстан, азаматымын, ұлт өкілдері, бейбіт, ел, кеңпейіл халық, мемлекеттік тілі, өз Ата Заңы, парыз, білу, құрметтеу, мақтаныш, Отан қорғау, әрқашан, бейбітшілік, туған жер, менің тілегім, ашық аспан.

§52. Тұрақтылықтың басты кепілі – татулық пен келісім



Оқылым

1. Мәгінді оқып, «Позиция таңдау» әдісімен көзқарастарыңды ауызша дәлелдендер. Негізгі түйіндеріңді тезис түрінде жазыңдар.

Әрбір өркениеттің, діннің және халықтың орындайтын өзіндік міндеттері бар. Қазақстанның түркі мемлекеттері, Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық одақ аясындағы іргелес елдермен достық қарым-қатынас қалыптастыруы – ел тыныштығының кепілі.

Ұлттық тұтастық, ұлттық өркендеу халықтар арасындағы келісімге негізделеді. Осындай өзекті мәселелер алдында Қазақстанның беті ашық, жүзі жарқын деуге әбден болады. Қазақ елінің тағдыры тауқыметке толы болғанмен, ешқашан өзгені өзегінен теппеген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарынан бастап, этносаралық татулық пен келісімді сақтауға, дамытуға, олардың қауіпсіздігі мен бейбіт тұрмысын қорғауға бар күш-жігерін салды.

Қазақ халқы қай заманда да елдікке, ел берекесінің тұрақты болуына үлкен назар аударған. Сондықтан да болар, ел аузында: «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» деген нақыл сөздер қалды. Бұл – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның басты қағидасына айналды.

Татулық пен келісім – тәуелсіздіктің негізі. Бүгінде Қазақстан 130-дан астам этнос өкілінен тұратын 17 миллионнан аса халқы бар беделді мемлекетке айналды. Қазақстандағы этностар қазақ халқымен тарихи сын сағаттарда өзара келісім орната білді. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінгі таңда қоғамдағы топтастырушы және біріктіруші күшке айналып отыр.

(<http://www.inform.kz/2946872>)



Ойтүрткі

1. «Кепіл» сөзінің мәнін түсінесіңдер ме? «Татулық» сөзінің синонимдерін атаңдар.
2. «Қазақ халқы», «қазақстандықтар» «этностар» деген сөздердің мағынасына түсінік беріңдер.



Тыңдалым және айтылым (20)

2. Әнет бабаның әңгімесі мен осы тақырыптың арасында қандай байланыс бар?



Әдеби тіл нормалары

Еліктеу сөз тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

Негізгі еліктеу сөз	Туынды еліктеу сөз
Бөлшектеуге келмейтін түбір еліктеу сөздер. Мысалы: <i>морт, күрс, селк, бұлк</i> , т.б.	Түбірге жұрнақ жалғануы арқылы жалғанған еліктеу сөздер. Жұрнақтары: <i>-аң, -ең, -ың, -ің, -ң</i> . Мысалы: <i>қиса-ң, елп-ең, ырж-ың</i> , т.б.



3. Жұмбақтардағы еліктеу сөздерді тауып, тұлғасы мен құрамына қарай талдаңдар. Жұмбақтарды шешіңдер.
1. Қалқиған ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады.
 2. Көк көйлекті жеңешем
Көлбең-көлбең етеді,
Желмен ұшып кетеді,
Жер түбіне жетеді.
 3. Тарпаң-тарпаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.
 4. Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен.
 5. Аяғы біреу, қолы жоқ,
Шиыр-шиыр жолы көп.



Жазылым

4. Топқа бөлініп, мақал-мәтелдердің жалғасын жазыңдар.

«Бірлік» тобы:

1. Бірлігі жоқ ел тозады, ...
2. Бірлік, бірлік түбі – ...
3. Саусақ бірікпей, ...
4. Бірлік бар жерде ...
5. Кеңесіп пішкен тон ...

«Ынтымақ» тобы:

1. Ынтымақ жүрген жерде ...
2. Ырыс алды – ...
3. Ынтымақ болмай ...
4. Теңге – тиыннан, ...
5. Сырттан келген жаудан да ...

«Татулық» тобы:

1. Татулық – табылмас...
2. Жартыны жарып жеген – ...
3. Аз да бітер, көп те бітер, ...
4. Ұрыстың арты – реніш, ...
5. Абысын тату болса, ...



Үй тапсырмасы

5. Достық, бірлік тақырыбына өлең шығарып көріңдер. Еліктеу сөздерді қатыстырыңдар.

§53. Қос бәйтерек достығы



Оқылым

1. Мәтінді оқып шығып, оған тақырып қойыңдар. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісімен қорытынды пікір жазыңдар.



Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» («Ғасыр айрығындағы сырласу») атты рухани-философиялық, тарихи-танымдық және махаббат хикаяларына құрылған эсселер кітабы дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылған. Кітаптың адамзаттың ертеңгі күніне дұрыс бағыт-бағдар, өнегелі тәлім-тәрбие беретін, соңғы жылдардағы «ең парасатты кітап» деп бағалануы айтулы үлкен оқиға болды.

Шыңғыс пен Мұхтардың бір-біріне деген шынайы, риясыз көңілі, ылғи да кездесу, жиын-тойларда бірін-бірі іздеп отыруы сирек кездесетін ерлер достығын құрайды. Өз басым нағыз достар деп мінезі, ниеті, ізгілігі жарасқандарды ғана емес, көп адамның өресі жете бермейтін түйсік, сана биігінде бір-бірін терең түсіне алғандарды атар едім. Бұл екі дос – тіршілікте өте сирек ұшырасатын осы биіктіктің адамдары. Сондықтан да қырғыз елінде қанатты сөзге айналып кеткен:

Екі халық достассын,
Қазақ пенен қырғыздай.
Екі жігіт достассын,
Мұхтар менен Шыңғыстай, –

деген жыр жолдары тегіннен-тегін айтылмаса керек.

(С.Эралиев.old.abai.kz/node/22420)



Ойтүрткі

1. Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов туралы білетіндеріңді айтыңдар.
2. Шыңғыс пен Мұхтардың достығы қазақ пен қырғыз арасындағы достықтың көрсеткіші бола ала ма?
3. «Мінез», «ниет», «ізгілік», «терең түйсік» деген сөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер?



Әдеби тіл нормалары

Еліктеу сөз мағынасына қарай екіге бөлінеді:

Еліктеуіш сөз	Бейнелеуіш сөз
Түрлі дыбыстарға еліктеуден туындаған сөздер. Мысалы: <i>тарс, сарт-сұрт, тасыр-тұсыр, салдыр-гүлдір</i> , т.б.	Көру арқылы сипаттайтын еліктеу сөздер. Мысалы: <i>маң-маң, сылқ, жалт, күрт, морт, қисаң-қисаң</i> , т.б.



2. Көмекші етістіктерімен берілген еліктеу сөздерді мағыналық түрлеріне ажыратып, екі бағанға жазыңдар, олармен сөйлем құраңдар.

Зу-зу етіп. Елпең қақты. Бұрқ етті. Жарқ-жүрқ етеді. Саңқ етіп. Шыр-шыр еткен. Селк ете қалды. Жапұр-жұпыр амандасты. Шып-шып терледі. Саңғыр еткен. Гүрс етіп атылды. Сарт-сұрт ете қалды. Дір-дір етті. Күрк-күрк жөтелді. Гулеп кетті. Салдыр-күлдір құлады. Зып етіп. Қалт тоқтады. Жалт қарады. Пыс-пыс етіп ұйықтады.



Фибратты сөз

3. Қанатты сөздерді оқып, «Галереяны шарлау» әдісімен көзқарастарыңды білдіріңдер.
1. Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса – қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса – іздеп таба алмайсың. (*Абай Құнанбаев*)
 2. Жақсы жолдас сыр шашпас. (*Ақан сері Қорамсаұлы*)
 3. Дос достың кемшілігін кешіре білер. (*Жүсіп Баласағұн*)



Жазылым

4. Төле бидің даналық сөздері туралы өз ойларыңды «Қос жазба күнделігіне» жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

Сөзге шешен, ойға көсем Төле би өмірлік ұстанымын былай тұжырымдайды: «Өгізді өрге салма – қанатың талар, наданға сөзіңді салма – сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер, дұшпаныңа сырыңды айтпа – түбіңе жетер. Жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар». (anatili.kazgazeta.kz/?p=16516)



Үй тапсырмасы

5. Энциклопедиялар мен АКТ материалдарынан ізденіп, белгілі тұлғалар арасындағы достық жайлы «Қос бәйтерек достығы» атты эссе жазыңдар.

§54. Ұлт бірлігінің басты факторы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, көтерілген мәселені талқылаңдар. Мәтін қай аудиторияға (жалпыхалыққа, өнерсүйер қауымға, ғылыми ортаға, оқушыларға) арналған?

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, Елбасымыз атап айтқандай, «барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек. Бүгінде қазақ тілінде жер бетінде 15 миллионнан астам адам сөйлейді. Егер қазақ тілінің түркі тілдер тобына кіретінін, әлемдегі 30-ға жуық түркі тілдерінде 200 миллионға жақын адамның сөйлейтінін ескерер болсақ, қазақ тілін ұғатын, түсінетін, оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана алатындар саны еселеп өседі. Ендеше, саны кешегі Кеңес Одағы құрамында болған латыш, эстон, молдован, армян, грузин, төжік тілінде сөйлейтіндерден екі есе көп, ал Еуропадағы дамыған фин, норвег, швед, дат, венгр, чех, словак тілдерінде сөйлейтіндердің санынан әлдеқайда басым. Аса бай тарихы, сөздік қоры қалыптасқан, тілдік жүйесі, орасан зор әлеуеті бар, ең алдымен, қарыштап дамып келе жатқан Қазақстан Республикасы сияқты тәуелсіз мемлекеті бар елдің барша азаматтарының мемлекеттік тілі – қазақ тілін өркендету баршамыздың ұрпақ алдындағы парызымыз. 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған мемлекеттік бағдарлама жасау – Елбасымыздың Үкіметке берген тікелей тапсырмасы. Нұрсұлтан Әбішұлының ел тәуелсіздігінің тірегі болумен қатар мемлекеттік тілдің де ең басты қамқоршысы екендігін атап айтқым келеді. Ендеше, Елбасының тапсырмасын орындау әрбір мемлекеттік қызметшінің ғана емес, барша қазақстандықтардың абзал борышы деп білемін.

(Мұхтар Құл-Мұхаммед)



Әдеби тіл нормалары

2. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын үндестік заңына сай жазыңдар. Оқылым мәтінімен ортақ ойды табыңдар.

Ұлттың сақталуы... да, жоғалуы... да себеп болатын нәрсе... ең қуаттысы – тілі. *(А.Байтұрсынұлы)* 2. Ұлттық рух... негізі – ұлттық тіл. *(М.Шоқай)* 3. Кімде-кім ана тілі... сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санау... болмайды. *(М.Әуезов)* 4. Сөз қасиеті – көркемдігі... , ой қасиеті – шындығында. *(Ғ.Мүсірепов)* 5. Қазақ тілі – ғажап тіл. О... болашағы да ғажап. Тек о... насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек. *(Н.Назарбаев)*



Тыңдалым және айтылым (21)

3. «Тілімізді ардақтайық» мәтіні бойынша деректер мен көзқарасты ажыратып, сұхбат құрыңдар.



Фибратты сөз

4. Фибратты сөздерді есте сақтаңдар. Қайсысының мазмұны оқылым мәтініне, қайсысы тыңдалым мәтініне сәйкес деп ойлайсыңдар?
1. Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына... (*Жүсіпбек Аймауытов*)
 2. Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. (*Халел Досмұхамедұлы*)
 3. Тілдің тілге жаулығы жоқ. Өзге тілді құрметтеу, алдымен, өз тіліңді құрметтеуден басталады. (*Мұхтар Әуезов*)
 4. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту. (*Бауыржан Момышұлы*)



Деңгейлік тапсырма

5. Қазақ әдебиетіне үлкен еңбек сіңірген неміс ұлтының өкілі Герольд Бельгердің пікірімен танысып, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. «Фибратты сөз» мәтінінің мазмұнымен салыстырып, сәйкес келетін сөйлемдерді «Сәйкестік кестесіне» жазыңдар.
 - 2-деңгей. «Сәйкестік кестесінде» еліктеу сөздердің болуын ескеріңдер.
 - 3-деңгей. Мәтінде берілген ойға өз көзқарастарыңды білдіріп, эссе жазыңдар.

Сонау XVIII–XIX ғасырлардағы жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын оқып отырып, таңғаламын. Қазақ тілінің ауқымы қаншама десеңізші?! Күнделікті тұрмыста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек, қазір он миллион қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немістерде де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ.



Үй тапсырмасы

6. Мақал-мәтелдерді қатыстырып, қазақ тілін үйрену қажеттігі туралы достарыңа 5 кеңес жазыңдар.

§55. Мың алғыс саған, қазақ халқы!



Оқылым

1. Мәтінді оқып, автордың көзқарасы мен көтерілген мәселені талдаңдар.

Қазақстан халқы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1 наурызды «Алғыс айту күні» деп жариялап, Жарлыққа қол қойған болатын. Президент Алғыс айту күні туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этносқа мейірбандық танытып, оларды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

Алғыс айту күні – елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуының салтанатты күні. Бұл – тағдыр төлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Алғыс айту күні – күрделі заманда қиындықты иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Алғыс айту күні – тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Бұл күн – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды ізгі қасиеттерді еске алу күні.

(<https://egemen.kz/2016/01/15/17503>)



Ойтүрткі

1. Неліктен 1 наурыз «Алғыс айту» күні болып белгіленді?
2. Бұл күні қандай тарихи оқиғаларды еске аламыз?



Тыңдалым және айтылым (22)

2. Ақын Қадыр Мырза Әлінің өлеңін тыңдап, қазақ халқына сипаттама беріңдер.



Әдеби тіл нормалары

3. Еліктеу сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер. Мағынасына, тұлғасы мен құрамына қарай талдаңдар.

...Тасты жерде сатырлап шапқан көп аттың сарынымен ағаш даусы да естілгендей болды... Тысқа шыққан ер-азамат қарбаласып, сарт-сарт етіп аттарына мініп жатты. Жылқы жақтан шыққан сатыр-сұтырды естіген ат-айғырлар кермеде тықыршық атып, шыдай алмай тұр еді... Бала-шаға, қыз-келіншек жүрегі қалтырап, қорыққандай дірілдеп, біріне-бірі тығылып, топтанып жүр...

Алыстағы көп сарынның ішінде екі-үш рет атылған мылтық даусы да тарс-тарс етіп естіліп қалды...

(Мұхтар Әуезов)



Жазылым

4. Мәтінді түсініп оқып, «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

«Мен Алғыс айту күні игі дәстүрге айналып, халқымыздың ең сүйікті мерекелерінің бірі боларына сенемін», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

«Жер бетінде діни және ұлттық сипаттағы шиеленістер өршіп тұрған кезде адамдардың бір-біріне алғысын білдіріп, өздеріне жасаған жақсылықтарды еске алуы аса маңызды. Бұл – жақсылықты бағалай білуге, оған жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Құндылықтардың қадіріне жете алған елдің келешегі кемел. Мен Алғыс айту күнін осындай мақсатпен белгіледім», – деді Н.Назарбаев.

5. Алғыс айту күні туралы түсініктеріңді кластер арқылы көрсетіңдер.



Үй тапсырмасы

6. «Алғыс айту күні – қасиетті де салтанатты күн» атты эссе жазыңдар.

§56. Тілі басқа болғанмен, тілегі бір



Оқылым

1. Мәтінді оқып, Герольд Бельгердің пікірі берілген азат жолдағы негізгі идеяны атаңдар.

Сонау қиын-қыстау күндері ел-жұртын, атамекенін тастап, жат елге қоныс аударған өзге ұлт өкілдері еліміздің барлық саласында еңбек ете отырып, соның ішінде қазақ әдебиеті мен мәдениетіне де өз үлестерін қосты. Соның бірі – қазақ әдебиетіне үлкен еңбегін сіңірген неміс ұлтының өкілі – Герольд Бельгер. Қаламгердің «Ауыл шетіндегі үй», «Даладағы шағалалар», «Алты асу», «Тас өткел», «Бауырластықтың жанды бейнесі», «Созвучие», «Уақытпен бетпе-бет», «Мотивы трех струн», «Гете и Абай», «Родство», «Земные избраники» атты зерттеу еңбектері жарық көрді.

Жазушы: «Менің Абайды тануым Гетені түсінуден басталуға тиіс сықылды еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ ауылында өстім дегенмен, неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен әуелі Абай арқылы Гетені таптым. Бұл – әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гетенің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін мен әуелі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шыңдары» арқылы бойыма сіңіріппін», – деп жазады.

Жазушының мақалалары мен әңгімелері кірген 25-тен аса жинағы бар. 2003 жылы жарық көрген «Кезбенің үйі» («Дом скитальца») романы оқырмандардың ерекше ықыласын аударып, қызығушылығын тудырған туынды болды. Роман желісі Қазақстандағы этникалық неміс ұлтының тағдырына арналған. Шығармада жазушының көзімен көріп, өз басынан кешкен оқиғалары баяндалады: дүрбелең, зұлмат жылдардың қиыншылықтарын басынан кешкен қазақ пен неміс ұлттарының тағдыры суреттеледі.

Төл әдебиетімізге өз үлесін қосқан ұлт жанашыры Герольд Бельгер 2015 жылы 7 ақпанда өмірден озды...

(<http://el.kz/m/articles/view/Ұлт-жанашыры-Герольд-Бельгер>)



Ізденімдік тапсырма

2. Өздерің ізденіп, «Атаулар туралы 3 сұрақ» тәсілімен Қазақстанға жер аударылған ұлттар мен ұлыстар туралы ойтолғау жазыңдар.
 - 1-қадам: қайда?
 - 2-қадам: қалай?
 - 3-қадам: қандай?



Әдеби тіл нормалары

3. Көп нүктенің орнына қойылатын тиісті жалғауларды тауып, үндестік заңына сөйкес, орфографиялық нормаға сай жазыңдар. Еліктеу сөздерді қосып, мәтін мазмұнын 3–4 сөйлеммен қорытындылаңдар.

Үлгі: Қазақ халқының сыңғырлаған бұлақтай таза тілі мен күмбірлеген күйі...

Қазақ деген жан-жағ... қамқоршы болып жүретін халық қой, ол кезінде артта қалған... алға жетелеп, жалаңаш қалған... киіндірді, аш қалғанның қарн... тойдырды, енді бүгін біз неге сол қазақтың тілінің дамуы үшін түгел қауым болып жұмылмаймыз?

Қазақтың тілі мен тарихы... білмеген жастың бойында бұл елге деген құрметі бола ма? Ол қазақтың жер... қалай қадірлесін?! Менің ылғи айтып жүретін... – қазақ тілі... жайы, қайткен күнде қазақтың тілі өзінің тұғыры... қонады деген мәселе.

Отандастарыма: «Орыстың да, ағылшынның да тілін біл, тіпті әл-Фараби баба... секілді бірнеше тілді меңгер, біреудің жол... екінші адам кедергі болмайды. Бірақ жергілікті халықтың тілі... білу сол халық... деген сыйластығ... білдіретінін ұмытпа!» – дегім келеді.

(Асылы Осман)



Жазылым

4. Герольд Бельгер мен Асылы Османның және Елбасының сөздеріндегі ортақ идеяларды тауып, соған қатысты өз ойларыңды «Қос жазба күнделігі» арқылы жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлттың өкілдері қоныс тепті. Бүгінде олар тегі басқа болғанымен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елінің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді әр уақытта. Осылай елдігіміздің ертеңі ошақтың үш тағаны секілді «бір халық, бір ел, бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып отыр.

(Нұрсұлтан Назарбаев)



Үй тапсырмасы

5. Көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, берілген сөйлемдегі ойды жалғастырып, шағын мақала (сөйлем саны – 10) жазыңдар.

Өзі өмір сүретін елдің тіліне құрметпен қарау – әр азаматтың парызы...

§57. Ұлттар достығының ұйытқысы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдаңдар.

Қазір ақпарат құралдарында, теледидар арналарында Қазақстандағы халықтар достығына байланысты әңгіме, сұхбаттар, көрсетілімдер жиі беріледі. Қазақ ежелден бауырмал, ұлт-нәсіліне қарамай, жалпы адамзатты жақсы көреді. Ұлы Абайдың «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін қағидасы бар емес пе?! Адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты қасиетті дініміз ежелден уағыздап келеді. Бойында бауырмалдық, қонақжайлылық, кеңпейілділік бар ұлт қана ынтымағы жарасқан елге айналады. Кеңес үкіметі тұсында да ұлтаралық достықты басты ұстаным етті ғой. Сол кезде қалыптасқан халықтар достығы қазір де жалғасып жатыр. «Қазақстан – жүз ұлттың Отаны» деген қағиданы біз жүрегімізге құйып өскен ұрпақпыз. Тәуелсіздіктен кейін ол өзгеше сипат алды.

Бұл күнде Ассамблея атқарып отырған жұмыс сан алуан. Өзінің алға қойған мақсатты жобалары, шаралары бар. Достықтың Отаны – Қазақстан гүлдене берсін!

(*akikat.kazgazeta.kz/2015/03/№3-AK*)



Ойтүрткі

1. «Ұйытқы» сөзінің мәнін түсінесіңдер ме?
2. Ұлы Абайдың «адамзаттың бәрін сүй» дейтін қағидасын қалай түсінесіңдер?
3. Еліміздің достық пен татулықтың мекені болуының басты себебі неде деп ойлаيسىңдар?



Әдеби тіл нормалары

2. Сөйлемдерден еліктеу сөздерді тауып, олардың қызметін (сындық, амалдық, қимылдық) анықтаңдар.

1. Майқанованың шаңқ еткен даусы бір-ақ шығып үлгерді. 2. Өңі құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр. 3. Жүрегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылады. (*Б.Соқпақбаев*) 4. Федоровтың көз оты жарқ етіп, дүние тұманданып, теңселіп бара жатқандай болды. 5. Федоров жалт етіп, тұздай көк көзімен Еламанға қадала қарады. (*Ә.Нұрпейісов*) 6. Кісендер даусы гүрс-гүрс етеді. 7. Надзиратель шошып кетіп, оқыс шегінгені сонша – тар дәліздің артқы қабырғасына кегжең еткізіп басын ұрып алды. 8. Тесіктен жылт-жылт аңдушы көздер көрінгенде, шықшыты бұлт-бұлт ойнап, тісі шықырлап жыны

қозады-ақ. 9. Сөйтсе, өз даусынан Рысқұлдың өзі селкеткен екен. (Ш.Мұртаза)
 10. Ақша маңдайлы, сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен сыңқ-сыңқ етіп, үй ішіне естірте күледі. (М.Әуезов)



Тыңдалым және айтылым (23)

3. Бейбітшілік және келісім сарайы туралы мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар. Өз жауабыңды өзгелердің жауабымен салыстырыңдар.




Жазылым

4. «Инсерт» әдісімен оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша қорытынды жазыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағанымға қайшы)	? (білгім келеді)

5. «Қазақстан» сөзінің әр әрпінен басталатын, патриоттық сезімге әсер ететін сөйлемдер жазыңдар.

Қ – ...
 А – ...
 З – ...
 А – ...
 Қ – ...
 С – ...
 Т – ...
 А – ...
 Н – ...



Үй тапсырмасы

6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді қатыстырып, ұлттар достығы тақырыбына қатысты бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін жазыңдар.
 2. «Достықтың Отаны – Қазақстан» тақырыбында «Дербес пікір жазу» тәсілі бойынша тапсырманы орындаңдар.
 1. Өзіндік пікір, ой, идея (1 сөйлем).
 2. Дәлел (2 сөйлем).
 3. Өз пікіріңді айғақтайтын мысал (2 сөйлем).
 4. Өз пікіріңе қарсы дәлел (1 сөйлем).
 5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал (1 сөйлем).
 6. Қорытынды (2 сөйлем).

§58. Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі



Оқылым

1. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуіне назар аударындар. Мәтіннен деректер келтіре отырып, сұрақтарға дәлелді жауап беріңдер.

Қазақ халқы – көпғасырлық тарихы бар, әлемдік өркениет қазынасына енетін мәдени құндылықтардың иесі. Қазақстан ескерткіш саны бойынша, Үндістан, Қытай, Жерорта теңізі және Қиыр Шығыс мемлекеттерінен кем түспейді. Қазақстан – ашық аспан астында мұражайы бар ел. Біздің елімізде 25 мыңнан аса жылжымайтын тарих, археология, сәулет және өнер ескерткіші бар. 89 мемлекеттік мұражайдың экспозиция қорында 2 млн 56 мың мәдени құндылықтар бірлігі жинақталған. 3495 мемлекеттік кітапханаларда 66 млн 840 мың кітап, сирек кездесетін қолжазбалар мен басылымдар сақталған.

Кең-байтақ қазақ жері ежелден бері бүкіл еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі болып келеді. Ертеде Қазақ даласынан Шығыс пен Батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы өтті. Сол дәуірдің мұрасы – ежелгі, ортағасырлық сәулет өнері мен мәдениеті қалыптасты. Осындай 218 нысан Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің тізіміне енді.

Бүгінгі күні осы ескерткіштердің көбі (Қожа Ахмет Иасауи кесенесі және Тамғалы петроглифтер кешені, т.б.) ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштері ретінде танылды. Қазақстанның мәдени бренді – Алтын Адам ескерткіші, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Отырар және Түркістан қалалары.

(Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)



Ойтүрткі

1. Еуразиялық кеңістік және Қазақстан. Географиялық картадан орнын анықтаңдар. Қандай ассоциация туындады?
2. Бірінші сөйлемді қалай таратып түсіндірер едіңдер?
3. Қандай ескерткіштер дүниежүзілік маңызға ие болады деп ойлайсындар?



Жазылым

2. Оқылым материалындағы мәдени мұраларды теріп жазындар. Осы тізімге тағы нені қосар едіңдер? Пікірлеріңді дәлелдендер.



Әдеби тіл нормалары

3. Абай өлеңдерінен берілген үзінділерден еліктеу сөздерді тауып, қай түріне жататынын ажыратыңдар.

- | | |
|---|--|
| 1. Дос айтады: бермесен,
бұлт берем деп. | 3. Құржаң-құржаң етеді,
Жер ұшық берген кісідей... |
| 2. Мақтауға есіріп,
Барынша кәсіліп,
Ырғалып қаңқ етті,
Ірімшік жерге салп етті. | 4. Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, кәсіп бұл? |

4. Бос орынға еліктеу сөздерді қойып жазыңдар. Қызметін түсіндіріңдер.

Күн ... күркіреді. Олар ... күлді. Уәлихан апасына ... етеді. Ай сәулесімен ... етеді. Тоғайдан ... еткен дауыс естілді. Аттар ауыздығын ... шайнайды. Бүлдіршіндер ... жүгіріп жүр. Ауыл маңы ... болып жатыр. Доп өзенге ... етті. Жаңбыр ... етіп жауды.



Жағдаяттық тапсырма

5. Екі топқа бөлініп, жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Топтарыңа шетелдік қонақ келді. Өз еліңмен, ондағы құнды мұралармен таныстыруды сұрады. Бір нысанды таңдап алып, таныстырыңдар.



Үй тапсырмасы

6. «6 неліктен?» әдісімен «Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі» тақырыбында диалог жазыңдар.

VIII ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ. ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР

§59. Тамақтану мәдениеті



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ой бөлісіңдер. Ойларыңды түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Тамақтану мәдениеті дегеніміз – түрлі тағамдарды уақытында және дұрыс мөлшерде тұтына білу, бірқалыпты тамақтану. Адамға тәулігіне қанша мөлшерде тағам қажет? Бұл – адамның жас дәрежесіне, жынысына, жұмыс түрі мен тұратын жерінің климат жағдайына байланысты.

Адам тағамнан өзінің бір тәулікте жұмсайтын энергиясының мөлшерінде ғана қуат алуы тиіс. Одан көп те, аз да емес! Егер адам асты үнемі мөлшерден тыс тұтынса, семіреді де, нәтижесінде қант диабетіне, атеросклерозға ұшырайды, бауырдың қызметі бұзылады, басқа да аурулар пайда болады.

Тамақтану институты жүргізген байқауларға қарағанда, қомағайлана тамақтану салдарынан семіру өте көп тараған. Тексеруден өткендердің ішінде 18-ден 80 жасқа дейінгілердің 30% -ының салмағы қалыпты мөлшерден артық, ал олардың жартысына жуығы науқас болып шыққан. Алайда тамақты аз ішіп, үнемі аш жүруге де болмайды. Өйткені бұның да қауіпті зардаптары бар. Сондықтан тамақтанудың ақылға қонымды жай-жапсары болуға тиіс.

(Т.А.Комарова «Тамақтану әліппесі»)



Ойтүрткі

1. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына байланысты тағамды тұтыну мөлшері қандай болуы мүмкін? Жұмыс түрінің, климаттың тамақтануға әсері қандай?
2. Қомағайлана жеудің адам ағзасына, мәдениетіне кері әсер ету себебі неде?
3. «Ақылға қонымды тамақтану» дегенді қалай түсінесіңдер?



Әдеби тіл нормалары

Шылаудың түрлері

Грамматикалық сипатына қарай шылау сөздер үшке бөлінеді: жалғаулық шылау, септеулік шылау, демеулік шылау.

Жалғаулық шылау тең дәрежедегі, өзара салаласа байланысқан сөйлем мүшелері мен сөйлемдерді байланыстырады. Өз ішінде алты түрге бөлінеді:

1. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, һәм, әрі.*

2. Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да.*
3. Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *не, немесе, я, яки, болмаса.*
4. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті.*
5. Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *егер, егер де.*
6. Кезектес қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *кейде, бірде, біресе.*

2. Оқылым мәтінінен жалғаулық шылауларды тауып, түрлерін ажыратыңдар.
3. Көп нүктенің орнына жалғаулық шылаулардың тиістісін қойып жазыңдар. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықты қатыстырып, мәтіндегі ойды бір-екі сөйлеммен қорытындылаңдар.

Ас қабылдау кезінде ойыңызды басқа нәрселерге бөлмеңіз, тек тамақтануды ғана ойлаңыз. ... тамақтану кезінде ойыңыз бөлінбесе, ас қорыту қабілетіңіз жоғарылайды.

Ас қабылдаған кезде төрт түрлі тағамнан артық тамақтанбаңыз. ... әртүрлі тағам жесеңіз, асқазаныңызға түскен ас баяу қорытылады. Тамақтанудан кейін дереу су ... сусындарды ішпеу керек. Бұл асқазан сөлінің сұйылуына ... асты баяу қорытуға әкеп соғады. ... ас қабылдаудан бұрын бір стақан су ішіп, ас қабылдағаннан кейін бір сағаттан соң ішу қажет. Ең көп тағам мөлшерін түскі ас кезінде қабылдау керек.



Тыңдалым және айтылым (24)

4. Мәтіндегі «Құнарлы тағамдарды мөлшерден көп тұтынудың нәтижесі қандай болады деп ойлайсыңдар?» деген сұраққа жауап беріңдер. Өз пікірлеріңді айтыңдар.



Сұхбат

5. Берілген мәтіндер бойынша бір-біріңнен «Үш қадамды сұхбат» алыңдар.
 1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.
 2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.
 3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



Үй тапсырмасы

6. «Қазақ әдебиеті» оқулығынан жалғаулық шылаудың алты түріне 6 сөйлем тауып жазыңдар.

§60. Дұрыс тамақтану қағидасы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, дұрыс тамақтану қағидасын кластер әдісімен түсіндіріңдер. «Еркін жазу» әдісімен дұрыс тамақтану туралы өз ойларыңды жазыңдар.

Дұрыс тамақтану – адам денсаулығын нығайту мен сақтаудың басты факторы. Сол себепті дұрыс тамақтану қағидаларын білу өте маңызды.

Тағам көлемі адамның күніне қанша күш-қуат жұмсайтынына, қанша дене еңбегімен айналысатынына сәйкес болуы тиіс. Аз қозғалатын адамға қуаттылығы жоғары тағам қажет емес. Бұл – артық салмаққа әкеледі. Егер жұмыстың басым бөлігі түске дейінгі мерзімге түссе, таңғы ас пен түскі асқа баса мән беріңіз. Ұйқы кезінде ас ақырын қорытылады, сондықтан ұйықтар алдында тойып тамақтанбау керек. Ұйқыға жатардан үш-төрт сағат бұрын тамақтанған дұрыс.

Тамақтың мөлшері адамның бойына және салмағына сай келуі керек. Біз дұрыс тамақтансақ, еске сақтау қабілетіміз артып, денеміз сауығып, көңіл күйіміз көтеріле түсетіні сөзсіз. Сонымен бірге аурудың алдын алар едік.

Қоректік заттардың арақатынасының үйлесімді балансын сақтаған жөн. Ағзада минералды заттар маңызды рөл атқарады. Бір элементтің жетіспеуі ауру тудырады, сондықтан бір тамаққа байланып қалмай, мүмкіндігінше түрлі тағамдармен қоректену керек. Дәрумендері мол тағамдарды мейлінше көп жеген дұрыс.

Тұрақты тамақтану керек. Күніне 4 рет тамақтанып, оның екеуінде ыстық тамақ жеу керек. Тұрақсыз тамақтану асқорыту жүйесіне қосымша салмақ түсіреді және денсаулықтың түрлі ауытқуларын тудырады.

Тамақтанудың қауіпсіздігін сақтау да маңызды. Оның шарттары: гигиена ережелерін сақтау, азық-түлікті дұрыс сақтай білу.

Жалпы, дұрыс тамақтана білу – үлкен мәдениет. Өйткені ол – салауатты өмір салты мен денсаулық кепілі.

(<http://ukc-astana.kz/ru/1059-durys-tamaktanu>)



Әдеби тіл нормалары

Септеулік шылау

Септеулік шылау түбір тұлғадағы, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздерді меңгеріп, түйдекті тіркес түрінде жұмсалады да, сөйлем ішіндегі басқа сөздермен байланысқа түседі.



Мысалы: *Жиналыстан кейін сабаққа барамын. Үйге таман жақындадық. Ол досы туралы көп әңгіме айтты. Мұнда кейін шылауы шығыс септік жалғаулы сөзді, таман шылауы барыс жалғаулы сөзді, туралы шылауы түбір тұлғалы сөзді меңгеріп, оларды іс-қимылды білдіретін сөздермен байланыстырып тұр.*

Септеулік шылау түрлері

Түбір тұлғасындағы сөзден соң	Барыс септік тұлғасындағы сөзден соң	Шығыс септік тұлғасындағы сөзден соң	Көмектес септік тұлғасындағы сөзден соң
Себеп, мақсат, даралау, ұқсату, белгілі бір істің қайталануын, т.б. мағыналарды білдіреді. Олар: <i>үшін, сайын, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, бойы, жайлы, жайында</i>	Мезгіл, мекен мағыналарын білдіреді. Олар: <i>шейін, дейін, таман, жуық, тарта, қарай, таяу, салым.</i>	Таңдау, талғау, салыстыру, мезгіл, күшейту мағыналарын білдіреді. Олар: <i>әері, кейін, соң, бері, әері, бұрын, бетер.</i>	Іс-әрекетті бір-неше субъектінің бірігіп жасағанын білдіреді. Олар: <i>қатар, бірге, қабат.</i>



Деңгейлік тапсырма

- Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
1-деңгей. Оқылым мәтінінен жалғаулық, септеулік шылауларды табыңдар.
2-деңгей. Мәтін бойынша диалог түрінде сұрақ-жауап дайындаңдар.
3-деңгей. Оқылым мәтіні бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырып, дұрыс тамақтану қағидалары туралы жинақы мәтін жазыңдар.



Сұхбат

- Топ ішінде дұрыс тамақтану тақырыбында сұхбаттасыңдар. «Еркін микрофон» әдісімен топтың әрбір мүшесінің пікірін тыңдаңдар.



Жазылым

- Мәтінді негізге алып, оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар. «Т кестесіне» түсіріңдер.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар



Үй тапсырмасы

- Септеулік шылаудың төрт түрін қатыстырып, «Дұрыс тамақтанудың 4 қағидасын» жазыңдар.

§61. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі



Оқылым

1. Мәтінді оқып, академиктің таңғы асы мен өздеріңнің таңғы аста тұтынатын тағамдарыңды салыстырып, ерекшелігі туралы айтыңдар.

Академик Т.Шармановтың сұхбаты



– Төрегелді аға, жуырда Елбасының бастамасымен «Отандық өнімді қолдайық» атты акция бастау алды. Осы ретте Қазақ тағамтану академиясы қандай шараларды қолға алып жатыр?

– Биыл Астананың жанында, 230 шақырымдай жерде, неміс технологиясы бойынша қымыз шығаратын зауыт салынып бітуі керек. Мамыр айында 300-дей бие әкелуді жоспарлап отырмыз. Қымыздың құрамындағы ақуыз, сиыр сүтіне қарағанда, жұмсақ келеді. Пісірілмеген, пастерленбеген шикі сиыр сүті көпке шыдамайды. Қымызды қайнатуға да, пастерлеуге де болмайды. Оны біздің ата-бабамыз әуелден білген. Біз осы өзімізде бар ерекшелікті пайдалануымыз

керек. Биыл біз жылқы майының, сүтінің негізінде 10, ал ЭКСПО-ға қарай 20 шақты пайдалы тағам түрін жасап шығаруды жоспарлап отырмыз.

– Жас шағыңызда ауылда қымызды жиі ішкеніңізді айттыңыз. Дүкендерде сатылатын қымыздың сапасы сол ауылдағы қымызға сәйкес келе ме?

– Иә, жас кезімде қымызды көп ішетінмін. Әлі күнге шейін қымыз ішемін. Жеңгелеріміз тізесін бүгіп, биені сауып жатқан кезде қызығатынмын. Жеңгелерім керемет сұлу болып көрінетін. Жанында құлын тұр. Ондай көріністі табиғатта кездестіргенде кеудемді қуаныш кернейді. Қазірге дейін жылқыларды көргенде жүрегім дір етіп, керемет бақытты сезімде боламын. Біз осындай игілікті пайдалануымыз керек. Пепси-кола, кока-кола ішкеннен гөрі қымыз ішіңіз. Енді жаңағы сауалға келейін. Бүгінгі таңдағы қымыз – бөлек дүние. Кім қалай жасайды, – бір Құдайдың өзі біледі. Сондықтан да біз қазіргі таңда қымыздың дәмі, құрамы және сапасы бойынша стандарт жасауды қолға алдық. Иә, кейбір жерлерде артық қоспасы жоқ таза қымыз кездесіп жатады.

– Жасыңыз сексеннің сеңгірінен асса да, сексен минут бойы тік тұрып дәріс оқыдыңыз. Еш шаршағандық та білінбейді, керісінше, жастармен әңгімелесіп, тағы да сексен минут бойы дәріс оқуға барсыз. Мойындау керек, бұған кез келген адамның шамасы келе бермейді. Денсаулық сақтаудағы сырыңыз неде?

– Күнде бассейнде шомылам, отыз минуттай жаттығу жасаймын. Ол – бала кезімнен қалыптасқан дағды. Тамақ мәзіріне келер болсақ, таңғы асқа үнемі көгөніс жеймін, шай ішемін. Нан, май, шұжық жемеймін. Әсіресе шұжықты

мүлдем жемеймін. Түсте – қазы, сорпа, тағы да көгөніс, кешкісін – жеміс-жидек. Көбіне – алма. Америкалықтар алманы «Құдайдың көзі» деп санайды.

Ең бастысы, адамның көңілі таза болу керек. Ешқашан да өзгелерге қызғанышпен қарамаңыз, өтіріктен аулақ болыңыз. Әрдайым жақсылық тілеңіз.

– *Келелі әңгімеңізге, кеңесіңізге көп рақмет, аға!*

(*Сұхбаттасқан Қаламқас Нұрмақова*)



Әдеби тіл нормалары

Демеулік шылау

Демеулік шылау сөзге немесе сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән, нақтылау мәнін үстейді. Демеуліктер сөзге не сөйлемге үстейтін мағынасына қарай алты түрге бөлінеді.

1. Сұраулық демеуліктер: *ма, ме, ба, бе, па, пе (мы, мі, бы, бі, пы, пі)*. Мысалы: *Барасың ба? Барамысың? Келесің бе? Келемісің?*
2. Күшейткіш демеуліктер: *-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, де, та, те*. Мысалы: *осы-ақ, досым-ай, қарағым-ау, Тілек те келді.*
3. Шектік (тежеу) демеуліктері: *ғана (қана), тек*. Мысалы: *тек қана, сен ғана.*
4. Болжалдық демеуліктер: *-мыс, -міс*. Мысалы: *болыпты-мыс, өмір сүріпті-міс.*
5. Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері: *түгіл, тұрсын, тұрмақ*. Мысал: *ол түгіл, сен тұрмақ.*
6. Нақтылау мәнді демеуліктер: *қой (ғой), -ды, -ді, -ты, -ті*. Мысалы: *сол ғой, айтқан-ды, көрген-ді.*

2. Мәтіндегі демеулік шылауларды табыңдар. Сөзге немесе сөйлемге қандай мән үстеп тұрғанын анықтаңдар.



Жазылым

3. Академиктің сұхбаты туралы өз ойларыңды «Қос жазба күнделігі» арқылы жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

4. «Академик ұсынған тамақтану қағидалары» тақырыбында кластер жасаңдар.



Үй тапсырмасы

5. «Қазақ әдебиеті» пәнінен өтетін шығармаларыңнан демеулік шылаулары бар 6 мысал тауып жазыңдар.

§62. Сүт өнімдерінің пайдасы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар.

Айранның пайдасы

Айран – сүттен жасалатын тағам. Оның адам ағзасына пайдасы зор. Тамақтан уланған кезде айранды қолдануға болады. Айран ағзаны тазартып қана қоймай, өзінің дәрумендерімен емдеп жазады. Адамның ауруға қарсы тұру қабілетін көтереді.

Айранның құрамы сүтке ұқсағанымен, ұйытылған соң пайдалы дәрумендерінің саны анағұрлым арта түседі. Айранның қасиетін қазақ бұрыннан біліп, кешкі астан соң міндетті түрде бір кесе айран тұтынған. Бұл – асты қорытуға көмегін тигізеді. Қонаққа да кез келген тағаммен бірге айран ұсынған. Осылайша, қазақтың дастарқанынан айран үзілмей келеді. Ұзақ жолға да айран алып шыққан. Себебі ол шөл қандырады әрі тойымды тамақ.

Айран құрамындағы дәрумендер адам саулығын қамтамасыз ете ала ма? Ғалымдар аты жаман ауруларды да осы айран емдегенін айтады. Емдік қасиеті мол бұл сусынды жақтырмайтын адам ағзасы жоқ. Ал сүтті ұнатпайтын адамдар кездеседі. Себебі олардың ағзасы сүт құрамында кездесетін «лактоза» деген элементті қорыта алмайды. Салдарынан іште дисбактериоз сияқты ауру пайда болады. Ал айранның мұндай реакциясы мүлдем жоқ. Қайта мұны ішкен адам әлденіп, қауқары арта түседі. Айран құрамындағы калий мен кальций, Д дәрумені сүйектің беріктігін қатайтып, бұлшық еттерді нығайтады. Бұл аз десеңіз, асқазан жолдарын емдеп, ішек ауруларын жазады. Көздің көру қабілетін арттырады. Құрамындағы А дәрумені тері қабатының жұмсақ әрі әдемі болуына жағдай жасайды. Ал фосфор түрлі инфекциялардың алдын алып, жұқпалы дерттерден сақтайды.

(el.kz/m/articles/view/Айранның-қандай-пайдасы-бар)



Жазылым

2. Мәтінді өз көзқарастарың бойынша жалғастырыңдар.

Сүт – ағзаның дамуын ұзақ уақыт бойы қамтамасыз ететін құнарлы табиғи азық. Адам сүтті нанмен қатар бес мың жылдан аса уақыт бойы тұтынып келеді. Академик И.П.Павлов сүтті «табиғаттың өзі дайындаған тағам» деп атады. Себебі...

(<https://baq.kz/kk/news/oner/nauriz-kozhe>)



Тыңдалым және айтылым (25)

3. Дәм сезуге байланысты сөздерді тауып, аспаздың сөзіне қатысты өз көзқарастарыңды айтыңдар.



Әдеби тіл нормалары

Одағай

Тілімізде адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін сөздер болады. Айталық, қуанғанда, ренжігенде, қорыққанда белгілі бір сөздерді қолданамыз. Мысалы: *Ау, қайдан келесің? Пай-пай, жүйрігін-ай! Бәрекелді, нағыз азамат осындай болар! Е-е, қарағым-ай, бізде қайбір ес қалды дейсің?* деген сөйлемдердегі *ау, пай-пай, бәрекелді, е-е* деген одағайлар үйреншікті дағдыға айналғандықтан, жұрттың бәріне түсінікті болып кеткен.

Сөйлемде одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады, сондықтан да одағай сөйлем мүшесі бола алмайды. Тек қосымшалар қабылдаған жағдайда ғана белгілі бір сөз табына айналып, сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Мысалы: *Отырса, тұрса, ойбайы аузынан түспейді.* Бұл сөйлемде одағай заттанып, бастауыш қызметін атқарып тұр. *Сәлден соң досым аһылап-үһілеп мазасыздана бастады.* Мұнда етістікке айналып, пысықтауыш қызметін атқарып тұр.



Сұхбат

4. Олең жолдарын пайдаланып, өзара сұхбат құрыңдар. Қымыздың дәміне сүйсінгенде немесе ашырғанғанда қолданылатын одағайларды қатыстырыңдар.

Биенің сүті – сары бал,
 Қымыздан асқан дәм бар ма?! (*Ақтамберді жырау*)
 Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
 Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
 Елімнің баяғыдан сүйген асы,
 Шығаршы, тағы нең бар, кәрі қымыз? (*Жамбыл Жабаев*)



Үй тапсырмасы

5. Қуануға, қорқуға, ренжуге байланысты жағдаят ойластырып, одағайлардың қатысуымен диалог жазыңдар.

§63. Нанның ерекшелігі



Оқылым

1. Мәтінді рөлге бөліп оқып, Жомарттың сұрағына жауап беріп көріңдер. Негізгі ойды анықтаңдар.

Жомарт пен Берік доп ойнауға далаға шығады. Жомарт доп ойнап қарық қылмады.

Берік: «Біраз ойнайық», – деп ұсыныс жасап еді, Жомарт:

– Уһ, шаршап қалдым! Күш-қуатым жоқ, қарным аш, – деді.

– Менде нан бар, – деп, Берік бір үзім нанын шығарып, екіге қақ бөлді.

Жомарт өз сыбағасын айналдыра қарап отырып:

– Апырай! Мына нанның іші неге осынша қуыс-қуыс болды екен?! – деп сұрады.

– Қуыссыз нан болмайды, – деп Берік ақылгөйси сөйледі. – Нанды пеште пісіреді, ал оның іші, өзің білесің, тым ыстық! Көріп жүрген шығарсың, тағам қуырылып, яки қайнап жатқанда беті көпіршік атып тұрады ғой. Қамырдың іші де сол сияқты.

– Жоқ, олай емес, – деді Жомарт сәл ойланып. – Шамасы, нан зауытында қамырды пешке салғанда, соның ішіндегі бірдемелер күйіп кететін болуы керек. Міне, сөйтіп сол жерде қуыс қалады.

– Ха-ха-ха, әпендісің сен! Нанның ішінде бірдемелер күйіп кетсе, онда қытырлатып көмір шайнап отырмас па едің?!

– Өзің әпенді! – деп Жомарт өкпелеп қалды.

(«Негеш» балалар энциклопедиясынан)



Әдеби тіл нормалары

Одағайдың түрлері

Одағай қолданылу сипатына қарай үш түрге бөлінеді: көңіл күй одағайлары, шақыру одағайлары, жекіру одағайлары.

Көңіл күй одағайлары адамның әртүрлі сезімін, көңіл күйін білдіреді.

1. Жағымды эмоцияны білдіруде қолданылатын көңіл күй одағайлары: *алақай, бәрекелді, паһ-паһ, мә, оһо*, т.б.
2. Жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар: *қап, әттеген-ай, ойбай, масқара*, т.б.
3. Әрі жағымды, әрі жағымсыз мағынада қолданылатын одағайлар: *түү, пай-пай, шіркін, ау, беу*, т.б.



2. Оқылым мәтініндегі леп белгісінің қойылу себебі мен одағай сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

3. Шылаулар мен одағайларды қатыстырып, мәтінді қорытындылаңдар. Үнді және ұяң дыбысқа біткен сөздерге жалғаудың қай дыбыстан басталып жалғанғанын анықтаңдар.

Халық: «Ас атасы – нан», – дейді. Нанның құрамында адамға қажетті тағамдық заттардың барлығы бар. Біз ағзамызға қажетті көмірсутегінің жартысын, ақуыздың үштен бірін, В тобындағы дәрумендердің жартысынан көбірегін, фосфор мен темір тұздарын жеген нанмыздан аламыз. Бізге қажетті құнарлы қорегіміздің 30% -ын нан өтейді.

(Т.А.Комарова «Тамақтану әліппесі»)



Жазылым

4. Жақша ішінде берілген синонимдік қатардағы сөздердің тиістісін қойып жазыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

Жұмсақ нан пісіру өнері (*ертедегі, баяғы замандағы, бұрынғы, көнедегі*) мысырлықтардан гректер мен римдіктерге көшкен. Грекияда ашытылған қамырдан пісірілген нан жөнінде алғаш рет біздің (*заманымызға, дәуірімізге, уақытымызға*) дейінгі V ғасырда ауызға алынған. Алайда ондай (*нан, тағам, ас*) сапалы пісірілген дәмді тамақ (*деликатес*) саналып, тұщы наннан әлдеқайда қымбат тұрған. Өз (*шығармалары, еңбектері, өлеңдері, романдары*) кейіпкерлерінің тамақ ішуін сипаттап жазған Гомер Грекияның ақсүйектері нанды «өз алдына бөлек тағам» деп (*есептегендігі, санағандағы, ойлағандығы*) туралы дәлелдемелер қалдырды.

5. «Пирамида» әдісімен нанның шығу тарихы туралы өзіндік ойларыңды жазыңдар.
1-қадам: берілген материалмен танысып болғаннан кейін, ол бойынша өзіндік түсінік, пікір қалыптастыру;
2-қадам: жұптарға бірігу, идеялары, ойлары, пайымдауларымен жұбымен бөлісу;
3-қадам: шағын топтарға бірігіп, туындаған мәселелерді талқылау, қорытындылау;
4-қадам: мәселені шешудің ең тиімді жолдарын жазу.



Ізденімдік тапсырма

6. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан нан туралы деректер жинап, таныстырылым жасаңдар.



Үй тапсырмасы

7. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қатыстырып, «Ас атасы – нан» тақырыбында эссе жазыңдар.

§64. Ет – негізгі азық



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ондағы деректерге қатысты өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Біздің халқымыздың басты тағамдық өнімі – ет. Ол үшін ата-бабаларымыз ежелден төрт түлік мал өсіріп, оны керегінше көже-қатыққа, қонаққа, күздік соғымға, тойға, тағы да басқа қуаныш-қызыққа сойып, етінен түрлі тағамдар әзірлеп отырған. Мал етінің дәмділігі мен құндылығы оның жақсы бағылуына, малдың жеген азығына да байланысты.

Мал, құс етінде көптеген минерал бар. Жылқы етінде холестерин жоқ, адам ағзасына шипалық қасиеті де мол. Еттің адам ағзасына қажеттілігі жөнінде белгілі биолог Виктор Дольник былай деп жазады: «Адам өмірінің алғашқы жылдарында ет ақуызын алмаса, білім алу, шапшаң жауап қайтару қабілетінен айырылады, аз қозғалатын өсімдікке айналады». Олай болса, 3–8 жасар балаға ет бермеу оның жалпы денсаулығы былай тұрсын, ақыл-ойының дамуына теріс әсер етеді.

Етті шамадан тыс көп жесеңіз, ағзаңызға, яғни, бауырға, бүйрекке түсетін ауыртпалық артады, жүрек-тамыр және жүйке жүйесінің тарапынан қолайсыз әсер туғызады. Сол себепті тәуліктік рационда еттің мөлшерін шектеген жөн. Жеңіл дене еңбегімен шұғылданатын ересек адамға, аралас тамақтанған ретте, күніне 150–200 грамм ет немесе ет өнімін жеу жеткілікті.

(https://i-news.kz/news-mal_etinin_manyzy)



Әдеби тіл нормалары

Шақыру одағайлары

Шақыру одағайларына, негізінен, төрт түлік мал, ит, мысық, құс сияқты үй жануарларын шақыру, үркіту, айдау, т.б. мақсатта қолданылатын сөздер мен тіркестер жатады. Мысалы:

Жылқыға: *құр-құр, құрау-құрау, моһ-моһ, тәк-тәк;*

Түйеге: *көс-көс, сорап-сорап, қош-қош;*

Қой-ешкіге: *пішәй-пішәй, құрау-құрау, шәйт, шөке-шөке;*

Итке: *кә-кә, күшім-күшім, т.б.*

Мысыққа: *мыш-мыш, пыш-пыш, пырс, т.б.*

2. Шақыру одағайларын қатыстырып, «Жайлаудағы қызық күн» тақырыбында диалог құрастырыңдар.



Жазылым

3. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөз тіркестері мен сөздерге синоним болатын сөздерді тауып, мәтінді қайта жазыңдар. Қандай ой түйгендеріңді айтыңдар.

Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық

Біздің қазақта «Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық» деген нақыл бар. Бұл қазақтың шыж-быж тағамына қатысты айтылған екен. Әдетте жылқы сойылып жатқанда, қасапшылар жеңіл тағам дайындайды. Шыж-быж соғымның өкпе-бауырын, жүрегі мен бүйрегін отқа қақтап, шала пісіру арқылы дайындалады. Жалпы, бұл тағамды: «ауыл үйдің арасында араздасып жүрген адамдардың көңілін жарастырып жіберу үшін де даярлайды», – деседі.

Бұл ретте ғалым Мұрат Ығылманов:

– Атауы айтып тұрғандай, шыж-быж – көңілдеріне кірбең ұялап, бір-бірімен араздасып қалған жандарды татуластырып жіберу үшін дастарқанға қойылатын тағам. Өте жұғымды, жүрекке тимейтін тағамның бұл түрі кейде «ауыл елшісі» деп те аталып кеткен, – дейді.

(Қарлығаш Зарыққанқызы)



Тыңдалым және айтылым (26)

4. Тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, сұрақтарға жауап беріңдер.
1. Диалог кімдердің арасында өтті?
 2. Сүр еттің нәрлілігі жоғары ма әлде жас еттікі ме?
 3. Сүр етте адам ағзасына пайдалы қандай минералды заттар бар?
5. «Венн диаграммасы» әдісімен еттің денсаулыққа пайдасы мен зиянын өзара салыстырып, ортақ белгісін көрсетіңдер.



Үй тапсырмасы

6. Төмендегі фразеологизмдерді жағымды, жағымсыз мәніне қатысты топтастырыңдар, көңіл күй және шақыру одағайларын қатыстырып, бірнеше сөйлем жазыңдар.

«Аузынан ақ май ағып отыр», «ит басына іркіт төгілген заман» – тоқтық; «майдан қылшық суырғандай» – ептілік; «аяққа құйған астай» – жинақылық; «уызында жарымаған» – кедейлік, жоқшылық; «аузыңа май» – қуану, риза болу; «ішкен асын жерге қояды» – құрметтеу, сыйласу; «айрандай ұйыған» – ынтымақты; «кеудесіне нан пісті» – өркөкіректену; «атау-кереңді іш», «жегенің желкеңнен шықсын», «алғаның ас болмасын» – қарғау.

§65. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер



Оқылым

1. Мәтінді оқып, термин сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашыңдар.

Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер өсімдік геніне жануарлардың генін енгізу, яғни, ГМА (гендік модификацияланған ағзалар) арқылы жүзеге асырылады. Оны «трансгендік өнімдер» деп те атайды. **Азық-түлік** нарығында трансгендік өнімдер (ұзақ сақталатын қызанақ пен соя) алғаш рет АҚШ-та 1994 жылы пайда болған. Осыдан кейін өндірушілер трансгендік өнімдерді бірінен соң бірін **ұсына бастады**.

Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер туралы айтқанда, әлем ғалымдарының пікірі екіге **жарылады**. Біреулер: «Бұл – адамзат үшін өте қажет!» – десе, екіншілері: «Адам денсаулығына зиян, оны зерттеу қажет!» – дейді. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірушілер: «40–50 жылдан кейін **жер бетіндегі** тұрғындардың саны 11 миллиардқа дейін жетуі мүмкін, сол кезде ауылшаруашылық өнімдеріне деген **сұраныс** та артады, табиғи өнім жетпей, **аштық** орын алуы мүмкін, бұл – адамзатты аштықтан құтқаратын **бірден-бір** жол», – деп тұжырымдайды.

2000 жылы биоқауіпсіздік туралы Картахен келісімі қабылданды. Құжатта көптеген мемлекеттің бұл өнімдерге қатысты көзқарасы белгіленді. Оған 166 мемлекет қол қойды, оның ішінде Қазақстан да бар. Бұл құжатта зияндылығы дәлелденген жағдайда кез келген гендік тұрғыда өзгертілген өнімнен бас тартуға болатыны жазылған. Азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі шетелден келетіндіктен, сарапшылар мұндай өнімдердің Қазақстан дүкендеріне де түсе бастағанын айтады.

Ал француз ғалымдары гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған азық-түлікті **үнемі** пайдаланатын адамдардың генетикасы өзгеріп, үшінші немесе төртінші **ұрпағының** өмірге жарымжан болып келу қаупі **басым** екенін дәлелдеген.

Қалай десек те, гендік тұрғыда өзгерген өнімдер адамзат өміріне дендеп еніп келеді.

(med-kz.ucoz.com/news)



Ойтүрткі

1. Қалай ойлайсыңдар, гендік тұрғыда өзгертілген ауылшаруашылық өнімдерінің денсаулыққа қандай да бір әсері бар ма?
2. Біз гендік тұрғыда өзгертілген өнімдерді тұтынып жүрміз бе? Оларды табиғи өнімдерден қалай ажыратуға болады?



Әдеби тіл нормалары

2. Сызбаларды қолданып, «Дұрыс тамақтану дегеніміз...» тақырыбына ойтолғау жазыңдар.

Сын есімге Зат есімге Үстеуге Етістікке	ма (ме, ба, бе, пе, пе)
Зат есімге Сын есімге	-ай
Етістікке	қой (ғой)



Тыңдалым және айтылым

3. Бейнежазбаны (<https://www.youtube.com/watch?v=WlIuzn8w9Eo>) көріп, сұрақтарға жауап беріңдер.
1. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерге жүргізілген сынамалар нені көрсетті?
 2. Ондай көгөністерде қандай жануарлардың гені бар?
 3. Олардың адам ағзасына зияны мен пайдасы толық зерттелді ме?



Жазылым

4. Оқылым мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимдерін тауып, тақырыпқа қатысты шағын мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Шылау сөздер мен одағайларды қатыстырып, берілген мәліметтер негізінде мәтін жазыңдар.

Құрамында гендік модификацияланған ағзалар бар көгөністердің таза өнімдерден ерекшелігі:

- 1) мұндай өнімдер ұзақ сақталады, бұзылмайды;
- 2) олардың пішіні бірдей болады;
- 3) көздің жауын алады;
- 4) бұл жемістерді кескенде шырын шықпайды;
- 5) мұндай жемістермен жәндіктер қоректенбейді.

(<http://www.aktobegazeti.kz/?p=21397>)

§66. Фастфуд тағамдарының зияны



Оқылым

1. Мәтінді оқып, онда айтылған ойға қатысты өз көзқарастарыңды білдіріңдер. «Ауру – астан» мәтеліне түсінік беріңдер.

Қазіргі кезде адамға ең жетпейтін нәрсе – уақыт. Тіпті асты да асығып ішетін болдық. Уақыты жоқ адамдар үшін тез дайындалатын тағамдарды тұтыну ыңғайлы болып тұр. Олар – фастфуд тағамдары. Фастфуд сататын дүкендердің әдемі жарнамалары көздің жауын алып, адамның тәбетін ашады. Алайда өте қауіпті. Әсіресе балаларды кішкентай кезінен бастап мұндай тамақтарға үйретпеген жөн.

Фастфуд деген не? Сөзбе-сөз аударғанда «жылдам дайындалатын ас» деген мағынаны білдіреді. Көшедегі шаурма, хот-дог, бургер тәрізді азыққа қоса, чипс сияқты ұсақ-түйек тағамдар да фастфуд өніміне жатады.

Мамандардың айтуынша, фастфудпен тамақтануға мүлдем болмайды. Олардың құрамында май мен консервант көп болғанымен, дәрумен мүлдем жоқ. Фастфудты көп тұтыну адамды психологиялық және химиялық жағынан тәуелділікке әкелуі мүмкін. Өйткені аталған өнімге оның дәмін күшейтетін арнайы дәмдеуіштер қосылады екен. Сондықтан тұтынушыларды өзіне тартып тұрады.

Фастфудқа үйір жандар асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамырлары аурулары, семіздік, қан қысымы, сусамыр ауруларына шалдығуы мүмкін. Сондықтан көшеде даярланатын тағамдарды таңдап, талғап жеген дұрыс. «Ауру – астан» деген дана қазақтың сөзі бекер айтылмаған.

(old.abai.kz/.../fast-fud-tagamdary...)



Әдеби тіл нормалары

Жекіру одағайлары

Жекіру одағайлары мазмұны жағынан бірнеше топқа ажыратылады:

Нұсқау сөздер: *тәйірі, қане, қанеки;*

Ұсыну сөздер: *мә, міне, мінеки, әйдә, айда;*

Тью сөздер: *жә, жә-жә, тәйт, тек.*



2. Оқшау сөздерді қатыстырып, фастфуд тағамдарының зияны туралы 3–4 сөйлем жазыңдар.



Жағдаяттық тапсырма

3. Төменде берілген жағдаятқа шылаулар мен одағайларды қатыстырып, диалог құрыңдар.

Бекет пен қарындасы Аяна азық-түлік дүкеніне нан алуға кірді. Аяна қалған ақшаға чипс алуын өтініп тұр. Бекеттің жауабы...



Жазылым

4. «Кубизм» әдісі бойынша фастфуд тағамдары және олардың адам ағзасына зияны туралы ой бөлісіндер.
- Суреттеңдер. Фастфуд тағамдары.
 - Салыстырыңдар. Көгеністермен салыстырыңдар.
 - Болжаңдар. Фастфуд тағамдарының адам ағзасына зияны қандай?
 - Талдаңдар. Фастфуд тағамдарына не жатады, оның құрамы қандай?
 - Қолданыңдар. Фастфуд тағамдары ағзаға қалай әсер етеді?
 - Зерттеңдер. Фастфуд тағамдарының ұрпаққа зияны.
5. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер мен гендік өзгеріске ұшырамаған өнімдерді «Венн диаграммасы» бойынша салыстырып, өз көзқарастарыңды қорғандар.



Сұхбат

6. «Автор орындығы» әдісі бойынша бір оқушыны шақырып, «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында сұрақ қойып, пікір алмасыңдар.



Үй тапсырмасы

7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Тамақ өнімдерін шығаратын мүмкіндіктерің болса, ең алдымен нені қолға алар едіңдер? Одағайлар мен шылауларды пайдаланып, эссе жазыңдар.
 2. Үйдегі не дүкендегі бірнеше азық-түліктің құрамын тексеріп көріңдер. Одағайлар мен шылауларды пайдаланып, төмендегі мәтінді жалғастырыңдар.

Тауарды сатып алғанда оның қорабының сыртындағы немесе ішіндегі қағазда жазылған құрамымен танысу қажет. Онда гендік өзгеріске ұшыраған өнімнің бар немесе жоқ екені көрсетілуі тиіс. Ғалымдар оның мөлшерін 0,9% деп бекіткен.

§67. Отан үшін от кешкендер



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Зұлмат соғыс... Осы бір шағын тіркесті айта қалсаң, көз алдыңа әлемнің ауыр қасіреті келеді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімі мен жанқиярлық ерлігін көрсетті. 500-ден аса жерлесіміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары арасында Қарулы күштердің барлық түрі мен құрама өкілдері, мамандары және қатардағы жауынгерден дивизия командиріне дейінгі әскери атағы бар адамдар болды. Олар: Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Нұркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және басқалары.

1941 жылдың ызғарлы 15–16 қарашасында басқыншы неміс фашистері Кеңестер Одағының астанасы – Мәскеу қаласына жойқын шабуылын бастады. Қазақстанда жасақталған генерал Иван Панфиловтың басқаруындағы 316-атқыштар дивизиясының 1075-атқыштар полкінің жауынгерлері мұздай қаруланған екі есе көп жауға Дубосеково разъезінің түбінде қарсылық көрсетіп, қайсарлық пен ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Оның ішінде 28 панфиловшы батырдың бір қадам кері шегінбей, қасық қаны қалғанша айқасатыны да осы тұс.

Жауға қарсы шайқастар майданның алдыңғы шебінде ғана емес, алыстағы қазақ ауылдарында да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқынды өз бауырына аналық мейірімімен тарта білді. Қазақстан халқы күн-түн демей астық алқаптары мен зауыттарда еңбек етіп, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Еңбек даласында бел жазбай жұмыс істеген әйелдерсіз, қарттарсыз, буыны бекімесе де, иықтарына үлкен ауыртпалық түскен жасөспірімдерсіз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе?!

(emirb.org/respublikanskiy-konkurs)



Ойтүрткі

1. «Соғыс» дегенде, ең алдымен, көз алдымызға не елестейді?
2. Батыр ата-апаларымыз ел үшін, жер үшін, Ұлы Жеңіс үшін қалай соғысты?
3. Тылдағы қариялар, әйелдер мен балалар қалай еңбек етті?
4. Қалай ойлайсыңдар, сол кездегі балаларда балалық шақ болды ма?



Әдеби тіл нормалары



Сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін, сол себепті сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек айтылатын ойға қатысы бар сөздер кездеседі. Олар – **оқшау сөздер**. Оқшау сөздер **қаратпа сөз**, **қыстырма сөз** және **одағай сөздер** болып бөлінеді.

Мысалы: **Жолдастар** (қаратпа сөз), **майданда біздің әскерлер жан аямай соғысуда**. **Демек** (қыстырма сөз), **біз жеңеміз**. **Алақай** (одағай сөз), **біз жауды жеңдік!**

2. Мәтін мазмұнын талқылаңдар. Оқшау сөздерді тауып, түрлерін ажыратыңдар.

Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақыттысыңдар. Сендер соғыс дегенді білмейтін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік.

Менің момын да бауырмал, ардақты елім бар. Сол елім мен аттанарда:

– Тас түлегім, қиын бір кезең келіп қалды: жау жағадан, бөрі етектен алғалы тұр. Аттан, қуып-жойып қайт! Ұлым, сен көрлі кезең, соғысты заманның жігітісің, жауынгерше қимылдай біл! – деген болатын.

Мен мұны ұмытпаймын. Мен шығыс адамымын, батысқа кетіп барамын. Менің елім жақтан шығатын алтын күн мені күні бойы жылытады. Міне, кеш бола бастады. Күн мені қимағандай, ұясына қона қоймай тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Ала-таудың аясында қарсы алармын!» – деп тұр. (*Баубек Бұлқышев*)

3. Оқшау сөз түрлерін қатыстырып, тақырыпқа сай мысалдарды кестеге жазыңдар.

Қаратпа сөз	Қыстырма сөз	Одағай сөз



Жазылым

4. «Меніңше, жеңіс – ...» деген тақырып бойынша өз ойларыңды ассоциативті кестеге түсіріңдер.



Үй тапсырмасы

5. Газет-журналдар мен ғаламторды пайдаланып, еліміз үшін жан аямаған ардақты азаматтар туралы мәлімет жинаңдар. Оқшау сөздерді кірістіріп, бірнеше сөйлем жазыңдар.

§68. Шығыстың қос шынары



Оқылым

1. Мәтінді оқып, тақырыбы, құрылымы және тілдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.



Мәншүк Мәметова 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында туған. Мәншүктің ата-анасы ерте қайтыс болады да, бес жасар баланы төтесі – Әмина Мәметова бауырына басады. Балалық шағы Алматыда өтті. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк Алматыда медициналық институтта оқыды әрі Халық комиссарлар кеңесінің секретариатында қызмет етіп жүреді. 1942 жылы тамыз айында ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, майданға аттанады. Өз бөлімінде Мәншүк таңдаулы пулеметші атанған. 1944 жылы аға сержант Мәметова Мәншүкке қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әлия Молдағұлова 1924 жылы 20 сәуірде Ақтөбе облысының Қобда ауданында туған.

Ата-анасы қайтыс болған соң, нағашысы – Әубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленеді. 1942 жылы Әлия өз еркімен әскерге кетеді. Оны мергендер мектебіне жібереді. 1943 жылдың тамыз айында майданға алғаш рет кіреді. 2-Прибалтика майданының 54-атқыштар бригадасының құрамында ұрысқа қатысады. 1944 жылы 15 мамырда Псков облысындағы Новосокольники теміржол стансасына таяу жердегі фашистердің тірек пунктін алу үшін болған ұрыс кезінде Әлия ерлікпен қаза табады. 1944 жылы ефрейтор Әлия Молдағұловаға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Алматыда қазақтың қос батыр қызына ескерткіш қойылды. Еліміздің түкпір-түкпірінде олардың атында мектептер мен көшелер бар.

(www.tarih.spring.kz/kk/history/war/...)



Ойтүрткі

1. Не себепті Мәншүк пен Әлия өз еркімен майданға аттанды?
2. Көрсеткен ерен ерліктері үшін батыр қыздарымызға қандай атақ берілді?
3. Ескерткіште батыр қыздардың арт жағында сәбилер мен көгершіндердің бейнеленуінің себебін түсіндіріңдер.



Әдеби тіл нормалары

Қыстырма сөздер сөйлеушінің айтылған пікірге әртүрлі көзқарасын білдіреді: қуанышты, өкінішті, сенімді, өтінішті, мақұлдауды, ой иесін көрсетіп, сөйлемнің бейнелілігін арттырады. Ал сөйлем құрамына енуі пікірді жинақты, орамды, дәл түсіндіруге жәрдем етеді. Қыстырма сөздер жеке сөздермен де, сөз тізбегімен де, тіпті сөйлеммен де айтылады.

Қыстырма сөздер сөйлем ішінде үтірмен бөлініп оқшауланады. Мысалы: **Шынында**, бұл – ойланатын жұмыс екені рас. (Ф.Мұстафин) **Кім біледі**, бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас. (Б.Майлин) **Рас, менің байқауымша**, сіздің халық – ақын. (М. Әуезов)

2. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге грамматикалық сипаттама беріңдер.



Тыңдалым және айтылым (27)

3. Сырбай Мәуленовтің «Соғыс-сойқан» өлеңін тыңдап, өлеңнен алған әсерлеріңмен бөлісіңдер. Өлеңдегі негізгі ойды анықтаңдар.



Деңгейлік тапсырма

4. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Тыңдалым мәтініндегі бейнелеуіш сөздер мен тіркестерді теріп жазыңдар.
 - 2-деңгей. Екі мәтіннің ортақ белгілері мен айырмашылығын Венн диаграммасына түсіріңдер.
 - 3-деңгей. Қыстырма сөздерді қатыстырып, өз тұжырымдарыңды жазыңдар.



Жазылым

5. Оқылым бөліміндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырып, Әлия мен Мәншүк туралы жинақы мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

6. «Топтық зерттеу» әдісімен «Шығыстың қос шынары» тақырыбында бірлескен жоба жұмысын тезис түрінде жазып, топтың алдында қорғаңдар.

§69. Ұшқыш – Талғат Бигелдинов



Оқылым

1. Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.



Қыран бүркіт – киелі, қастерлі құс. Қыран құсты қазақ «көк тәңірісі», «аспан перісі», «қанаттылар ханы» деп құрмет тұтқан. Дәл осындай текті құстың болмысы Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғат Бигелдиновте бар еді.

«Ұшқыш болсам» деген өрекіген көңілмен Бішкектегі ДОСAAF авиамектебіне түседі, ол жерде «У-2» деген ұшақпен ұшуды үйренеді. 1940 жылы Саратов әскери авиация мектебіне оқуға жіберіледі. Саратовтағы ұшқыштар мектебін екі жыл оқып, сержант шенімен бітірген соң, Чкаловтағы бомбалаушы ұшқыштар мектебін аяқтайды. Ал қан майданға

аттанар алдында Ижевск қаласынан «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шығады. Әскери оқуды тамамдаған күннен бастап «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Ильюша» ұшағына «бауыр басып кетеді».

1942 жылы майданға аттанады. Өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. 23 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте иеленіп, көзсіз ерлік көрсеткен қыран қазақ қан майданнан аман-есен оралады.

Талғат Бигелдинов соғыстан соң азаматтық авиацияны басқарды. Мәскеу инженерлік-құрылыс институтын бітіріп, құрылыс саласында да қызмет атқарды.

(*stepnogorsk.akmoedu.kz*)



Ойтүрткі

1. Мәтінде батырды неге қыран құсқа теңеген?
2. Фашистер Талғат мінген ұшақты неліктен «Қара ажал» деп атады?



Тыңдалым және айтылым

2. Талғат Бигелдинов туралы деректі фильмді (<https://www.youtube.com/watch?v=T6jufSPGkBM>) тамашалап, батырдың өмір тарихымен танысыңдар. «Түртіп алу» жүйесі бойынша негізгі мәліметтерді жазып, өз көзқарастарыңмен бөлісіңдер.



Әдеби тіл нормалары



Қаратпа сөз сөйлемде тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылады, сондықтан ол адамға байланысты немесе кейде көркемдік үшін адам мәніндегі жанды-жансыз ұғым атаулары да болып келеді. Мысалы: *Тыңда, дала, Жамбылды*. Сөйлемде *дала* сөзі – қаратпа сөз, мағыналы сөз болса да, сөйлем мүшесі бола алмайды, өйткені бірде-бір сөзбен грамматикалық байланысқа түспеген.

Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады, ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдынан үтір қойылады. Қаратпа сөз ерекше қарқынмен, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылады. Мысалы:

- *Дарқан, сен Берлиндегі Рейхстагқа алғаш ту тіккен қазақ жауынгерін білесің бе?*
- *Ерасыл! Мен мұны бұрыннан білемін. Ол – Рақымжан Қошқарбаев.*



Сұхбат

3. Оқылым мәтіндегі тірек сөздердің негізінде қаратпа сөздерді қатыстырып, диалог құрыңдар. Тірек сөздердің мәнін ашатын мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді қолданыңдар.



Ізденімдік тапсырма

4. «Қазақ тілінің синонимдер сөздігін» пайдаланып, төмендегі сөздерге синонимдік қатар құрыңдар.

Батыр. Шайқас. Жау. Жігіт. Атақ. Жауынгер. Қызмет. Аспан. Үлес қосу.



Жазылым

5. Үшқыш Т.Бигелдиновтің еңбек жолына хронологиялық кесте құрыңдар.

Жылы	Оқиға



Үй тапсырмасы

6. «Инсерт» әдісімен оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша қорытынды жазыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағанымға қайшы)	? (білгім келеді)

§70. Соғыс жылдарындағы Қазақстан



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4 шамасында Германия әскері КСРО-ның батыс шегарасына басқыншылық шабуыл жасағаны тарихтан белгілі. Соғыс туралы хабар қазақ даласына тез тарады. Қазақстандық ұл-қыздар соғыстың алғашқы күндерінен-ақ қолдарына қару алды. Отан алдындағы парызын өтеуге өтініш білдіріп, өз еркімен майдан даласына аттанды.

Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу шаралары қолға алынып, әскери бағытқа көшірілді. Бейбіт мақсатқа жұмсалатын қаржы мейлінше қысқартылып, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Ал соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 зауыт пен фабрика, кәсіпорын Қазақстанға көшірілді. Олар Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларына орналастырылды. Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды.

Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі болып генерал И.В.Панфилов тағайындалды. Дивизияда 30-дан астам ұлт өкілдері болды. Осылай елдің әрбір бесінші адамы майданға аттанды.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа да белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ жігіті соғысқан. Белоруссияның әртүрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадада 1500-ден аса қазақстандық болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттерінің есімдері бүгінде зор құрметке ие.

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 мыңға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы – қазақтар.

(<http://inform.kz/kz/bugin-uly-zheniske-66-zhyl>)



Ойтүрткі

1. Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі қаншалықты деп ойлайсыңдар?
2. Қазақстандықтардың тылдағы еңбегі туралы не айта аласыңдар?

3. Соғыс және тыл ардагерлері дегеніміз кімдер? Қандай ардагерлерді білесіңдер?
4. Партизан отрядтарында соғысқан қазақстандықтар туралы не білесіңдер?



Сұхбат

2. Адамның әртүрлі көңіл күйін (таңғалу, қуану, өкіну, шаршау, жекіру, жақтырмау, т.б.) білдіретін одағай сөздерді қолданып, тақырып бойынша сұхбат құрыңдар.



Әдеби тіл нормалары

3. Төмендегі мәтін мазмұнын негізге ала отырып, *менің ойымша, жалпы алғанда, әрине, қысқасы, сонымен, бәрекелді* оқшау сөздерін қатыстырып, жинақы мәтін жазыңдар.

Соғыс жылдары Қазақстан мәдениеті мен ғылымы тоқтап қалмады. Қазақ поэзиясының алыбы – Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деп аталатын мәңгі өшпес патриоттық шығармасын бүкіл ел толғана оқыды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Абай» эпопеясының I кітабын жариялады. С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, т.б. жазушылар, Шашубай, Нұрпейіс, Кенен сынды ақындар халықтар достығының жыршысы болды.

Мәдени қызмет көрсету мақсатымен 1941 жылы Алматыда майдандық концерт бригадалары ұйымдастырылды. Олардың құрамында республиканың көрнекті әнші-өртістері болды. Қазақ өртістері майданның алғы шебінде 2 мыңға жуық концерт берді.

Зиялы қауым Отанға шексіз берілгендіктің өнегесін көрсетті...

(*sheriazdhanov.ucoz.kz*)



Жазылым

4. «Пирамида» әдісімен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан туралы өзіндік ойларыңды жазыңдар.
 - 1-қадам: берілген материалдармен танысып болғаннан кейін ол бойынша өзіндік түсінік, пікір қалыптастыру;
 - 2-қадам: жұптасу; өз ойымен, пайымдауымен жұбымен бөлісу;
 - 3-қадам: шағын топтарға бірігіп, туындаған мәселелерді талқылау, қорытындылау;
 - 4-қадам: мәселені шешудің ең тиімді жолдарын жазу.



Үй тапсырмасы

5. Газет-журналдар мен энциклопедияларды пайдаланып, майдангер ақын-жазушылардың бірі туралы ойтолғау жазыңдар.

§71. Дара тұлға – Бауыржан Момышұлы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық Қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы – Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында туған. 1921 жылы мектеп табалдырығын аттайды, бастауыш мектепті Аса интернатында оқиды. 1924 жылдан бастап Шымкент қаласында ашылған алғашқы жетіжылдық мектепте оқиды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерілей еніп, ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы, баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға.

Алмас қылыштай өткір де қайсар, батыр Бауыржан даналығымен, шешендігімен де танылды. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Ол адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Баукең – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Жазушы Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол – өз шығармаларының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан, автор әңгімені өз атынан айтады. Ол – сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы.

Бауыржан Момышұлының өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі.

(<http://www.inform.kz/kz/kanmen-zhazylgan-kitap>)





Ойтүрткі

1. Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерлігі мен әскери педагогикаға қосқан үлесі туралы не білесіңдер? Неліктен оны «әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат» дейміз?
2. Жазушы Бауыржанның әдеби мұрасы және ол туралы жазылған романдар туралы не білесіңдер?



Тыңдалым және айтылым

2. Бауыржан Момышұлы туралы бейнежазбаны (<https://www.youtube.com/watch?v=I4czVTхарос>) көріп, алған әсерлеріңді айтыңдар.



Ғибратты сөз

3. Б.Момышұлының қанатты сөздерінің мағынасын түсініңдер, шылауларды тауып, оларды грамматикалық сипатына қарай ажыратыңдар.

1. Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.
2. Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беретін ғажайып кемел тіл.
3. Сөз жылата да, жұбата да алады.
4. Ерлік тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.
5. Халықтық тәжірибе – бүгінге ғана емес, ертеңге де керек қазына.



Жазылым

4. Ғаламтор материалдарынан ізденіп, төменде берілген еңбектерді авторларымен сәйкестендіріңдер. Бұл шығармаларда ортақ сюжет, ортақ кейіпкер болуы мүмкін бе?

«Ақиқат пен аңыз»
«Шуақты күндер»
«Артымызда – Москва»
«Әкеге құрмет»

Зейнеп Ахметова
Бауыржан Момышұлы
Бақытжан Момышұлы
Әзілхан Нұршайықов



Үй тапсырмасы

5. Тұрақты тіркестерді пайдаланып, майдандағы Б.Момышұлы ерлігін өз сөздеріңмен суреттеп, «Дана да дара тұлға» атты эссе жазыңдар.

§72. Панфиловшылар ерлігі



Оқылым

1. Мәтінді оқып, ат қойындар. Жауынгерлердің ерлігі туралы ой бөлісіңдер.



316-атқыштар дивизиясы – Алматыда жасақталған әскери құрама. Тұңғыш командирі – И.В.Панфилов. Құрамы Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан тұрғындарынан жасақталды. Алғаш ұрысқа 1941 жылы 6 қазанда генерал К.К.Рокоссовский басқарған 16-армия құрамында Мәскеу қорғанысының шешуші учаскелерінің бірі – Волоколамск бағытында кірді. Мәскеуді қорғаудағы теңдессіз ерлігі үшін дивизия 17 қарашада «Қызыл

Ту» орденімен марапатталып, 18 қарашада «8-гвардиялық атқыштар дивизиясы» деген атақ алды. 23 қарашада дивизияға соғыста ерлікпен қаза тапқан оның тұңғыш командирі – И.В.Панфиловтың есімі берілді.

1942 жылы 16 наурызда Солтүстік-батыс, Калинин майдандарында көрсеткен ерлігі үшін «Ленин» орденімен марапатталды. 1942–1943 жылдары Ловать өзенінде, Холм қаласы түбінде қорғаныс ұрыстарын, 1944 жылдың басында 2-Прибалтика майданында Пушкин таулары мен Новосокольники түбінде шабуыл ұрыстарын жүргізді. Режица (Резекне) қаласын азат еткені үшін «Режицалық» құрметті атағы берілді, Риганы босатуға атсалысқаны үшін «2-дәрежелі Суворов» орденімен марапатталды. 1945 жылдың көктемінде жаудың 350 мыңдық Курляндия тобын талқандау операциясына қатысты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде дивизияның 36 адамы Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олардың ішінде Б.Момышұлы (1990 жылы берілді), В.Клочков, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, И.Курганский, И.Шапшаев, А.Қосаев, М.Сеңгірбаев, А.Крючков, Я.Бондаренко, т.б. бар. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы жауынгерлік табандылық пен ерліктің, Отанға шексіз берілгендіктің үлгісі ретінде тарихта қалды. Мыңдаған жауынгер мен командирлер, саяси қызметкерлер орден, медальдармен марапатталды. Соғыстан кейін дивизия моторландырылған атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. 1954 жылы дивизияның жауынгерлік даңқ мұражайы ашылды.

(https://kk.wikipedia.org/...8-ші_гвардиялық_атқыштар_дивизиясы)



Ойтүрткі

1. 316-атқыштар дивизиясы кімдерден жасақталды?
2. Неге оларды «панфиловшылар» деп атаймыз?
3. Дивизияның тұңғыш командирі туралы не білесіңдер?
4. Дивизияға не себепті «гвардиялық» атағы берілді?



Жазылым

2. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрылған күнінен бастап, бүкіл тарихын «Ротація» әдісі арқылы талдаңдар.
 1. Панфиловшылар дивизиясы қалай құрылды?
 2. Оның құрамында кімдер болды?
 3. Олар қай жерлерде ұрысқа шықты?
 4. Панфиловшыларға қандай құрмет көрсетілді?



Тыңдалым және айтылым

3. Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романынан үзінді (http://kitap.kz/audiobook/2326-kaharly_kunder_audio/2326-kaharly_kunder_audio. 16-бөлімнің 33:40 минутынан 36:52 минутына дейін) тыңдаңдар. Роман кейіпкерлерінің прототиптерін (өмірдегі түпкі тұлға) анықтаңдар. Взвод командирі Ержанға мінездеме беріңдер. «Екі түрлі түсініктеме күнделігін» толтырыңдар.

Романдағы қатты әсер еткен тұстар	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікірім



Әдеби тіл нормалары

4. Оқшау сөздерді қатыстырып, «Екі түрлі түсініктеме күнделігінен» бірнеше сөйлем жазыңдар.
5. Оқылым мәтінде қою қаріппен берілген сөздерге грамматикалық талдау жасандар.



Үй тапсырмасы

6. Газет-журналдар мен ғаламторды пайдаланып, 28 панфиловшы-гвардияшылар туралы мәлімет қарастырыңдар. Бір батырды басты кейіпкер етіп, әңгіме жазыңдар.

§73. Ұшқыш қыз – Хиуаз Доспанова



Оқылым

1. Мәтінді оқындар. Хиуаз Доспанова туралы бір шумақ өлең шығарып, екі мәтіннің тілдік ерекшелігін салыстырындар.

Кеңес дәуірінде қазақ халқынан шыққан сан мыңдаған батыр ұл-қыздың ішінде есімі елге ерекше таныс батыр апаларымыздың бірі – Хиуаз Доспанова.

Хиуаз Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы Зормата ауылында дүниеге келген. Мектепті үздік тамамдаған талдырмаш жас қыз ұшқыш болуды армандайды. Алға қойған мақсатын қайтсе де орындауға дағдыланған Хиуаз соғыстың алдында Мәскеудегі Жуковский атындағы Әскери-әуе академиясына қабылданбай қалса да, сонда қалып, медицина институтына түседі. Соғыс басталысымен «ұшқыш болсам» деген арманы оны қайтадан академияға жетелейді. Үкімет оны Саратовтағы әскери ұшқыштар училищесіне жібереді. Соғыс жылдары ұстазы Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында жүріп, 300-ден астам әуе шайқасына қатысқан.

21 жастағы қайсар қыз Хиуаз ылғи «ПО-2» аталатын бомбалаушы ұшақпен жау бекіністерінің үстінде жүреді екен. Ылғи түнде ұшады. Бомбалаушы ұшақта штурманның атқарар қызметі ерекше. Тапқырлық, батылдық, өжеттік керек. Ұшақты аспанға тік көтеріп, әбден биіктетіп алып, лезде жердегі аңға шүйілген қарақұс құсап оқыс құлдилап келіп, жау бекінісінің, қару-жарақ қоймаларының үстінен ұшақ қанатының астына арнайы тұтқада бекітілген бомбаларды шуылдатып төгіп-төгіп жіберіп, лезде аспанға шығандап қайта көтерілуі үшін қандай тапқырлық керек екенін шамалауға болатын шығар. Немістердің зенитшілері де жарқұл-жұрқыл оқ атып, у-шу күйге түседі, артынша Хиуаз тастаған бомбалардан жаппай отқа оранып, үндері өшеді. Өрімдей жас қыздың қайсарлығына тәнті болған атақты ұшқыш Марина Раскова оған зор үміт артқан екен. Хиуаз Доспанова теңдессіз ерлігі үшін сол кездің өзінде «қанатты қыз» атанған еді.

Жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болған Хиуаз ұшақтан 14 рет құлапты. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсете білді. Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ал төсіндегі «Еңбек Қызыл Ту» ордені – соғыстан кейінгі жылдардағы елеулі еңбегінің жемісі.

Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық Қаһарманы атағы берілді.

(https://kk.wikipedia.org/wiki/Хиуаз_Қайырқызы_Доспанова)



Ойтүрткі

1. Хиуаз Доспанованы не себепті «қанатты қыз» атаған?
2. Батыр қыздың майдандағы ерлігі қалай бағаланды? Мәтіннен «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» деген нақылға сай келетін жолдарды тауып оқып, дәлелдеп көріңдер.



Тыңдалым және айтылым

2. «Ұшқыш Хиуаз Қайырқызы Доспанова» атты бейнежазбаның мазмұны бойынша 3 сұрақ дайындаңдар. (<https://www.youtube.com/watch?v=BKj5Zx6F3E0>)



Әдеби тіл нормалары



Өткен бөлімде қарастырған **одағай сөздер** де оқшау сөздің бір түрі. Ол айтушының көңіл күйін, сан түрлі сезімін, эмоциясын білдіру үшін қолданылады.

Одағайлар қалыпты баяу дауыспен айтылса, жазғанда одан кейін үтір қойылады, ал көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі қойылады. Мысалы: **Шіркін, батыр болсаң, осындай бол! Бәрекелді! Міне, нағыз азамат!**

3. Оқшау сөздерді қатыстырып, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша диалог жазыңдар.



Жазылым

4. «Қос жазба күнделігі» арқылы мәтіндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

5. Хиуаз туралы «Бестармақ» тәсілімен «Бесжолды өлең» құрастырыңдар.
 - 1-тармақ: зат есім (1 сөз).
 - 2-тармақ: зат есімді анықтайтын сын есім (2 сөз).
 - 3-тармақ: негізгі сөзді әрекет пен қимыл тұрғысынан сипаттайтын етістіктер (3 сөз).
 - 4-тармақ: негізгі сөзді бағалайтын кез келген сөз табындағы сөздер (4 сөз).
 - 5-тармақ: негізгі атаудың баламасы болатын синоним сөз (1 сөз).



Үй тапсырмасы

6. «Хиуаз Доспанова туралы не білесің?» тақырыбында достарыңнан сұхбат алыңдар. Сұхбат мәтінде қаратпа, қыстырма, одағай сөздер болсын.

§74. Партизан – Қасым Қайсенов



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мәтін бойынша күрделі жоспар құрыңдар.

Қазақстанның Халық Қаһарманы, атақты партизан әрі жазушы Қасым Қайсенов 1918 жылы сәуірдің 23-інде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында дүниеге келген. 1934 жылы мектепті бітіріп, Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түседі. Техникумды 1938 жылы бітірген соң, Павлодар облыстық оқу бөлімінің саяси-ағарту істері жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебіне жіберіледі.

1941 жылы Мәскеудегі барлаушылар мектебінде соғыс әліптерін меңгергеннен кейін, Қасым Қайсеновті жау қолында қалған Украина жеріне жібереді. Жау жайлаған елге ұшақпен келіп түскен сәттен бастап Қасымның партизандық өмірі басталады. Ол Украинада «Василий, Вася» деп атанып кетеді. Ол кезде Украина жеріне аттану ажал аузына барумен тең болатын. Қазақтың қас батыры Қасым Қайсенов Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Бұрын қазақ деген халықты көрмек түгіл, атын естімеген алуан түрлі ұлттардың арасында жалғыз өзі жай оғындай жарқылдап, қазақтың батырлығын сан мәрте дәлелдеп, еліміздің абыройын асқақтатқанын мақтанышпен айтуға болады.

Кеңес жері фашист басқыншыларынан азат етілген соң, 1945 жылдың басында ол Отанына оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының аппаратын басқарды. Содан кейін Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарады. Қаламгер-партизан «Илько Витряк», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында», «Жас партизандар» деп аталатын кітаптар жазып, кейінгі ұрпаққа шығармашылық мұрасын қалдырды.

(alashainasy.kz/.../kazaktyin-kaysar-ulyi-kasyim-batyir-6768...)



Ойтүрткі

1. Қ.Қайсеновтің соғысқа дейінгі өмір жолы туралы не айтасыңдар?
2. Қасымның екінші аты қандай еді?
3. Партизандардың өзге әскерден ерекшелігі неде?
4. Батырдың қаламгерлігі туралы не айта аласыңдар?



Әдеби тіл нормалары

2. Оқылым мәтінінен алған түсініктеріңді оқшау сөздерді кірістіріп айтыңдар.

Үлгі:


Партизан – жау басып алған жерде астыртын соғыс қимылдарын жүргізетін жауынгер. Демек, ...



Жазылым

3. Оқылым материалындағы деректерді «Сатылау әдісі» арқылы талдаңдар.
4. Оқылым материалындағы тірек сөздерді синонимдерімен ауыстыру арқылы жинақы мәтін жазыңдар.
5. «Партизан» сөзжұмбағын шешіп, тірек сөзге фразеологизмдерді, тілдің көркемдегіш құралдарын қолданып сипаттама жазыңдар.

1. Қ.Қайсенов оқуын тамамдаған соң жұмыс істеген қала.
2. Қ.Қайсенов бір отрядын басқарған партизан құрамасы.
3. Қ.Қайсеновтің отряды соғыс қимылдарын жүргізген ел.
4. Қ.Қайсеновтің атақты шығармасы.
5. Қ.Қайсеновтің Украина жеріндегі есімі.
6. Қ.Қайсенов дүниеге келген облыс.
7. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін ие болған марапат.
8. Қ.Қайсенов қаламынан туған шығарма.



Үй тапсырмасы

6. «Батыр партизан» тақырыбында Қасым Қайсеновтің бейнесін тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді, одағай сөздерді пайдалана отырып ашыңдар.

§75. Ер ел үшін туады...



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

XX ғасырдың ең алапат шайқасы – Екінші дүниежүзілік соғыста қазақ жауынгерлері көпұлтты Кеңес Одағы әскерлерінің арасында ерекше ерлігімен, қайтпас қайсарлығымен көзге түсті. Соғыс кенеттен басталғанымен, бүкіл Кеңес Одағы алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, қала мен ауыл тұрғындары соғысқа сұранды.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам «Даңқ» орденінің иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Соғыс кезінде 3,5 мыңдай қазақстандық партизан отрядтарының құрамында болып, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы – Бауыржан Момышұлының, 28 панфиловшылардың ерліктері бүгінде аңызға айналды. Жауынгерлері жаумен жан аямай шайқасқан қазақстандық бес әскери құрамға «гвардиялық» деген құрметті атақ берілді.

Сұрапыл соғысқа қатысып, фашизмді тізе бүктірген қаһармандардың ерлігі мен жанқиярлық қайсарлығына басымызды иеміз. Ел үшін туған ерлер ешқашан ұмытылмайды.

(http://massaget.kz/arnayyi_jobalar/9_mamyir_2015/26331/)



Ойтүрткі

1. Қазақстандықтар соғыста қандай қасиеттерімен көзге түсті?
2. Батырларымыз ерен ерліктері үшін қандай марапатқа ие болды?
3. Елді жаудан қорғау үшін жан аямай соғысқан ерлердің есімін ел есінде мәңгілік қалдыру үшін қандай жұмыстар жасалуда?



Әдеби тіл нормалары

2. Оқшау сөздерді қатыстырып, оқылым мәтінінен 5–6 сөйлем құрастырыңдар.



Жазылым

3. Мәтіндегі синонимдік қатар құрай алатын сөздер мен сөз тіркестерін тауып, оларды синонимдерімен алмастырып, жинақы мәтін жазыңдар.

Қазақтан шыққан тұңғыш генерал-майор Рахимов Сабыр Омарұлы Ұлы Отан соғысы басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказда ұрыс жүргізді. Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Соғыс жылдары ол басқарған дивизияның жауынгерлік туына көптеген орден тағылды. Сабырдың өзі «Ленин», 4 рет «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз», 2-дәрежелі «Суворов» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Сабыр Рахимов туралы генерал-майор А.Гречко: «Инабатты, ұстамды, тактикалық білімді, тәртіпті офицер. Шабуыл кезінде дивизия бөлімін дұрыс басқарады», – десе, генерал-майор Рыжков: «Шешімді, ізденгіш, ойшыл командир. Рахимовтің қайсарлығы мен жүректілігі оның қарамағындағыларға үлгі бола алады», – деп бағалапты.

1945 жылы наурызда Польшаның Староград қаласы маңында жаумен қиян-кескі шайқаста генерал-майор С.Рахимов қаза табады. Сабыр Рахимовке 1965 жылы 6 мамырда КСРО Жоғары Кеңесі Президумының Қаулысымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

(www.tarih.spring.kz/kk/history/war/.../rakhimov_sabyr/)

4. Мақал-мәтелдерді жалғастырыңдар.
- | | |
|--------------------------------|---|
| 1. Ер қаруы – ... | 5. Су тасыса – жиегіне, ... |
| 2. Ер шекіспей бекіспейді, ... | 6. Ер-азамат белгісі:
Түзде – мырза, ... |
| 3. Ер сүрінбей ел танымас, ... | 7. Ер жігіт не көрмейді, ... |
| 4. Ер аруағы ... | |



Үй тапсырмасы

5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
- Оқшау сөздерді қатыстырып, «Ер ел үшін туады» тақырыбында эссе жазыңдар. Оқшау сөздерді қызметіне және қолданылу ерекшелігіне талдаңдар.
 - Тұжырымдамалық кестені толтырыңдар.

Салыстырылатын нысан	Мысалдары	Қолданылу ерекшеліктері	Сипаты	Қызметі
Оқшау сөздер				
Синонимдер				
Тұрақты тіркестер				

§76. Ардагерлерімізді ардақтайық!



Оқылым

1. Мәтінді мұқият оқып шығып, ат қойындар. Онда берілген мәліметтерді кластер әдісімен түсіндіріңдер, пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс болған екен. Солардың ішіндегі ең қайғы-қасіретке толысы, ауқымдысы, ең жан түршігерлігі – Ұлы Отан соғысы болды. Сол соғысқа қатысып, жеңіске жеткен және осы жолда өмірлерін құрбан еткен асыл азаматтарды еске алып, оларға құрмет көрсетіп отыру – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы, қастерлі міндеті.

«Кеңес Одағы деген үлкен мемлекеттің барша халқымен бірге Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жанын пида еткен шейіттерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұрпақтың, ең басты парызы...

Сіздердің ерліктеріңіз, отансүйгіштіктеріңіз, бірліктеріңіз, бауырмалдық қасиеттеріңіз – бүгінгі күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан үлкен құндылық. Сондықтан да сіздерге басымызды иеміз.

Туған Отанының бостандығы мен азаттығы үшін қиындыққа төзіп, тылда қажырлылықпен еңбек еткен, сөйтіп, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз», – деді Елбасы.

9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі.

1945 жылдың 9 мамыры... Жылдан жылға алыстап бара жатқан мерзім. Дей тұрғанмен Ұлы Жеңістің анық бағасы мен маңызы біздің жадымызда мәңгі орын алған деуге болады. Ұлы Жеңіс тойы – бұрынғы кеңестік халықтардың ортақ, басты мерекелерінің бірі.

Жыл сайын қадірлі ардагерлерге бейбіт өміріміз бен бақытты болашағымыз үшін алғысымызды білдіреміз. Ардагерлердің ерлігіне мәңгі тағзым етеміз, уақыт өткен сайын майдангерлердің қаһармандық ерліктерін жиі еске алатын боламыз.

(<http://kutybolsyn.kz/1071-9-mamyr-zhes-knmen-ttytau.html>)



Ойтүрткі

1. Ұлы Отан соғысы неге ең жойқын соғыс болып саналады?
2. Қазақстан бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске қандай үлес қосты?
3. 9 мамыр – Жеңіс Күні қандай мейрам?

4. Қалай ойлайсыңдар, майдангерлердің қаһармандық ерліктерін жадымызда сақтау, тағзым ету қажет пе?



Жазылым

2. Тор көздердегі әріптерден мәтінге байланысты сөздерді құрап, олардың мағынасын түсіндіріңдер.

қ	м	й	е	г	ш	ь	и	т	б	ж	э
а	р	д	а	г	е	р	г	ұ	ш	а	қ
h	п	н	ұ	ү	ғ	і	ғ	л	ғ	а	ө
а	р	д	а	қ	т	а	й	ы	қ	ш	ы
р	ө	і	ң	з	р	и	с	о	ғ	ы	с
м	а	й	д	а	н	м	а	т	т	а	н
а	р	м	а	н	ф	в	г	а	л	о	м
н	х	р	т	в	п	н	л	н	м	ч	с

3. Төмендегі сөздердің синонимдік қатарын тауып, ол сөздерді пайдаланып, «Ардагерлерге тағзым» деген тақырыпта өтетін іс-шара туралы хабарландыру жазыңдар.

Жеңіс. Қасиетті. Соғыс. Өнеге.



Әдеби тіл нормалары

4. Мәтіннен бірнеше қосымша жалғанған сөздерді тауып, үлгі бойынша талдаңдар.

Үлгі:

Бірліктеріңіз: бір – сан есім; -лік – зат есім тудырушы жұрнақ; -тер – көптік жалғауы; -іңіз – екінші жақ сыпайы түрдегі тәуелдік жалғау.



Үй тапсырмасы

5. Хатты өз ойларыңмен жалғастырыңдар.

Сәлеметсіз бе, құрметті Ұлы Отан соғысының ардагері! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Отан алдындағы, келешек ұрпақ алдында жасаған ерлігіңіздің, батылдығыңыздың алдында басымды иемін...

§77. Ғылыми фантастика туралы



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындандар.

«Фантастика» сөзі грек тілінен аударғанда «қиялдау» (phantasia), «қиял өнері» (phantastike) деген мағынаны білдіреді. Бұл – шындық өмірден ерекшеленетін **табиғаттың** тылсым күштері және жаңа техникалық құралдардың ғажайып құпия-сырлары мен мүмкіндіктері туралы қиялдан туындайды. Сондықтан фантастикада екі түрлі бағыт бар. Біріншісі – орта ғасырдан бері келе жатқан жердің асты мен үстіндегі сиқырлы, тылсым күштердің адамзат өміріне ықпалын көрсететін бағыт. Екіншісі – жаңа техникалық құралдар арқылы **жаратылыстың** құпия сырларын пайдаланып, **болашаққа** болжам жасайтын ғылыми **басымдыққа** ие бағыт. Осы бағытта жазған жазушы-фантастардың болашаққа жасаған болжамдарының кейбірі шынайы өмірде орындалып жатқаны белгілі.

Ғылыми фантастика (ағылшынша «science fiction» – ғылыми болашақ) – ХХ ғасырда көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме, т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанр. Ғалым К.Г.Фрумкин: «Ғылыми фантастика техникалық, тарихи, әлеуметтік тұрғыда болғанымен, онда сиқыр күші кездеспеуі тиіс. Себебі ғылыми фантастикада ғылым мен техника жетекші орынға ие», – деген.

Ғылыми-фантастикалық шығармаларда міндетті түрде ғылыми-техникалық **жетістіктердің** адам өміріне әсері көрсетіліп, көбіне басқа **ғаламшарға** саяхат пен аспан әлемінде орын алған оқиғалар, **роботтар**, жаңа технологиялар сипатталады. **Жаңа техникалық құрылғылардың** пайда болуы және ғылым саласындағы түрлі **жетістіктердің** нәтижесінде ғылыми фантастиканың жаңа түрлері пайда болуда.

(*group-global.org syrtyky-anturazh-turgysyndagy-gylymi-fantastika*)



Жазылым

2. «Қос жазба күнделігі» арқылы мәтіндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазыңдар.

Үзінді	Түсіндірме (комментарий)

3. Ғылыми фантастика туралы екі түрлі көзқарасты «Бұрыштар» пікірталасы бойынша талқылаңдар. Пікірталастың қорытындысын «Пікірталас кестесіне» жазыңдар.

Жазушы-фантаст Жүніс Сахиев өз сұхбатында: «...Ертегі мен ғылыми фантастика – бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының орны бөлек жанрлар. Фантастиканың өзі ғылыми фантастика, фантастикалық юмор, фантастикалық скетч және басқалай болып бөлініп кетеді. Ғылыми фантастиканың табиғаты ғылым мен шындыққа жуық келеді. Сондықтан да оның жүгі ауыр», – дейді.

Ал жазушы, профессор, ҚР және ҚХР Жазушылар Одағының мүшесі С.Жанболатов: «Ғылыми фантастиканың рухани тағаны – арғы замандарға тән мифтік аңыздарға, ежелгі әпсаналарға, ауыз әдебиетіне (мысалы, адамзат пен он сегіз мың ғалам арасындағы байланысты түсіндіруге, қоғамның болашақ тағдырына үңілуге және оны болжауға) еліктеу. Оған қиял-ғажайыптық, ертегілік қасиет те тән», – дейді.



Әдеби тіл нормалары

4. Үлгіні негізге алып, оқылым мәтініндегі қою қаріппен берілген сөздердің буын үндестігі, дыбыс үндестігі бойынша жазылу заңдылықтарын түсіндіріңдер.

Үлгі: табиғаттың

Сөздің түбірі: табиғат, -тың – ілік септік жалғауы;

Буын үндестігі заңдылығы: сөздің соңғы буын жуан болғандықтан, ілік септігінің жуан нұсқасы жалғанған.

Дыбыс үндестігі заңдылығы: сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссызға аяқталғандықтан, жалғау қатаң дауыссыз дыбыстан бастап жалғанған.



Ізденімдік тапсырма

5. Өздерің ізденіп, «Атаулар туралы 3 сұрақ» тәсілімен «Марсқа саяхат» атты фантастикалық ойтолғау жазыңдар.
- 1-қадам: қайда?
2-қадам: қалай?
3-қадам: қандай?



Үй тапсырмасы

6. Ғылыми-техникалық құралдар (мысалы, роботтар) туралы ғылыми-фантастикалық әңгіме жазып көріңдер.

§78. Ертегілердегі ғылыми қиял арналары



Оқылым

1. Мәтінді оқып, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдаңдар.

Ертегіде адам баласына зорлық-зомбылық жасап, әлімжеттік көрсететін күшке қарсы тұратын кейіпкерлердің образы – шынайы өмірде болмаған қиял-ғажайыптардың көрсеткіші. «Ер Төстік» ертегісіндегі қиял-ғажайыптар – ғылыми фантастиканың бастау көзі.

«Атса – мылтық өтпес, шапса – қылыш өтпес», «қабырғасында қаяу жоқ, омыртқасында буын жоқ» батырлар; «ұшқан құстың қанаты күйетін, жүгірген аңның табаны күйетін» жер түбіне «темір етігінен теңгедей қалатын, темір асасынан тебендей қалатын» ауыр сапар; ең сақ құс сауысқанның құйрығын сездірмей алып, бірінікін біріне ауыстырып кигізетін Сиқыршы; екі аяғына қазандай екі қара тасты байлап алып, аң жүйрігі – киіктерді матап жүрген Желаяқ; жердің асты-үсті мен алыстағы, жақындағы хабарды түгел тыңдай алатын Саққұлақ; күш-қайраты бойына сыймай, алып тауларды көтеріп, орнын ауыстыра алатын Таусоғар – бәрі де, ғалым Қ.Жұмалиев айтқандай, «сонау ерте замандағы халықтың төтті қиялынан туған, ежелден арман еткен нәрселері. Халықтың тілегі, арманы: адамның табиғатты өзіне бағындыруы, адамның күшті болуы, оның қолынан не де болса келетін болуы болса, Ер Төстіктің образы – сол тілек пен арманның сәулесі».

(www.netref.ru/oulinama-adatpa.html)



Ойтүрткі

1. Қазіргі фантастикалық жанрдағы роботтарды ертегідегі қай кейіпкердің образымен салыстыруға болады? Себебін айтыңдар.
2. Қазіргі суперкөліктер мен дыбыстан жылдам ұшатын реактивті ұшақтар Желаяқтың бейнесін аша ала ма? Алып экскаваторлар, лазерлік телевизия мен радарлық аспаптар, ғаламтор желісі, т.б. ертегідегі қай кейіпкердің образына сәйкес келеді?



Әдеби тіл нормалары

Тыныс белгілері – жазуда ойды нақты, дәл, түсінікті етіп жеткізу, баяндалатын пікірді айқын білдіру мақсатында интонациялық, мағыналық, грамматикалық ұстанымға сай қолданылатын шартты белгілер.



Тіліміздегі тыныс белгілері сан жағынан онша көп емес, бірақ мағыналары, қолданылу орны жағынан алуан түрлі. Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

1. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...). Негізгі қызметі – даралаушы, бір ойды екінші ойдан даралап, бөліп тұрады.
2. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері: үтір (,), нүктелі үтір (;), қос нүкте (:), тырнақша (« »), сызықша (–), үтірлі сызықша (,—). Негізгі қызметі – ерекшелеуші, сөйлем ішіндегі белгілі бір сөзді не тіркесті басқаларынан ерекшелеп тұрады.

2. Мәтіндегі даралаушы және ерекшелеуші тыныс белгілерін тауып, топтастырыңдар.

– Әкең сені Бекторының жалмауызына беріп кеткен, сен менікі емессің, жалмауыздан біржола құтылып кел, – дейді Кенжекей.

– Әкем мені жалмауызға неге береді? – деп сұрайды Төстік.

– Нанбасаң, әкеңнен егеуіңді сұрап көрші, – дейді Кенжекей.

Ертеңіне ертемен тұрып Төстік:

– Егеуімді берші, әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, – дейді.

Ерназар сасыңқырап қалып, кісесін қараған болып:

– Қап, өттеген-ай, түнеугүні Сорқұдықтың басында бір талдың түбіне ат шалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой, – дейді...



Жазылым

3. Оқылым материалын негізге ала отырып, ертегілердегі фантастика мен қазіргі заманғы фантастика туралы түсініктеріңді «Т кестесіне» түсіріңдер.

Ертегілердегі фантастика	Қазіргі заманғы фантастика



Үй тапсырмасы

4. Оқылым мәтініндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін кестеге жазыңдар.

Үлгі:


Үтір	Нүктелі үтір	Сызықша	Қос нүкте	Тырнақша
		...қиял-ғажайыптар – ғылыми фантастиканың бастау көзі. (бастауыш пен баяндауыштың тұлғалас болуына байланысты)		

§79. Ғажайып ғаламшар



Оқылым

1. Мәтінді оқып, жазушы қиялынан туындаған болжамдар туралы, олардың болашақта жүзеге асу-аспау мүмкіндігі жайлы ой бөлісіңдер. Суреттен Шолпан ғаламшарын көрсетіңдер.



Шолпан жайлы кезінде айтылған көптеген болжамның да соншалықты қарапайым екендігі енді қызық сияқтанып отыр. Шолпан топырағын басып жүрген кез келген тұрғын жаңағы айтылған ғажайыптарды өз көзімен көріп жүр...

Адам баласы жердің құрты сияқты әрекет етеді. Қанша саналы, қанша айлалы, қанша ақылды болса да, табиғаттың бар жерін түртіп, үңгіп жатқаны. Мына өздері тіршілік етіп жүрген таудың асты да өзінше бір қала. Мұның астына арнайы теміржолмен құбыр арқылы түседі. Ал онан кейін кең дала тәрізді көрініс басталады. Шолпан – ғажайып ғаламшар. Адамдар о бастан-ақ «Жердің сіңлісі» деп бекер айтпаса керек-ті. Айтса айтқандай, ғаламшарды қоршаған әдемі бұлттар өзінің қозғалғыштығы, тарам-тарам болып бөлінгіштігімен ерекшеленеді...

Шадыман Жерде жүргенде Шолпан жайлы талай аңызды еститін. Талайын кітаптан оқыған. Енді өзінің сол Шолпан бетінде тіршілік етіп жүргеніне қиындықпен сенеді. Ол қазір кең аллеяның бойымен келеді. Бұл – Шадыманның күнделікті әдеті-тін. Мұндағы уақыт Жер ғаламшарымен бірдей. Онда да Алматының уақыты. Әйтпесе мұнда таң атып, күн батпайды. Екі жүз қырық тәулікте алмасатын тәулік кімді жалықтырмасын?! Бұл кезде Жерде табиғаттың

екі мезгілі өтеді. Күз болса, қыс келеді, қыс болса, көктем, жаз болса, қайтадан күз келіп жатады. Сондай мезгіл мұнда қолмен жасалған. Аллея, құмды дала, орманды дала, субтропикті аймақ – бәрі бар. Тек шектеулі ортада...

(Жүніс Сахиев)



Әдеби тіл нормалары



Тілдік қарым-қатынаста сөйлеуші алдына бір мақсат қояды. Ол бір ақпаратты жеткізуді немесе бір нәрсе жайлы сұрауды, біреуді іске қосуды мақсат етуі мүмкін. Сонымен бірге дәл сол сәттегі өзінің көңіл күйін, сезімін де білдіре алады. Сөйлеушінің осы күйін жазуда **тыныс белгілері** арқылы бейнелейміз.

Хабарлау мақсатынан туындаған сөйлемнің соңына нүкте (.), сұраулы сөйлемнің соңына сұрау белгісі (?), ерекше көңіл күйді білдіретін сөйлемнің соңына леп белгісі (!) қойылады.

- Сен фантастикалық шығармаларды оқуды ұнатасың ба?
- Әрине, жақында Жүніс Сахиевтің «Тіршілік ұясы» романын оқыдым.
- Жарайсың! Мен «Марстан шыққан жаңғырық» романын оқығанмын.

2. Мәтінде берілген ақпарат бойынша диалог жазыңдар. Диалогте сұрау мәніндегі және ерекше эмоциялы сөйлемдер болсын.

Ол бала кезден аспан денелерінің құпиясына қызығатын... Обсерваториясы жоқ шалғайдағы ауылда еңбек етіп жүрген жігіт осындай қызықты романды қалай жазған?! Мұндай кең құлашты шығарманы университет бітіргендер ғана жазады емес пе?.. Жазушы ғылыми-фантастикалық шығармаларын «Кеңістік көшпенділері» деп атаған. Бұл – оның ғылыми фантастикаға ұлттық тақырыпты әкелуі.



Жазылым

3. Қиял-ғажайып ертегілері мен ғылыми-фантастикалық шығармалардың айырмашылығын кестеге жазыңдар.

Қиял-ғажайып ертегілеріне тән сипат	Ғылыми-фантастикалық шығармаларға тән сипат



Үй тапсырмасы

4. Қосымша ақпарат көздерінен «Басқа ғаламшарда өмір болуы мүмкін бе?» деген сұраққа жауап іздеп көріңдер. Тапқан мәліметтеріңді өз пікірлеріңмен қорытындылаңдар.

§80. Шолпанның жұмбақ сырларын ашу



Оқылым

1. Мәтінді оқындар. Мазмұны бойынша ойларыңды ортаға салындар.

Жер ғаламшарына таң алдында да, кеш батарда да жарқырап көрініп тұратын ғажайып жарық жұлдыз – Шолпанды білмейтін адам баласы жоқ. Ол туралы талай аңыз тараған. Оның бәрі, бір ғажайып, арумен байланыстырылады. Қазақ халқы мұны Шолпан есімді қызға балайды. Жұлдыз – жұлдызымен, аңыз – аңызымен, ал сол ғаламшардың өзінде болып, бар ғажайыпты өз көзіңмен көргенге не жетсін!

Шадыман Жасамысұлының о бастағы арманы осы еді. Ол мектеп қабырғасынан-ақ ғарышкер болуды алдына мықтап мақсат етіп қойған. Адам шындап ниет етсе, тағдыр оны солай қарай жетелейді. Мектеп бітірген соң ол ғарышкерлер мектебіне түсті. Жер төңірегіндегі ғарыш қалаларында қызметін өтеді. Енді, міне, бір заманда аңыз бен арман болып қана көрінетін ғажайып ғаламшар – Шолпанның топырағын өз аяғымен басып, небір жұмбақ сырларын ашуда.

Шолпанның өз осінен екі жүз қырық тәулікте бір айналып шығатынын, бұлттарының қалыңдығын, мұндағы ортаның мейлінше ыстықтығын Жер тұрғындары о бастан білетін. Мұнда қаншама автоматты ғаламшарлық кеме келді?! Қаншама рет адам мінген кемелер келіп, ғаламшардың төңірегін ұзақ мерзім бойы айналып жүріп, күллі табиғатын суретке түсірді?! Барлық бет-бедерінің анық карталарын жасады. Онан кейін мұнда келіп қону, түрлі жұмыстар атқару басталды. Оған да талай уақыт болды. Бүгінде Шолпандағы таулар мен ойпаттар, қыраттар мен төбелер, әйгілі алып жыра, тағы басқадай орындар ешкімге таңсық емес. Тіпті Жердегілердің өздері де стереотеледидардан мұндағы небір ғажайып нәрселерді көріп отырса да, таң болмайды. Өйткені «Шолпанға кеме аттанды», «Шолпаннан кеме қайта оралды» деген қысқа хабарларды олар жиі естиді, жиі көреді.

(Жүніс Сахиев)



Ойтүрткі

1. Халықтың сұлу қыздың келбетін Шолпан жұлдызға теңеуінің себебі неде?
2. Шолпанның жұмбақ сырын ашатын күн туа ма?



Тыңдалым және айтылым (28)

2. Мәтінді тыңдап, ғылыми фантастикадағы кейіпкерлердің ертегі кейіпкерлерінен айырмасын айтындар.



Әдеби тіл нормалары



Үтір – сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгісі. Үтір сөйлемдегі сөздерді немесе сөз тіркестерін бір-бірінен бөлу, ерекшелеу үшін қолданылады.

Үтірдің қойылатын орындары:

1. Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер жігінде. Мысалы: *Үні сондай ашық еді, естіген адам таңғалатын.*
2. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасында. Мысалы: *Талап, еңбек, терең ой...*
3. Оқшау сөздерге байланысты. Мысалы: *Бабамыздың үнісің сен, домбыра.*
4. Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан. Мысалы: *Оларға, дала қырандарына, еркіндік керек.*
Төл сөзден кейін. Мысалы: *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», – деді Абай.*

3. Оқылым мәтініндегі үтірлердің қайсысы қай ережеге сай қолданылғанын анықтап, топтастырып жазыңдар.

Үлгі: Адам шындап ниет етсе, тағдыр оны солай қарай жетелейді (құрмалас сөйлемге байланысты).



Жазылым

4. Оқылым материалының ғылыми фантастика екенін дәлелдейтін деректерді анықтап, кестеге жазыңдар.

Деректер	Дәлелім



Үй тапсырмасы

5. Төмендегі мәтінге қойылмай қалған үтірді қойып жазыңдар. Үтірдің не себепті қойылғанын анықтаңдар.

Ежелгі Грекияда қозғалатын 7 дене туралы айтып кеткен. Олар: Күн Меркурий Венера Ай Марс Юпитер және Сатурн. Жер бұл тізімге қосылмады себебі ежелгі гректер Жерді «тіршіліктің ортасы» деп есептеген. Алайда XVI ғасырда Николай Коперник Жер емес керісінше «Күн ғаламшарлар жүйесінің орталығы болуы керек» деген шешімге келді. Сондықтан тізімнен Күн мен Айды алып тастап орнына Жерді қосты.

(<http://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu>)

§81. Шолпанға көшкен ауыл



Оқылым

1. Мәтінді оқып, өзара ой бөлісіңдер. Мәтінді ауызекі сөйлеу стилінде әңгімелендер.

Есмұхан шектеулі табиғаттағы тіршілікті біраз қызықтаған соң, Шадыманның хал-жағдайын білмек болып, оған видеотелефон соқпақ ойға келді де, кенеттен ол ойынан айныды, саусағының астындағы түймені баспастан, қайта тартып алды. Содан соң әдетінше айнаға тағы бір қарап алып, асханаға тартты.

Таудың астындағы киіз үй пішіндес жасалған үлкен ортаның ішкі жағына соғылған осы ғарышкерлер үйінің пішіні де қызық еді. Мұнда бәрі бар. Бір жағынан қараған адам үлкен киіз үйдің ішінен тігілген үй көргендей болар еді. Алайда Жердегі киіз үйден айырмасы көп. **Біріншіден**, бұл үйдің материалы басқа, мықты тастан жасалған. **Екіншіден**, ішкі жағы суытылған. **Бір ғажабы**, мұнда Жердегі сияқты жылу жүйесін жүргізудің қажеті жоқ. Үйдің төбесі тұсынан Шолпанның бес жүз градустық ыстығы білініп тұрады. Мұндағы ең басты нәрсе – тоңазытқыш. Онсыз күн жоқ. Егер бөлмелерде тоңазыту жүйелері болмаса, адамның өмір сүруі қиын. Бөлменің үш жағы жылытылғандай етіліп, үйге тән сәнделгенімен, олардың ара-арасымен суыту жүйелері өтеді. **Қысқасы**, сол жүйелер іске қосылғанда, іште тамаша жағдай орнайды. Температура да он сегіз бен жиырма үштің арасында болады. Ылғалдылық та отыз бен алпыс пайыздың шегарасынан аспайды. Жер жағдайынан басты ерекшелік осы еді.

(Жүніс Сахиев)



Ойтүрткі

1. Мәтіннің стилі, тақырыбы, құрылымы, тілдік ерекшеліктері бір-бірімен байланысты екенін қалай дәлелдеуге болады?
2. «Шектеулі табиғат» тіркесінің мәнін қалай түсінесің?
3. Мәтінде Шолпан мен Жер ғаламшарларының ерекшеліктерін дәлелдейтін қандай деректер бар?



Әдеби тіл нормалары

2. Оқылым мәтіндегі үтірдің неліктен қолданылғанын топта талқылаңдар. Қою қаріппен жазылған сөздерден соң үтірдің не себепті қойылғанын түсіндіріңдер.



Артық болмас білгенің

1. Сатурн ғаламшарын өте үлкен бір суға салса, ол жүзіп жүрер еді. Себебі оның тығыздығы судың тығыздығынан аз.
2. Сіз жарықтың жылдамдығымен ұша алсаңыз, біздің галактиканы айналып шығу үшін сізге 100 000 жыл қажет болар еді.
3. Орион шоқжұлдызының сол жағында орналасқан «Бетельгейзе» атты жарық жұлдызды Күннің орнына қойса, ол Жерді, Марсты және Юпитерді жұтып кетер еді. Оның диаметрі Күннен 1000 есе үлкен. Ғалымдардың болжамынша, ол 2–3 мың жылдан кейін жарылуы тиіс. Екі айға созылатын қуатты жарылысты Жер бетінен ешбір құралсыз-ақ көруге болады.
4. Жарық Күннен бізге дейін 8 минут жүріп келеді, яғни, біздің дәл қазір көріп тұрған Күніміз – осыдан 8 минут бұрынғы Күн. Ол 4 минут бұрын жарылып кетсе, біз оны дәл сол сәтте білмес едік.
5. Күн жүйесіндегі барлық ғаламшардың салмағынан Юпитердің салмағы ауыр.
6. Күннің салмағы бүкіл Күн жүйесі денелерінің салмағының 99,86% -ын құрайды. Қалған 0,14% -ы ғаламшарлар мен астероидтарға тиесілі.



Деңгейлік тапсырма

3. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген сөйлемдердегі үтірдің қойылу себебін түсіндіріңдер.
 - 2-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген сөйлемдерді оқылым мәтінімен салыстырып, айырмашылығын «Т кестесіне» түсіріңдер.
 - 3-деңгей. Осы мәліметтер туралы сұхбат құрып, сезімдеріңді эмоциялы сөйлемдермен беріңдер. Сұхбатты жазып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.



Үй тапсырмасы

4. Төменде берілген ғылыми болжаммен танысып, «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Шолпан – Күнді сағат жүрісіне қарама-қарсы бағытта айналатын жалғыз ғаламшар. Бұған бірнеше жорамал бар. Соның бірі – ғалымдардың пікірінше, бұрын Шолпанның бетіне ірі астероидтар соқтығысып, оны кейін қарай айналдырып жіберген.

§82. Шолпандағы өмір



Оқылым

1. Мәтінді түсініп оқып, ғылым мен техниканың болашақта қол жеткізер табысы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.



Шолпандағы өмір осындай ортада өтіп жатты... Шолпан – ғажайып ғаламшар.

...Оның шағылыстырғыш қабілеті, Жер атмосферасына қарағанда, әлдеқайда күшті. Күн сәулесінің жетпіс бес пайызы кері шағылысады. Қалған жиырма бес пайызы ғана бұлтты жарып өтіп, Шолпанның бетіне жетеді. Ғаламшардың бетінен жоғары қарай санағандағы ең төменгі бұлт қабаты ерекше қызады. Оның температурасы бес жүз градус ыстыққа дейін жетеді. Сыртқа шыққан адам өзін бейне бір монша буында тұрғандай сезінер еді.

Онда да арнайы скафандр кигенде. Ал былайша шыдау мүмкін емес. Моншадағы жүз елу градус ыстықтың өзі де адамды көдімгідей шаршатып тастамай ма?! «Жерде жүргенде терлейтін бу іздеп әуре болушы едік. Мұнда ешқашан от жақпай-ақ пора-пора терге түсесің», – деп бір-біріне әзілдейді геологтер. Осындай ыстық климаттың салдарынан таудың астын паналауға тура келген.

(Жүніс Сахиев)



Әдеби тіл нормалары

Сызықша – функцияға бай тыныс белгісі. Сызықшаның негізгі қызметтері:

1. Бөлуші. Бастауыш тобындағы сөздерді есім баяндауыш тобындағы сөздерден бөліп көрсетеді. Мысалы: *Ортада отырған кісі – бұл елді бұрыннан білетін Жақаң.*
2. Ажыратушы. Сан есімнен болған бастауышты күрделі сан есімнен болған мүшеден ажырату қызметін атқарады. Мысалы: *Жүз жиырма – беске бөлінеді. Жүз – жиырма беске бөлінеді.*
3. Жинақтаушы. Бірыңғай мүшелерден кейін келіп, өзінің алдындағы мүшелердің мағынасын жинақтап тұрған жалпылауыш сөздің алдынан қойылып, сол сөзбен бірге жинақтау, топтау қызметін атқарады. Мысалы: *Алпамыс, Қобыланды, Ер Сайын – бәрі де байдың жалғыз балалары. (Р.Бердібай)*
4. Айқындаушы. Ыңғайлас, шарт мәнді, жалғаулығы түсірілген қарсы мәнді құрмалас сөйлемдерде қойылғанда, іс-әрекеттің не тез орындалғанын, не қарсы мәндес сөйлем екенін білдіреді. Мысалы: *Іс бітті – қу кетті. (Абай)*



5. Ықшамдаушы. Етістік баяндауыштар түсіріліп, ойды ықшамдап берген сөйлемдерде ықшамдаушы қызмет атқарады. Мысалы: *Барлық жақсы – балаларға.*

2. Көрсетілген үлгі бойынша сызықша қоя отырып, сөйлемдерді өзгертіп жазыңдар.

Үлгі: Шолпан жұлдызының қозғалысы бақыланған уақыт – 2006–2008 жылдар аралығы.

Шолпан жұлдызының қозғалысы 2006–2008 жылдар аралығында бақыланған болатын. Сол кездегі мәліметтерге сүйенсек, Күн жүйесіндегі екінші ғаламшардың жүрісі бұрынғыдан да баяулай түскен. Ғалымдар: «ғаламшардың шабандауының себебі оның қартаюынан болуы мүмкін» деп тұжырымдағанды.

(<http://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ulymdar/2279/>)



Артық болмас білгенің

Ғарыш туралы қызықты мәліметтер

Күн сәулесі Жерге 8,5 минутта жетеді.

Ай Жерден 80 есе жеңіл.

Күнге ең жақын орналасқан ғаламшар – Меркурий, ал ең үлкені – Юпитер.

Күн жүйесіндегі ең ыстық ғаламшар – Шолпан.

Жерден құралсыз қарағанда көрінетін ғаламшар – Уран.

Меркурийдегі жарты тәулік (күндізгі уақыт) жердегі бір жылдан екі есе ұзақ.

Біз Андромеда галактикасының 2,3 миллион жыл бойы жүріп келген жарығын көреміз. Біздің көріп тұрғанымыз – ол галактиканың 2,3 миллион жыл бұрынғы көрінісі.



Жазылым

3. Ғарыш туралы қызық мәліметтерді пайдалана отырып, адамзатқа белгісіз ғаламшарлар туралы фантастикалық әңгіме жазып көріңдер. Сызықшаның қойылу себебін анықтандар.



Үй тапсырмасы

4. «Шолпан жұлдызы» тақырыбында шағын ғылыми-фантастикалық хабарлама немесе шағын әңгіме жазыңдар. Жазба жұмысының стиліне сәйкес терминдер мен тұрақты тіркестерді пайдаланыңдар.

§83. Марстан шыққан жаңғырық



Оқылым

1. Мәтінді оқындар. Көркем туынды фантастикаға құрылғанымен, ғылыми деректердің нақты өмірден алынғанын дәлелдеңдер.



Тұрғындар Қызыл ғаламшарды көбіне «Екінші Жер» деп атайды. Мұнда да Жердегі сияқты екі жылы, екі суық белдеу бар. Сондай-ақ жыл мезгілдері де өтіп жатады. Тек айырмасы мынада: мұндағы әрбір мезгіл екі есе ұзақ. Бұл – Марстың Күнді айналып шығу мерзіміне байланысты. Жермен салыстырғанда, Күннен 1,52 есе қашық болғандықтан, мұндағы жыл 687 Жер тәулігіне созылады. Жерде екі жыл өмір сүріп, екі жасқа келген бала мұнда бір жасар інісін кездестіреді.

Тек жас қана емес, мұндағы көп нәрседе өзгешелік бар. Жермен салыстырғанда, Күннен жылуды

Марс 2,3 есе аз алатындықтан, мұнда өте суық. Марстың полярлық аймағында қыс мезгілінде температура жүз жиырма градусқа дейін төмендейді.

Негізінен, ғаламшар табиғаттың әсем көріністеріне кедей. Дегенмен Жерден адамдардың келіп қоныстануы, биосфералар орнатуы, қолдан көл мен теңіз жасауы мұндағы ылғалдылықты арттыра түскен.

Екі Марс серігінің бар екені бесенеден белгілі. Оларды адамдар Жерде өмір сүргенде көре алмайтын. Енді екеуі олардың төбесінде жүр. Фобостың кратерлері қарайып-қарайып көрінеді. Жарықтығы жағынан Фобос толған кезінде Айдың төрттен біріндей ғана. Ал Марсты айналып шығу жылдамдығы Жер серігінен жылдам. Фобос бір тәуліктің ішінде Марсты үш реттен аса айналып шығады. Бір айналымы 7 сағат 39 минутқа созылады. Ал Деймостың жағдайы басқаша. Ол жай көзге Жерден қарағандағы Шолпан сияқты жарқырап көрінеді. Деймос Марсты 30 сағат 18 минутта айналып шығады.

...Қызыл ғаламшардағы осындай құбылыстың бәрі тұрғындарға үйреншікті болып кеткен. Ол тек Жерден жаңадан келген адам үшін ғана таңсық. Расында, алғаш келгенде үйренісу өте қиын. Тәуліктің ұзақтығы, атмосфераның сиректігі, екі бірдей Марс серігінің аспанда қалықтап жүруі оның көңілін үнемі бөлуден болады. Біраз күннен соң бұл ортаға үйрене бастайды. Сөйтіп, Күн жүйесіндегі төртінші ғаламшарда тіршілік жалғасып жатады...

(Жүніс Сахиев)



Әдеби тіл нормалары



Қос нүкте (:). Қос нүктенің сөйлемдегі басты қызметі – сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету.

1. Санамалай айтылатын бірыңғай мүшелердің алдында келген жалпылау мәнді сөздерден кейін қос нүкте қойылады. Мысалы: *Қазақ тәлімінде мына мәселелерге мән беріледі: ата-аналарға мейірімді болу, ешқашан ренжітпеу.* (Ө.Жапарұлы)
2. Құрмалас сөйлемнің бір сыңары жалпылауыш мәнді, қалғандары соның мәнін ашатындай түсіндірмелі қатынаста құрылған болса, алғашқы сөйлемнен соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Қазір жайлаушылардың дені екі жерге жиналған: бір жиын Аман отырған көп ауылда, енді бір жиын Шәкен аулында.* (Ғ.Мұстафин)
3. Төл сөзден бұрын келген автор сөзінен кейін қолданылады. Мысалы: *Үш әжей Отырар топырағын ақ жібек матаға тұмар етіп орап: «Қайда жүрсең де, туған топырағының қасиеті желеп-жебеп жүрсін», – деп мойныма тақты.* (М.Шаханов)
4. «Мысалы», «атап айтқанда», т.б. қыстырма сөздерден соң оның мәні ашылатын сөздер мен сөйлемдер айтылатын болса, аталған сөздерден соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Сан есім заттың санын білдіреді. Мысалы: екі алма, бес кітап, т.б.*
5. Санамалап берілетін ойды ықшамдап бергенде, қос нүкте қойылады. Мысалы: *Сын есімнің түрлері. Құрылысына қарай: дара, күрделі; мағынасына қарай: сапалық, қатыстық.*

2. Оқылым мәтінінен қос нүкте қойылатындай етіп бірнеше сөйлем жазыңдар. Қойылу себебін түсіндіріңдер.



Жазылым

3. Өзге планетада өмір сүрудің пайдасы мен зиянын өз қиялдарың бойынша санамалап жазыңдар. Қос нүктені қолдануды ескеріңдер.



Ізденімдік тапсырма

4. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор материалдарынан Марс ғаламшары туралы мәлімет жинаңдар. Қысқаша мәтін жазып, қандай стильге жататынын дәлелдеңдер.



Үй тапсырмасы

5. Мәтінді өз қиялдарыңмен жалғастырып жазып көріңдер.

«Қызыл жұлдыздың» белгілі болғаны қашан? Қазақ мұны «Қызыл ғаламшар» десе, ежелгі римдіктер соғыс Құдайының атымен «Марс» деп атаған. Енді, міне, осы ғаламшарды адамзат елі жайлап келеді...

§84. Ғылыми-фантастикалық идеялар



Оқылым

1. Мәтінді оқып, негізгі ойды табыңдар. Тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Ғылыми фантастиканы сүйетін оқырман шығарманы түсіну үшін ғылыми жаңалықтардан хабардар болуы тиіс. Содан келіп ғылымға құштарлық туады. Күні кеше ғана ғылыми-фантастикалық ойды толық түсінуге мектеп физикасы мен химиясы жетіп жататын. Бүгінде Гейзенбергтің белгісіздік қағидаларынан, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясының негізгі идеяларынан, кварк, тахион және де осы тәріздес көптеген нәрседен хабардар болу керек. Фантастиканың бұл жағы үйретушілік, ұмтылдырушылық, ғылыми мәліметтер беру сияқты қабілетті шыңдайды.

Фантастикалық шығармалардағы ғылым «таза» оқымыстылардың өзін де қызықтырады. Өйткені белгісіз статистиктердің есептеуінше, Жюль Верннің 108 ғылыми-фантастикалық идеясының 61-і жүзеге асқан, 34-і қағида бойынша жүзеге асуы мүмкін, тек қана 10-ы қате болып шыққан. Сондай-ақ Герберт Уэллстің 86 идеясының 9-ы ғана, ал Александр Беляевтің 50 идеясының үшеуі ғана қате екен, Алексей Толстойдың «Инженер Гариннің гиперболоиды» романының алғашқы басылымдарына редакция ғылыми тұрғыдан: «Гиперболоид идеясы теория жүзінде іске аспайды», – деп түсініктеме берген. Соңғы қырық-елу жылдың ішінде физикада ашылған сүбелі жаңалықтардың бірі саналатын лазерлер Толстойдың қиялынан туған гиперболоидтің «ізбасары» екені даусыз.

Мұндай жағдайларды ғылыми фантастиканың тарихы көптеп санап бере алады...

(Абдулхамит Мархабаев)



Ойтүрткі

1. Ғылыми фантастикадағы көптеген идеяның шындық өмірде жүзеге асу себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. Ғылыми-фантастикалық шығармаларды ұнатасыңдар ма?



Сұхбат

2. Оқылым мәтіндегі негізгі мәселелерді «Аквариум» әдісімен қарастырыңдар. Жауаптарыңды салыстырыңдар.



Әдеби тілдің нормалары

3. Берілген мәтіндегі тыныс белгілердің қойылу себебін кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Үтір	Сызықша	Қос нүкте	Тырнақша
	<i>Кемшілігі сол – бағасы қымбат.</i> (Алғашқысында айтылған ойдың мәні кейінгі сөйлемде түсіндіріліп тұр)		

Гипертопса

...Илонның ендігі ойға алған **шаруасы** – қоғамдық көлік саласын **жаңғырту**. Илон Маск осыдан **жарты жыл уақыт бұрын** ультражылдамдыққа ие қалааралық көлік жүйесін **құру туралы** идеясын **жария етті**. Жолаушыны Сан-Францискодан Лос-Анджелеске **небәрі 35 минут ішінде жеткізеді-мыс**. Гипертопсаның құрылымы былай: жерге нық орнатылған бағаналардың үстімен құрыш түтік жүргізіледі. Түтік ішінде алюминий капсулалар болады. Капсулалар сағатына **1200 шақырым** жылдамдықпен қозғалады. Ішінде адам отырады. Басты артықшылығы сол – Күн сәулесімен қуаттанады. Кемшілігі сол – бағасы қымбат. Масктің есептеуінше, Гипертопса құрылысының **бірінші** кезеңіне **70 млрд АҚШ доллары жұмсалады**. Бұл – тек болжам ғана. Тіпті **100 млрд АҚШ долларынан астам шығын кетуі** де мүмкін. Сыншылар жүйенің **құны** тым қымбат екендігін алға тартып қана қоймай, өте «әлжуаз жүйе» деген баға берді. Тіпті кейбіреулері «жылдамдығы баяу» дегенді де айтып қалды. Әйтсе де жоспар **жүзеге асырылып жатыр**. Болжалды дүниеге қатысты болжам – осы.

(<http://kerekinfo.kz>)



Жазылым

4. «Гипертопса» мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді синонимдерімен алмастырып, мәтінді ауызекі сөйлеу тілімен қайта жазып шығыңдар.



Үй тапсырмасы

5. Берілген мәтіндерде дауысты дыбысқа аяқталған сөздерге үндестік заңына байланысты қандай жалғаулар жалғанғанын анықтаңдар. Тұжырым жасаңдар.

Үлгі: фантастика+ны.

Жуан дауысты дыбысқа аяқталған сөзге -ны табыс септік жалғауы, яғни, үндіден басталатын жуан қосымша жалғанып тұр.

§85. Ғылыми фантастиканың алғышарттары



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңдар.

Жан жұмбағы

Түнгі жортуылында жер иіскеп те, иіс сезіп те, ізге түсіп те емес, аспандағы мың сан жұлдыздарға бір көз тастап жол табатын түлкі секілді жыртқышқа қайран қалмасқа еш шара жоқ. Сондай-ақ тиіндер жаңғақ пен пісте шағудан, өрмекші өрмек тоқудан, қарлығаш лай түйіршігі мен шөптен бір шетіне кірер тесік жасап, шар іспетті кең ұя жасаудан, қара қоңыз артқы аяқтарымен сиыр жапасын домалатып ұлғайтудан қолы шебер адамнан да асып түседі. Таулы, далалы жерді мекен ететін қояндар жаздың айлы түндерінде адамша екі аяғына тұрып, шыр көбелек айналып, би билейді.

Су беті мен тереңіндегі тіршілікке үңілсек, одан да небір дыбыстар мен адам әрекетіне ұқсайтын түрлі әрекеттерді байқаймыз. Балық атаулының ақылдысы – дельфиндер су тереңінде үнемі топтанып, кейде қатар түзеп жүзеді. Ауыз қуыстарынан шығарған дыбыстарының затқа шағылысып қайтуынан олар алдында не барын анықтайды. Дельфиндердің кей қылықтары адамның іс-әрекеттеріне жақын, көп нәрсені түсінеді. Естіген дыбысын қайталауға талпынатын дельфиндер де бар.

Америка ғалымдары Гранвильдегі ескі бақ үңгірінен бет-әлпеті адамның бейнесінен аумайтын, қанаттылар отрядына жататын жарғанатты тапты. Оның терісі адам терісіне ұқсас. Кісіден сескенуді де, қашуды да білмейді. Қайта ол адамға жақындай түсуді ұнатады. Американың белгілі зоологі, профессор Ричард Клемент бұл ғажайып тіршілік иесімен тез түсініскен. Арнайы зертханаға әкеліп, кең бөлме ішіне еркіндікке жібергеннен кейін, жарғанат өзін жайлы сезініп, ұшу барысында иесіне қайта-қайта жақындап, тіпті адамша езу тартқан. Ал әлденеге ренжіген кезде бет-әлпеті әжімденіп, қабағы түйілген. Ол кең бөлмеде бейберекет ұшпайды: үйдегі әрбір затқа жақын ұшып барып, оған тұмсығын тақап «зерттейді». Тағы бір ерекшелігі – көздері өте өткір, көргіш, даусы мейлінше ашық. Рентгендік түсірілімдер оның бас сүйегінің де адам бас сүйегіне ұқсас екенін, миының үлкен жартышарында адамдікіндей көптеген ми қыртысы бар екенін көрсеткен. Осының негізінде ғалымдар оның ақыл-ойының да адам ақыл-ойымен теңесетінін тұжырымдап отыр. Ғажайып жаратылыс иесі бірде профессордың кітаптан дауыстап оқыған сөздерін адамның анық даусымен қайталап айтып шыққан. Оның осындай тамаша қабілеттеріне қарап, «қанатты адам» деуге де негіз туындайды.

(Жүніс Сахиев)



Әдеби тіл нормалары



Тырнақша (« »). Тырнақшаның мағынасы да, қызметі де алуан түрлі.

Тырнақшаға алынатын сөздер:

1. Төл сөздер мен дәйексөздер, мақал-мәтелдер: *«Ұлық болсаң – кішік бол», – дейді дана халқымыз.*
2. Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы-қарар аттары: *«Мәңгілік Ел» идеясын кеңінен насихаттап, ұрпақ жадына сіңіруге, орнықтыруға тиіспіз.*
3. Ойға тірек етіліп отырған сөздер мен сөйлемдер, жеке дыбыстар тырнақшаға алынады: *Кереге құрайтын ағаштарды «желі» деп атайды.*
4. Кекесін, әжуалау, мысқылдау мағынасында қолданылған сөздер мен сөйлемдер тырнақшаға алынады: *Қоян «батыр» қорыққаннан зыта жөнелді.*

2. «Жан жұмбағы» мәтініндегі тырнақшаның қызметін түсіндіріңдер.



Тыңдалым және айтылым

3. «Әлем қызықтары» бейнежазбасын (<https://www.youtube.com/watch?v=-OYR5cT7Mlo>) тамашалап, мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.



Жазылым

4. Оқылым мәтініндегі автор көзқарасына қатысты өз пікірлеріңді «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдеп жазыңдар.
1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»
2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»
3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»
5. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдерімен ауыстырып, шағын мәтін жазыңдар.



Үй тапсырмасы

6. Ғаламтор мен энциклопедиялардан ізденіп, ғылыми фантастиканың алғышарттары болатын жұмбақ құбылыстар, ғажайып аң-құстар туралы қысқа мәтін жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылу заңдылықтарын түсіндіріңдер.

§86. Ғылыми фантастика жазған қаламгерлер



Оқылым

1. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша күрделі жоспар құрындар.

Ғылыми фантастикамен шұғылданғандардың көбі ғылымның бір саласын нақты игерген адамдар болып шығады. Ақжан әл-Машаниді алайық. Геология ғылымының ірі маманы, профессор. Шәмшидин Әбдіраман – техника ғылымының кандидаты, педагогика ғылымының докторы. Жүніс Сахиев – КСРО Ғылым академиясы астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі. Басқалары да солай кете береді. Бұдан ғылыми фантастика жазу үшін жалғыз жазушылық талант жеткіліксіз екеніне көзіңіз жетеді. Ғылыми фантастикаға қалам тартушылардың көрінбей жатқаны да осыдан болар. Ғылыми фантастика – расында да, өте күрделі жанр. Құрғақ қиялмен алысқа бара алмайсың. Ғылыми идеяң дәл қазір болмаса да, болашақта жүзеге асатындай шындыққа сай болмаса, оқырманды иландыруың қиын.

Сонымен, болашақта фантастика жанры ғылымилықтан ажырап, біржола мистикаға көше ме? Тап басып айту қиын, әрине. Көбіміздің «ғылыми фантастика» дегенді тек жұлдызды әлеммен, ғарышқа барумен, өзге өркениет әлемінен ұшып келетіндермен шектеп қоятынымыз да бар. Біздіңше, тек күллі адамзатқа ортақ нәрселерге еліге бермей, қазақтың ұлттық тақырыптарына да батыл бару керек сияқты. Өткен тарихымыздың өзі, біле білсек, бүгінде фантастикаға айналды ғой. Сонда, бәлкім, қазақ фантастикасының күні қайта туар.

Осындайда қазақ ғылыми фантастикасында жұлдыздай ағып өткен Шоқан Әлімбаевтың романдары орыс тілінде жазылса да, қазақ дәстүрін қозғауымен құнды екені ойға оралады. Ең күрделі тақырыптарға, адамның миының ұңғыл-шұңғылдарына үңілген жазушының шығармалары кезінде орыстілді оқырмандардың қызығушылығымен қатар қызғанышын да тудырған. Бұл орайда оның «Данышпандық субстанциясы», «Данышпандық альфасы», «Данышпандық формуласы» ғылыми-фантастикалық триптихтерін айтып отырмыз.

Қазақстан Жазушылар Одағында фантастика секциясы жұмыс істегенімен, съезд мінбесінен сөз сөйлеген жазушы-фантасты өз басымыз көрмеппіз. БАҚ бетінен де фантастикалық әңгімелерді тауып оқу – қиынның қиыны. Осыған қарап, «қазақ фантастикасының күні біржола бітті» деуге болмас. Адам баласының арман-мақсаты, қиял кеңістігі таусылған ба?! «Мәңгі уылжыған жас күйімізде қалсақ, қартаймайтын дәрі ойлап тапсақ» деп жүргендердің де идеясы көкейкесті мәселе болып қала бермек. Не десек те, фантастарымыз санаулы болғанымен, фантастика жанры мәңгілік қой!

(Төреғали Тәшенов)



Әдеби тіл нормалары

2. Тырнақша қойылатын мысалдар ойлап жазыңдар. Мысалдар тақырыпқа қатысты болсын.

Тырнақша қойылатын орындар	Мысалдар
Төл сөздер немесе дәйексөздері бар сөйлемдер	
Газет, журнал, шығарма атауы бар сөйлемдер	
Ойға тірек етіліп отырған сөздері бар сөйлемдер	
Кекесін, мысқылдау мағынасында қолданылған сөздері бар сөйлемдер	



Деңгейлік тапсырма

3. Топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-деңгей. Оқылым мәтініндегі тырнақшалардың қойылу себебін түсіндіріңдер.
- 2-деңгей. Төмендегі мәтіндегі жақшаның қызметін анықтаңдар.
- 3-деңгей. Жақшаны пайдаланып, шағын мәтін жазыңдар.

1957 жылдан бері («Спутник-1» жасанды Жер серігі ұшырылғаннан кейін) адамзат баласы Жер орбитасына қаншама жасанды Жер серіктерін ұшырды?! Тек соның біреуі ғана («Олимп» Жер серігі) астероидпен соқтығысып, жанып кетті.



Жазылым

4. «Инсерт» әдісімен оқылым материалы бойынша қорытынды ойларыңды жазыңдар.

V (бұрыннан білемін)	+ (жаңа ақпарат)	– (менің ойлағанымға қайшы)	? (білгім келеді)



Үй тапсырмасы

5. Ғылыми фантастикада ұлттық тақырып бар ма? Қазақтың киіз үйі мен тұрмыстық заттарын, ұлттық тағамдары мен сусындарын, киім үлгілерін және т.б. қосып, шағын фантастикалық әңгіме жазып көріңдер.

Елді мекен ешкім иемденбеген, ешкім шегаралап алмаған бір даланы алып жатыр. Бүгінде мұнда өзгеріс көп. Күн өткен сайын құрылыс қосылып келеді. Құрылыс болғанда да, киіз үй тәрізді ғимараттар. Бұл пішін қай заманда да ыңғайлы болған... Бұл елді мекенді ғарыштан қараса, «Қазақ елі» деген жазуды көрер еді...

Тыңдалым мәтіндері

Тыңдалым (1)

Тұман – атмосфераның жерге таяу қабатына ұсақ су тамшыларының немесе мұз кристалдарының жиналуы. Тұмандағы көріну қашықтығы оны құраушы түйіршік мөлшеріне және су жиынтығының шамасына байланысты. Физикалық заңдылық бойынша, тұман «суыну тұманы» және «булану тұманы» болып ажыратылады. Суыну тұманы өз кезегінде «жер бетінің радиациялық сууы нәтижесінде пайда болатын радиациялық тұман» және «жылы ылғалды ауаның құрлық немесе су үстінде сууынан пайда болатын адвективті тұман» болып бөлінеді. Тұман көлік қатынасына үлкен бөгет жасайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарында, химиялық өндірісте, жылу техникасында, әскери істе жасанды тұман пайдаланылады.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұман>)

Тыңдалым (2)

Көшеді бұлттар...

Көшеді бұлттар, көшеді бұлттар, көшеді,
 Қоштасар қимай көк аспан – өлең-төсегі.
 Көшеді бұлттар көкжиектерді бетке алып,
 Көшеді бұлттар, көшпелі ғұмыр кешеді.
 Көшеді бұлттар, көшеді бұлттар жөңкіле,
 Көшкен бір зулап қап-қара бұлттар дерті не?
 Көшеді алыс, асықты қайда, – білмеймін,
 Көшеді бұлттар қоймастай Төңір еркіне...
 Көшеді бұлттар жұлдыздар сынды үзілген,
 Көшеді бұлттар сағым боп елес түзілген.
 Көшеді, өне, аттанып суыт бейуақта,
 Келте бір ғұмыр танытып кейпін жүзінен.
 Көшеді бұлттар, ызыңдап жел де еседі,
 Көшеді бұлттар қайтқан бір жандай меселі.
 Аңғартып мынау жанталас тірлік жалғанын,
 Қашқандай болып қоп-қою бұлттар көшеді...

(*Ғалым Әріп*)

Тыңдалым (3)

Ақ ұлпа қар

Ақ ұлпа қар қылаулап,
 Жауады жанды баурап.
 Алаңсыз асыр салып,
 Келеді-ау алғым аунап.

Ақ ұлпа қар – көбелек,
Жауғаны сән керемет!
Жер бетін жатыр, міне,
Ақ қанат әнге бөлеп.

Ақ ұлпа қарда менің –
Балалық бал дәуренім.
Қарға ұқсап кетер едім,
Жетсе егер әл-дәрменім.

(Қалқаман Сарин)

Тыңдалым (4)

Жылқы жануарына қатысты ауа райы болжамдары

Қазақта үй жануарларының әрекеттерін бақылау негізінде қалыптасқан ауа райына қатысты көптеген болжамдар бар:

- Жылқылар топтасып, жүйткіп, кісінеп ойнақтаса, шапқыласа, «кешікпей боранды жауын не қарлы борасын болады» деп біледі;
- Жылқылардың жүні үрпиіп, жайылуға зауқы жоқ болса, біраздан кейін күн суытып, ауа райы бұзылады...

Тыңдалым (5)

Арал

Ей, Табиғат – құпия арман-ғалам!
Құпияңа сан ғасыр таңданды адам.
Шағалалы шалқары жанды арбаған,
Тартқан талай балығын тарлан бабам.

Жағалауын тербеткен самал майда,
Аппақ айдын – баяғы Арал қайда?!
Арал қайда?
Тағдыры – жұт па?
Сордың
Жылымына шым батқан адамдай ма?

Неткен жаза!
Не үшін зауал мұндай?
Зауал келсе, астамдық ауар құмдай.
Арал-айдын тартылып бара жатыр,
Енді егіздей теңізден далам жүрдай.

(Фариза Оңғарсынова)

Тыңдалым (6)

Көшпенділік

Жауына жоқ жерден тиіп, заматта ғайып болып, үнемі ат үстінен түспей үйренген көшпелі елдің жігіттері соғысқа әбден үйренген, ұзақ жорықтарға шыныққан жаужүрек жауынгерлер еді. Бұлардың негізгі қаруы – садақ, иықтарына ілгені – жебеге толған қорамсақ, қисық алдаспан және жау мойнына лақтыратын қыл арқан. Көпшілігі найза ұстайтын. Үнемі ұшы-қиыры жоқ

жазық далада көшіп жүретіндіктен, дала бүркіттеріндей қырағы жаралған. Жауға бұлардан жасырынып қалу тіпті мүмкін емес-ті. Жау әскерін көрісімен-ақ, бұлар жебені қардай боратып, ат қоятын. Қарсы жағы берік болса, қорқып кеткендей жорта кейін шаба жөнелетін. Қашқан қыпшақтарды жауы оп-оңай қуып тастамақ боп тұра ұмтылса, бір жасырын қойнауда тығылып тұрған мергендері оларды оқтың астына алатын. Жаңа ғана қашып келе жатқан қыпшақтар кенет аттарының басын кейін бұрып, қайтадан атой салатын. Мұндай тәсілге үйренбеген жау әскері быж-тыж болып қаша жөнелетін. Оларды қыпшақтар арттарынан қуып жүріп садақпен атып не болмаса болат алдаспандарын құлаштай сермеп, қырып салатын.

(Ілияс Есенберлин «Көшпенділер»)

Тыңдалым (7)

Киіз үй жабдықтары

Киіз үй берік ағаштан жасалады. Киіз үй сән-салтанатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, қара үй (3 қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты уақытша пайдалануға немесе шаруашылыққа бейімделген үй түрлері болады. Олар: «қос», «күрке», «кепе», «итарқа», «жаппа», «ас үй», «қалқа» деп аталады.

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын!» деген тілек осыдан қалған. Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық, ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік, киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті, киелі мүлкі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді.

(«Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» энциклопедиясынан)

Тыңдалым (8)

Халық шеберлері

Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұратын өнер туындысы.

Ұста – темірден заттар жасайтын шебер.

Зергер – асыл тастардан, алтын, күмістен әшекейлер жасайтын шебер.

Тігінші – киім тігетін шебер.

Етікші – аяқкиімдер тігетін шебер.

Үйші – киіз үй сүйектерін жасайтын шебер.

Өрімші – қайыстан ат өззелдерін жасайтын шебер.

Ерші – ер шабатын, шеберлер тілімен айтқанда «ер қосатын» адам.

Ағаш шебері – ағаштан заттар жасайтын шебер.

Тоқымашы – тоқыма бұйымдарын жасайтын шебер.

(Сейіт Кенжеахметұлы)

Тыңдалым (9)**«Ұлытау» тобы**

2001 жылы құрылған «Ұлытау» этно-рок тобы – отандық және әлемдік заманауи музыка саласындағы жаңалық. Топ музыканттары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Нұрғиса Тілендиевпен қатар шетелдік Бах, Вивальди, Паганини сияқты ұлы композиторлардың шығармаларын ерекше құлшыныспен және ынтамен орындауы арқылы көзге түсті. «Ұлытау» тобының ерекшелігі сол – олар орындаған шығармалардан дала желінің ұйытқуы сезіліп, күн көзіне күйген шөптің иісі аңқиды, төкаппар, сәнді жылқылардың желісі байқалады, қатал жүзді ақсақалдар мен әдет-ғұрыптардың арбаушы сиқыры елестейді. Бұл өнерді «World Music» деп те атауға болады. «Ұлытау» тобы – домбыра, гитара, скрипка – үшеуінен шығар әсем әуенді бір арнаға тоғыстыра алған топ.

(«Екпін» мәдени-танымдық журналынан)

Тыңдалым (10)**Денсаулықтың достары**

Адамға ең қажеттісі – денсаулық. «Денім сау болсын!» десең, денсаулықтың достарын біліп қой!

Денсаулықтың достары – таза ауа мен күннің сәулесі. Денің сау болу үшін таза ауада, күн шуағының астында көбірек жүру керек екенін ұмытпа.

Денсаулықтың тағы бір досы – тамақ. Адам күш-қуатты тамақтан алады. Тамақты асықпай, дұрыстап шайнап жеу керек. Дұрыс шайналмаған ас асқанға зиян келтіреді.

Адам еңбегімен қадірлі. Денсаулықтың тағы бір досы – еңбек. Жалқау, жатаған адамға ауру үйір болады.

Жылдың төрт мезгіліне лайықты киініп жүр. Аурудың көбі суықтан да болатынын ұмытпа.

Денсаулықтың достарының бірі – тазалық. Ас ішердің алдында міндетті түрде қол жууды ұмытпа. Бау-бақша өнімдерін жумастан жеме. Өйткені жуылмаған жеміс-жидек жұқпалы іш ауруларын туғызады.

(sc0027.atbasar.akmoedu.kz/.../view/45A608FFBEA1D748/?...)

Тыңдалым (11)**Денсаулыққа пайдалы тағамдар**

Сәбіз бен орамжапырақтың, қызылшаның құрамында көз көруін жақсартып, теріні қалыпқа келтіретін бета-каротин бар. Ол көрілікті тежеп, асқазан жұмысын жақсартады.

Балық құрамында ағзаға қажетті барлық элемент бар. Оның құрамындағы антиоксиданттар қимыл-қозғалыс координациясын жақсартып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Сүт құрамындағы ақуыз тырнақ, шаш, сүйектердің қатайып, мықты болуына әсер етеді. Сүтте бар элементтер айранда да бар. Сондай-ақ айран

ағзадағы зат алмасу жүйесін жылдамдатады. Айранды кешкі уақытта ішкен пайдалы.

(<http://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/2782/>)

Тыңдалым (12)

Түймедақ гүлінің қабынуға қарсы, антисептиктік қасиетті бар. Ол өттің айдалуына, төбеттің ашылуына ықпал ете алады. Оны өт жолдарына тас байлану, тікішек, асқазан жарасы ауруларына, аллергияға пайдаланса, емі нәтижелі болады.

Соңғы жылдары дамыған елдерде сырқаттанған адамдардың көбі табиғи жолмен алынған дәрілерді көбірек қолдана бастаған.

(<https://ds03.infourok.ru/uploads/.../00023b36-516115d2.do>.)

Тыңдалым (13)

Есірткінің зияны

Есірткінің ерекшелігі сол – бір рет дәмін татқаннан кейін адам оған әуес болып қалады. Міне, адамдардың нашақор болу себептерінің бірі сонда жатыр. Наша саудасымен айналысатындар «бір рет дәмін татсаң немесе иіскесең, шексең, нашақор болмайсың, қиындықтардың барлығын ұмытасың» деген арбау сөздерімен нашақорлық жолына тартады. Ал қиындықтан аз уақытқа болса да «қашып кетемін» деп ойлап, есірткінің дәмін татқан адам нашақор санатына қосылғанын білмей қалады.

Нашақордың жасы ұзаққа созылмайды. Өкпесі қабынады, бронхит, одан өрі өкпе рагі дамиды да, адам өлімге дайындалады. Есірткінің бауыр мен жүрекке, өкпеге кері әсері бар, ми да зардап шегеді. Миға кері әсерінің салдарынан адамның есте сақтау қабілеті нашарлап, ұмытшақ болады...

(<ref.lecture.in.ua> /Есірткінің адам ағзасына әсер етуі...)

Тыңдалым (14)

Екі дос

Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде қазақтың екі жауынгері төс қағысып, дос болады.

Бірде әскер бір өзеннің бойында қос тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Малдарын тартып алып, мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыға апаруын өтінеді. Ол жаудың қолбасшысына:

– Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбастап берер мал-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол – өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін менің өмірімді алыңдар, – дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:
 – Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады, – дейді.
 – Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.
 – Маған сенің көздерің керек? – дейді қолбасы, – екі көзіңді ойып аламын.
 – Ол да болсын! Көзімді ал да, досымды тезірек босат! – дейді.
 Жігіт бұл сыннан сүрінбей өтеді.
 Өлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын салып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.
 Мұны көрген қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады», – деп ой түйеді. Сөйтіп, өз әскерлеріне шегінуге бұйрық беріпті.
 (<http://topreferat.com.kz/ar-tyrli/10814-dos.html>)

Тыңдалым (15)

Жетіген туралы аңыз

Ерте кезде ауылда бір қария тұрады. Оның жеті ұлы болған. Бір жылы қатты жұт болып, адамдар ас-ауқатсыз қалады, қарияның үйіне де қайғы орнайды. Аштықтан үлкен ұлы – Қания өлгеннен кейін қария кепкен ағаштың бөлігін алып, оған ішек салып, тиек қойып, «Қарағым» күйін орындайды, Төралым деген екінші ұлы өлгеннен кейін, екінші ішек тартып, «Қанат сыңар» деген күй шығарды, үшінші ұлы – Жайкелдіге ол «Құмарым» күйін, төртінші ұлы – Бекенге «От сөнер», бесінші ұлы – Хауасқа «Бақыт көпті», Жұлзарға «Күн тұтылды» атты күй шығарады. Ең кіші ұлы – Қиястан айырылған қария жетінші ішекті тартып, «Жеті баламнан айырылып, құса болдым» атты күй орындайды.

Бұл әуендер бізге күй-пьеса түрінде «Жетігеннің жетеуі» деген жалпы атпен жеткен. «Жетіген» атауы екі сөзден тұрады: «жеті және ән» деген ұғымды береді.

(<https://everything.kz> Халық қазынасы)

Тыңдалым (16)

Домбыра, сенде мін бар ма?
 Мінсіз болсаң – тіл бар ма?
 «Тіл жоқ» деуге бола ма
 Тілден анық үн барда?!
 Домбыраның күші мол,
 Көмейінде күй барда.
 Сылдыр-сылдыр
 Сар қамыстан
 Төгілді жыр,
 Өрді алыстан.

Домбыра

Келді жақын сең қағысқан,
 Үн шыққандай жолбарыстан.
 Тұншыққандай өлді арыстан,
 Ат шапқандай,
 Жер қайысқан.
 Сыңғырлады әсем күй,
 Қоңыр Балқаш желімен
 Сылдырады қамыстай.
 Бірде жуық жеделдеп,
 Бірде сарын алыстай.

Бірде жерді су басты
Сел қаптаған дабыстай.
Бірде жерді шу басты
Ұрандаған жарыстай.
Бірде адақтап ақты күй
Ағалаған дауыстай.

Бңыранып қалды домбыра
Қамыстағы барыстай.
Күй шерінде ішек тартты,
Күй найзасы қылтылдап.
Құлақ түпте жүрегі
Қояр ма екен шанышпай?

(Ілияс Жансүгіров)

Тыңдалым (17)

Өнер-білім бар жұрттар

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.
Білгендерге осылар
Бөрі-дағы анықтай,

Білмегенде танықтай.
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер – жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

(БІбырай Алтынсарин)

Тыңдалым (18)

Блог дегеніміз не?

Сөздің этимологиясынан бастасақ, «блог» ағылшынның «web log», яғни, «желі журналы» сөзінен пайда болған. Блог – онлайн жүргізілетін автордың жеке көзқарасымен жазылған ой, шағын әңгіме не күнделік. Қарапайым сөзбен айтсақ, «блог» дегеніміз:

- хронологиялық тәртіппен жазылып, үнемі жаңартылып отыратын «желі журналы» немесе «онлайн күнделік»;
- қысқаша жазба, түсініктеме, мағлұматтар, бейнежазбалар немесе суреттер, сілтеме, түсінік және тағы басқалардан тұратын жазба;
- қоғамда, айналаңызда болып жатқан кез келген жайтқа жеткізген ойыңыздың, сезіміңіздің формасы;
- журналистиканың онлайн және азаматтық түрі.

(<http://kerekinfo.kz/blog/12720.html>)

Тыңдалым (19)

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіләлемдік ғаламтор желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиян. Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды. Сондай-ақ компьютер алдында қозғалыссыз көп отыру мойнына тұз бен суықтың жиналуына және де жамбас сүйектің үнемі қозғалыссыз қалуы қабыну мен тоқ ішектегі тамырдың кеңеюіне өкеп соғады.

Ресейлік ғалымдардың айтуынша, бүкіләлемдік шырмауық-торда экстремистік және террористік сипаты бар қырықтан астам сайт жұмыс істеп тұр. Ал оның жастарымыздың ой-санасы мен дүниетанымын теріс жолға бағыттап, оларды қылмысқа азғыратыны мәлім.

(www.info-tses.kz/red/article.php?article)

Тыңдалым (20)

Төле бала бірде Әнет бабаға барыпты.

Жасы жүзге келіп отырған Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырып: «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» – деп сұрайды да, бір бума солқылдақ шыбық алдыртады.

– Балам, мынаны сындырып көрші! – дейді.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп, сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы?

Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді.

Әнет баба:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

– Түсіндім, баба. Бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, «бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады» дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың! Ел билеу үшін, алдымен, елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың? – Ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі – осы, – депті.

(www.inform.kz/kz/anet-baba-kishikuly_a2187471)

Тыңдалым (21)**Тілімізді ардақтайық**

АҚШ Конгресінің кітапханасы халықаралық ISO-639 стандарты бойынша дәл қазіргі уақытта дүниежүзінде 7048 тіл барын анықтаған. Зерттеушілердің пайымдауынша, екі апта сайын жер бетінде бір тіл жойылып отырады екен. Дэвид Хариссонның «Тілдер қалай өледі?» атты кітабында жер бетіндегі өсімдіктердің 8% -ы, сүт қоректілердің 18% -ы, ал тілдердің 40% -ы жойылу қаупінде екендігін атап көрсеткен. Тіл құбылысын зерттеуші

ғалымдардың пікірінше, алдағы жүз жылдың ішінде қазіргі тілдердің 3000-нан астамы біржолата келмеске кетеді екен. Тілмен бірге оны дүниеге әкелген ұлт та бүкіл ұлттық болмысынан айырылып, біртіндеп тарих сахнасынан орын босатады.

Ендеше, барша руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты тірегі – тілімізді өшіріп алмайық!

(«Ана тілі» газеті, 29 шілде, 2010)

Тыңдалым (22)

Қазақ осы – айтатұғын елге сыр,
О, ағайын, халық емес ол кесір.
Қазақ осы – аңғал-саңғал жабусыз,
Қазақ осы – ағыл-тегіл, көл-көсір.
Қазақ осы – «Дала» дейтін, «Күн» дейтін,
Қазақ осы – «Өнер алды – тіл!» дейтін.
Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба – жатырқауды білмейтін.

(Қадыр Мырза Әлі)

Тыңдалым (23)

Бейбітшілік және келісім сарайы

«Әлем уақыттан қорқады, ал уақыт пирамидалардан қорқады» деген ескі мәтел бар. Шынында да, олардың қарапайым пішіні мен көлемі біздің ойымызда бұл ғимараттардың мықты, бұзылмас келбетін елестетеді. Дегенмен жуық арада, 2006 жылы, кейбіреулер «Әлемнің сегізінші кереметі» деп атап кеткен тағы да бір пирамида қосылды. Әңгіме Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайы жайында.

Бұл ғимарат Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу үшін арнайы салынды. Мұнда 1500 орындық концерттік зал, конференц-залдар, көрмелер орналасқан. «Хеопс Атриум» залы өзінің көлемімен таңғалдыратын «Астананың 2030 жылға дейінгі бас жоспарын» сыйғыза алған. Сарайдың ең жоғарғы қабатында «Бесік» залы орналасқан. Залды айнала орналасқан «Қысқы бақта» дүниежүзінің әртүрлі өсімдіктері өсірілген. Пирамиданың төбесі 130 көгершін бейнесі бар үлкен шыны күмбезбен көмкерілген. Бұл көгершіндер – Қазақстан халықтарының нышаны.

(emirsaba.org/metodicheskoe-posobie-po-razyasnениyu-patri...)

Тыңдалым (24)

Соңғы 20 жылдың ішінде тұрмысымызда көп оң өзгерістер болды. Жыл сайын еңбек ету жағдайымыз жақсаруда. Жаңа мәшинелер мен технологиялар адам еңбегін жеңілдеті түсуде. Адамдардың жеке көлігі көбейіп, қоғамдық транспорт дамуда. Халықтың көпшілігі барлық жағдайы жасалған үйлерде тұрады. Ағаш жарып, пеш жағып жатқан жоқпыз. Ал электр көмекшілеріміз ше? Үйімізді шаңсорғыш тазартады, киімді мәшине жуады, етті

электрлік еттартқыш турайды. Қысқасы, күш-қуат жұмсауымыз жылдан-жылға азайып барады. Ал тамағымыз ше? Біз неғұрлым құнарлы тағамдарды: етті, майларды, көгөністерді, жемістерді көп пайдаланатын болдық. Нәтижесі қандай болады деп ойлайсыңдар? Семіздіктің себебі бола ала ма?

(suhbat.bozbala.com/kz/forum.php?mod=viewthread&tid...)

Тыңдалым (25)

Бірде композитор, суретші және аспаз өзара адам сезіміне кімнің күшті әсер ететіні туралы айтысыпты...

Аспаздың кезегі келгенде: «Менің қолымда не әуен, не сан алуан бояу жоқ. Бірақ адамның дәмдік сезімдеріне әсер ету арқылы адам өміріне ләззат сыйлайтыныма сенемін», – деген екен.

Тыңдалым (26)

Қандай ет пайдалы?

– Сәлеметсіз бе? Бұл – Қазақ тағамтану академиясы. Сізді тыңдап тұрмыз.
– Сәлеметсіз бе? Біз А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектептен хабарласып тұрмыз. Бізге сіздердің кеңестеріңіз қажет болып тұр.

– Иә, айта беріңіз.

– Біз, 7-сынып оқушылары, сыныпта «Сүр ет пайдалы ма, жас ет пайдалы ма?» деген мәселені талқылап, бір шешімге келе алмадық. Сіздер бізге көмектесіңдер ме?

– Жақсы. Сендерге көмектесуге біз әрқашан дайынбыз. Олай болса, мұқият тыңдаңдар!

Сүр еттің құрамындағы нәрлілік жас еттің нәрлілігінен сегіз есе жоғары болады. Сондықтан ата-бабаларымыз көбіне ас-ауқатына сүр етті пайдаланған. Салыстырып көрсек, жас етке қарағанда сүрленген етте холестерин мөлшері 2–2,5 есе аз болады. Оның үстіне сүр етте ақуыз, кальций, фосфор, мырыш тәрізді адам ағзасына қажетті минералды заттар көп. Сүр етте болатын дәрумендер адам ағзасына өте зор күш-қуат береді. Қазір «етті сүрлеу» дегенді қала қазақтары мүлде ұмытты. Ал кептірілместен, сүрленбестен, бірден тоңазытқышқа салынған еттің дәрумендері азаяды да, тағам құнарлылығын жояды. Сондықтан сүрленген етті пайдаланған дұрыс.

– Өте жақсы ақпарат алдық. Сізге көп рақмет! Сау болыңыз!

– Хабарласып, кеңес сұрағандарың үшін біз де қуаныштымыз. Сау болыңдар!

(<http://emirsaba.org/mazmni-kirispe>)

Тыңдалым (27)

Соғыс – сойқан

Қараңғыда көрген жоқ оны ешкім де,
Келе жатты ұрланып соғыс түнде.
Келе жатты ол қап-қара бүйі болып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстінде.

Келе жатты ол қан сасып үсті-басы,
Күн сәулелі егіннің үстін басып.
Жалғыз көзді обаған жалмауыздай,
Келе жатты ол ысқырып, ұшқын шашып.

Келе жатты ол мың-миллион қабірімен,
Освенцимнің от шашқан тамұғымен.
Танкпенен таптады көгершінді,
Шегіршінді қопарды тамырымен.

Соғыс қиып өмірін жігіттердің,
Махаббатын ұрлады қарындастың.
Өлді олар еш қызық көре алмады,
Жер бетіне жас дәнді себе алмады.

Олар өлді, «Тек аспан сау болсын», – деп,
Олар өлді, «Туған жер бар болсын» – деп.
Олар өлді, «Ақ арман сөнбесін», – деп,
Олар өлді, «Өзгелер өлмесін», – деп.

Олар жұтқан ауаны құлатпадық,
Олар жыртқан даланы жылатпадық,
Олар өліп кеткенмен, өлмейтұғын
Даңқыменен Берлинде бір аттадық.

(Сырбай Мәуленов)

Тыңдалым (28)

Ғылыми-фантастиканың кейіпкерлері кімдер?

– Ғылыми-фантастиканың кейіпкерлері де ойдан шығарылған ба?

– Иә. Ғылыми-фантастикалық шығарма ғана емес, шынайы саналатын кез келген шығарманың сюжеті, негізінен, ойдан туындайды. Ал ғылыми-фантастиканың өзіне сай талабы, ғылыми идеясы болады. Ойдан алынған кейіпкерлер – сол идеяны шығармада жүзеге асырушылар. Сондықтан ғылыми-фантастикалық шығарманы ертегі, аңыздан бөлек қарастырамыз.

1957 жылы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани алғаш рет «ғылыми-фантастикалық шығарма» деген айдармен «Жер астына саяхат» деген шығармасын жариялады.

(<http://www.aktobegazeti.kz/?p=14306>)

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 1: Адам. – Алматы, 2009.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 2: Табиғат. – Алматы, 2013.
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3: Қоғам. – Алматы, 2013.
7. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2007.
8. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2003.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994.
10. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
11. Қалжанова Ж. Қазақы жүрек қағысы. – Алматы, 2014.
12. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-эссе. – Астана: «Фолиант», 2008.
13. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: «Мектеп», 1976. – 156 б.
14. Төрежанов М. Әңгімелер. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 30 б.
15. Қайырханова А. Өнерлі балалар (әңгіме). «Өзін-өзі тану» оқулығы (3-сынып).
16. Жансүгіров І. Таңдамалы, – Алматы, «Ан Арыс», 2009. – 320 б.
17. Менің алғашқы энциклопедиям. Балаларға арналған ғылыми-көпшілік басылым. Құраст.: А.Ү.Сужикова, Ф.С.Лекерова, М.Қ.Солтанғазина. – Алматы, 2013.
18. Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырған Ж.Мұса. – Алматы, 2008.
19. Ахметова З. Тілашар. http://dk.kz/kuttiktau-show_655
20. Мұстафин Ғ. Жақсы дәстүр жайында. Алматы, 1972.
21. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. Алматы, 2015.
22. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
23. «Мөлдір бұлақ» жас зиялыларға арналған танымдық журнал. Алматы, 2015, №1–5
24. Әлемде талай қызық бар: ғажайып құбылыстар энциклопедиясы. Ред. Б.Аяған. – Алматы, 2006.
25. Сәтімбеков Р. Қызықты биология. – Алматы, 2011.
26. Жылқыбай М. Тауға саяхат. Әңгімелер жинағы. – Алматы, 2008.
27. «Балаларға базарлық» энциклопедиясы. Құрастырған Б.Жұматаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.

Электрондық қорлар

1. <http://el.kz/m/articles/view/content>
2. cpm.kz/ru/blogs/?page=...
3. <https://infourok.ru>
4. <http://www.altyn-orda.kz>
5. <http://massaget.kz>
6. <http://www.balalaralemi.kz>
7. <http://makala.kz/ruhaniat/>
8. <http://islam-shalkar.kz/>
9. <http://kitap.kz/audiobook>
10. <https://www.youtube.com/watch?>
11. <http://bnews.kz/kz/news/>
12. balapan.kaztrk.kz/
13. <https://kaztube.kz/video>
14. <https://kaztube.kz/audio>
15. <http://qazaqsha.kz/articles>
16. <http://ustazbol.kz/>
17. <http://aitaber.kz/blog>
18. <https://www.info-tses.kz>
19. <https://www.twig-bilim.kz>
20. ikaz.kz/zhaz-turaly-shygarma
21. <http://adebiportal.kz/>
22. <http://malimeter.kz/Sunt,omnistintquasconectur?>

Мазмұны

Алғы сөз	3
I АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР	4
§1. Тұманның пайда болуы	4
§2. Желдің пайда болуы	6
§3. Бұлт. Жаңбыр.....	8
§4. Боран.....	10
§5. Қар.....	12
§6. Ауа райына қатысты қазақ халқының танымы	14
§7. Климаттың өзгеру себептері.....	16
II КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ	18
§8. Көшпенділік	18
§9. Көшпенділердің атбегілік өнері	20
§10. Киелі киіз үй	22
§11. Қолөнер – зор өнер.....	24
§12. Көшпенділердің музыка өнері	26
§13. Көшпенділердің киім ерекшеліктері.....	28
§14. Төрт құбыла – төрт түлік.....	30
§15. Көшпенділердің уақыт пен өлшемді анықтау белгілері.....	32
III ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ	34
§16. Ең басты байлық.....	34
§17. Иммуитет	36
§18. Дәрігермен сұхбат.....	38
§19. Денсаулыққа пайдалы тағамдар	40
§20. Дәрілік шөптердің денсаулыққа пайдасы	42
§21. Дәрумендер – денсаулық кепілі.....	44
§22. Ағзаның дабылы.....	46
§23. Денсаулыққа зиянды әдеттер.....	48
IV СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ	50
§24. Достық дөнегі	50
§25. Достықты сақтаудың жолдары.....	52
§26. Сүйіспеншілік – тіршіліктің негізгі тірегі.....	54
§27. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік.....	56
§28. Сүйіспеншілік – сағыныш.....	58
§29. Сүйіспеншілік – жаны ашу, аяушылық.....	60
§30. Дос таңдай білу	62
§31. Достық, татулық – өмірдің қызығы.....	64
V МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ	66
§32. Музыка және классикалық туындылар туралы түсінік	66
§33. Қазақ музыка өнерінің арналары	68
§34. Қазақ музыкасы	70

§35. Қазақтың дәстүрлі әндері	72
§36. Қазақтың опера жанры	74
§37. Ғасыр бұлбұлы.....	76
§38. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары	78
§39. Қазақтың киелі домбырасы.....	80
§40. Күй анасы – Дина	82
VI ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР	84
§41. Бүкіләлемдік ғаламтор желісі.....	84
§42. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған.....	86
§43. Қазақстанда ғаламтордың пайда болуы	88
§44. Әлеуметтік желілер	90
§45. Ең көп қолданыстағы желілер.....	92
§46. Компьютердің адам ағзасына әсері және ғаламтордың зияны.....	94
§47. Ғарыш пен ғаламтор	96
§48. Ғаламтор және кітап	98
§49. Ғаламтор және мен.....	100
VII ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ	102
§50. Қазақстан халқы Ассамблеясы	102
§51. «Мәңгілік ел: бір ел – бір тағдыр»	104
§52. Тұрақтылықтың басты кепілі – татулық пен келісім	106
§53. Қос бәйтерек достығы	108
§54. Ұлт бірлігінің басты факторы	110
§55. Мың алғыс саған, қазақ халқы!.....	112
§56. Тілі басқа болғанмен, тілегі бір	114
§57. Ұлттар достығының ұйытқысы.....	116
§58. Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі	118
VIII ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР	120
§59. Тамақтану мәдениеті.....	120
§60. Дұрыс тамақтану қағидасы	122
§61. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.....	124
§62. Сүт өнімдерінің пайдасы.....	126
§63. Нанның ерекшелігі.....	128
§64. Ет – негізгі азық	130
§65. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер	132
§66. Фастфуд тағамдарының зияны.....	134
IX ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ	136
§67. Отан үшін от кешкендер.....	136
§68. Шығыстың қос шынары.....	138
§69. Ұшқыш – Талғат Бигелдинов.....	140
§70. Соғыс жылдарындағы Қазақстан	142
§71. Дара тұлға – Бауыржан Момышұлы.....	144
§72. Панфиловшылар ерлігі.....	146
§73. Ұшқыш қыз – Хиуаз Доспанова.....	148

§74. Партизан – Қасым Қайсенов	150
§75. Ер ел үшін туады... ..	152
§76. Ардагерлерімізді ардақтайық!.....	154
Х ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА	156
§77. Ғылыми фантастика туралы.....	156
§78. Ертегілердегі ғылыми қиял арналары	158
§79. Ғажайып ғаламшар	160
§80. Шолпанның жұмбақ сырларын ашу.....	162
§81. Шолпанға көшкен ауыл.....	164
§82. Шолпандағы өмір.....	166
§83. Марстан шыққан жаңғырық	168
§84. Ғылыми-фантастикалық идеялар	170
§85. Ғылыми фантастиканың алғышарттары	172
§86. Ғылыми фантастика жазған қаламгерлер	174
Тыңдалым мәтіндері.....	176
Пайдаланылған әдебиеттер	187

Оқулық басылым

**Ермекова Тыныштық Нүрдәулетқызы
Ильясова Нағима Әбзелбекқызы
Тоқтыбаева Гүлжанат Бураханқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық**

Оқулықта depositphotos.com лицензиясы бойынша иллюстрациялық материалдар пайдаланылды.

Суретшілері	А.Айтжанов, А.Хакимжанова, О.Подопригора, С.Пернебаева, Е.Овсянникова, Ә.Төлебиев, Д.Қдыров, Е.Игнатенко
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Мұқабаның дизайні	В.Бондарев
Беттеген	Л.Костина

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 20.06.16 берілді. Басуға 22.06.17 қол қойылды. Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20.16. Таралымы 30000 дана.

Артикул 707-003-001к-17